


ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ
АЙМАҚТАРДЫҢ АУЫЛДАРЫ:
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ
ПРИЗМАСЫНДА



СЁЛА ПРИРОДНЫХ
РЕКРЕАЦИОННЫХ ЗОН:
В ПРИЗМЕ ЭКОЛОГИИ
И ТУРИЗМА



УДК 316.334.55/56
ББК 60.59
С 29

Авторлық ұжым:

Илеуова Гүлмира, әлеуметтанушы, әлеуметтану ғылымының кандидаты
Симакова Ольга, әлеуметтанушы, әлеуметтану магистры
Мұхамедиев Азат, әлеуметтанушы, әлеуметтану ғылымының магистры
Нұрахметова Светлана, экономист

С29 Табиғи рекреациялық аймақтардың ауылдары: экология және туризм призмасында. – Алматы: «Әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы «Стратегия» қоғамдық қоры, 2022. – 190 бет.

ISBN 978-601-06-8921-3

Кітапта Қазақстандағы туристік-рекреациялық аймақтардың жергілікті қауымдастықтарын зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Туризмнің жеделдетілген дамуы жағдайында табиғи рекреациялық аймақтардағы ауылдардың шаруашылық жүргізуі, экономикалық дамуы және экологиялық ахуалының қалыптасқан тәжірибелерін зерделеуге басты назар аударылады.

Зерттеу Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілік қолдауымен орындалған «Ауыл тұрғындарының әлеуметтік экологиялық тәжірибелерге қамтылуы (табиғи рекреациялық аймақтар мысалында)» жобасы аясында жүргізілді.

Кітап әлеуметтанушыларға, экологтарға, қонақжайлылық саласындағы мамандарға, сондай-ақ Қазақстандағы эко-туризмді қоса алғанда, туристік бағытты дамыту мәселелерін шешумен айналысатын мамандарға пайдалы болуы мүмкін.

УДК 316.334.55/56
ББК 60.59

Басылым Роза Люксембург қорының Орталық Азиядағы өкілдігінің демеушілігімен Германияның Экономикалық ынтымақтастық және даму федералды министрлігінің қаржысына шағарылды. Басылымның мәліметтерін үшінші тұлғалар түпнұсқа басылымына сілтеме болған жағдайында ғана пайдалана алады.

Басылым сатылуға арналмаған және тегін таратылады

ISBN 978-601-06-8921-3

© ОФ «ЦСПИ «Стратегия», 2022

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ РОЗА ЛЮКСЕМБУРГ ҚОРЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

«СТРАТЕГИЯ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ЗЕРТТЕУЛЕР
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

**ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ
АУЫЛДАРЫ: ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ
ПРИЗМАСЫНДА**

Алматы, 2022 ж.

«Стратегия» әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығы» Қоғамдық қоры осы жобаның идея ретінде пайда болып, жүзеге асырылуына тура және жанама түрде ықпал еткендердің барлығына өзінің ризашылығын білдіреді.

Ең алдымен, біз жобаны жүзеге асыруға демеушілік қолдау көрсеткен Орталық Азиядағы Роза Люксембург Қорының Өкілдігіне өз алғысымызды білдіреміз, бұл Қордың қолдауынсыз біз Қазақстанның әртүрлі облыстарындағы үш рекреациялық аймаққа барып, бізге қажетті материалдарды жинай алмас едік. Жобаның алғашқы кезеңінде зерттеу мәселелерін талқылауға аса қызығушылық танытқан және пікірлері зерттеудің түпкілікті міндеттерін айқындауда көп көмегі тиген Өкілдіктің жетекшісі Марлис Линкеге жеке алғыс білдіреміз.

Сонымен қатар біз өз аймағына шынайы қамқорлық танытып, бізге аталмыш жобаның идеясын ұсынған Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Имантау ауылының тұрғындарына өз құрметімізді білдіреміз.

Біз зерттеуіміздің табысты жүзеге асқаны үшін оған қатысқандардың барлығына, біздің сауалнамаларымыздың сұрақтарына жауап беруден бас тартпағандарға, бізбен кездесіп, туристік кластерді дамыту жағдайында өздерінің ауылдарындағы өзгерістер мен болашағы жайлы сұхбаттасып, өзінің қорқыныштарын, үмітін білдіру үшін жұмыс уақытысының арасында уақыт таба білгендерге қарыздар екенімізді әрқашан ұмытпаймыз. Баянауыл, Саты және Имантау ауылдарындағы зерттеу қатысушыларына біз «көп рақмет» айтамыз!

Сондай-ақ сөз соңында біз жобаның әрбір кезеңінде бізге моральдық қолдау танытқан, зерттеу нәтижелерінің алғашқы оқырманы ғана болып қоймай, сонымен қатар оларды талқылауға белсенді түрде атсалысқан өзіміздің әріптестеріміз, жас саясаттанушылар Расул Қоспанов пен Мәди Омаровқа өз алғысымызды білдіреміз. Біздің зерттеу экспедицияларына шыққан кезімізде кеңседе жоқтығымызды білдірмей, қажет болған жағдайда бізге көмектескендері үшін оларға ризамыз.

The “Strategy” Center for Social and Political Research Public Foundation extends its gratitude to all who directly or indirectly influenced the fact that this project appeared as an idea and was implemented.

Firstly, we want to extend our gratitude to the Representative Office of the Rosa Luxembourg Foundation in Central Asia for sponsorship and supporting of our project within which we could visit to three recreational locations in different regions of Kazakhstan and collect necessary materials. We would like to specially thank Marlies Linke, head of the Representative Office, who showed genuine interest in discussing research issues from the beginning of the project and helped with comments to finalize the survey objectives.


We also want to express our respect to residents of Imantau, Aiyrtau district, North Kazakhstan region, who, gave us the idea of this project in sincere concern for their region.

We will always thank everyone who contributed to the success of our research, who agreed to answer our questionnaires, who could find time in their work schedule to meet with us and talk about changes and prospects of their villages in conditions of development of the tourism cluster, to express their fears, hopes and expectations. We thank all respondents in the villages of Bayanaul, Saty and Imantau.

And, finally, we would like to express our gratitude to our colleagues Rasul Kospanov and Madi Omarov, our young political scientists who gave us moral support at every stage of the project, who not only became the first readers of the research results, but also actively participated in their discussion. We are grateful to them for being our backs in the office when we went on research expeditions and helping us when needed.

МАЗМҰНЫ	5
КІРІСПЕ	7
1. Жобаның негіздемесі	7
2. Зерттеудің әдіс-тәсілдері	12
ТАРАУ 1. ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚ АУЫЛДАРЫ:	13
ҰҚСАС ӨМІР САЛТЫ, ӘРТҮРЛІ КӨҢІЛ-КҮЙ	
1. Табиғи рекреациялық аймақтардағы ауыл тұрғындарының әл-ауқаты	13
2. Тұрғындардың ауыл экономикасын, туризмі мен экологиясын бағалауы	16
3. Ауылдың экологиялық мәселелері және тұрғындардың оларды шешуге деген дайындығы	22
ТАРАУ 2. БАЯНАУЫЛ, ИМАНТАУ ЖӘНЕ САТЫ ЭКОЛОГИЯ	28
МЕН ТУРИЗМ ПРИЗМАСЫНДА	
1. Баянауыл ауылы: экология трендте	28
<i>Туризм мен ауыл экономикасы</i>	28
1.1. Баянауылдың туристік нысан ретіндегі тартымдылығы	28
1.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы	31
1.3. Экотуризмді дамыту мүмкіндіктері	34
<i>Жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибелері</i>	36
1.4. Қоршаған органы ластаған кім?	36
1.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері	37
1.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?	39
<i>Экология: өзекті мәселелер</i>	41
1.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен	41
1.8. Экологияға кім жауапты?	42
<i>Тұжырымдар 1.</i>	44
2. Имантау ауылы: жол айрығында	46
<i>Туризм мен ауыл экономикасы</i>	46
2.1. Имантаудың туристік нысан ретіндегі тартымдылығы	46
2.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы	50
2.3. Экотуризмді дамыту мүмкіндіктері	55
<i>Жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибелері</i>	57
2.4. Қоршаған органы ластаған кім?	57
2.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері және табиғатта өзін ұстау тәртібі	59
2.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?	62

<i>Экология: өзекті мәселелер</i>	63
2.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен	63
2.8. Экологияға кім жауапты?	64
<i>Тұжырымдар 2.</i>	66
3. Саты ауылы: туристердің «шабуылы»	67
<i>Туризм мен ауыл экономикасы</i>	68
3.1. «Көлсай көлдерінің» туристік нысан ретіндегі тартымдылығы	68
3.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы	70
3.3. Саты аулындағы экотуризмнің дамуы	74
3.4. Қоршаған органы ластаған кім?	76
3.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері	77
3.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?	78
<i>Экология: өзекті мәселелер</i>	82
3.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен	83
3.8. Экологияға кім жауапты?	84
<i>Тұжырымдар 3</i>	87
ҚОРЫТЫНДЫ	89



КІРІСПЕ

1. ЖОБАНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Өзекті саланы анықтау

Қазақстан экономикасы әртараптандыруды талап етеді. Ішкі туризмді дамытуға баса мән беретін туризм саласы мемлекеттік деңгейде танылған экономиканың келешегінен үміт күттіретін бағыттарының біріне айналып отыр.

Көбінесе Қазақстандағы рекреациялық аймақтар ауылдық жерлерді камтиды және шын негізінде, олардың экономикалық әл-ауқаты мен тұрақтылығының кепілі болып табылуы тиіс.

Еліміздегі рекреациялық және курорттық аймақтардың өзекті мәселерінің бірінің тәжірибесінде инфрақұрылымның нашар дамуымен қатар олардың экологиялық жағдайының қанағаттанарлықсыздығы, бұл ретте ең алдымен, көбінесе жергілікті тұрғындар санитарлық аймақтардың, коқыс жинайтын орындардың, апатты үйінділердің «кұрушысы» ретінде танылады.

Жергілікті тұрғындар өздерінің өз елдімекендерінің рекреациялық аймақтарды дамытуға тәуелділігін, ал екінші жағынан өзінің жауапкершілігі мен аймақтың туристер үшін тартымдылық кепілі ретіндегі экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысын қаншалықты дәрежеде сезінеді деген сұрақ туындайды. Экономикалық дәлелдер қоршаған ортаны сақтау маңыздылығын сезінуге, аймақтардағы әлеуметтік экологиялық тәжірибелерді өзгертуге әсер етуі мүмкін бе?

Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту бір уақытта және үш ортада өзара байланыста жүргізілуі тиіс:

- табиғи (табиғатты қорғау, ресурсты үнемдеу);

- әлеуметтік (әлеуметтік бағдарлар мен институттарды өзгерту);
- виртуалды (ғаламдық экологияға бағдарланған желілік қауымдастықты дамыту)¹.

Сонымен қатар жоба шаруашылық жүргізудің экологиялық принциптерін сақтауына қатысты ауыл тұрғындарының мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуге, тұрғылықты жері үшін экологиялық жауапкершілік деңгейін бағалауға бағытталған.

Мәселенің бұл тұжырымы көпқабатты және кешенді зерттеу тәсілдерін қажет етеді. Әдетте, кешенді зерттеулер әдістер мен әдістемелер жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады және зерттеу объектісінің сандық-сапалық сипаттамасын қамтиды.

Зерттеу нысаны мен пәні

М.Горшков пен Ф.Шерегидің пікірлеріне² сәйкес сол немесе басқа адамдар тобы қашанда мәселенің иесі болып саналады. Осы зерттеу аясында аймақтардың антропогендік ластануы мен қолайлы өмір сүру жағдайларын сақтау қажеттілігі сынды мәселелер орын алған туристік-рекреациялық аймақтардағы ауылдық қауымдастықтар мәселенің иесі ретінде болып есептеледі.

Мотивация теориясы бойынша қажеттілік дегеніміз бір нәрсенің физиологиялық немесе психологиялық жетіспеушілігі ғана емес, сондықтан да ол қандай да бір белгілі іс-әрекетке түрткі болады. Осы зерттеу аясында жергілікті қауымдастықтарға тән әлеуметтік және экологиялық тәжірибелерге, атап айтсақ, табиғи ортаға және олардың өмір сүру кеңістігіне қатысын танытатын экологиялық санаға, мінез-құлық түрткісіне, сондай-ақ қоршаған ортаны өзгерту мен түрлендіруге бағытталған іс-шараларға ерекше назар аударылады. Әлеуметтік-экологиялық тәжірибелер қоғамның мәдени жағдайы мен қоғамның даму деңгейін, адам мен қоғамның табиғи ортамен өзара әрекеттесу сипатының өзгерісін қамтамасыз ететін жеке және ұжымдық әрекеттердің жүйесі ретінде қарастырылады³. Атап айтсақ, тұрмыстық қалдықтарды пайдаға асыру мен сақтау, жергілікті тұрғындарды экологиялық іс-шараларға қатысуға тарту, әлеуметтік экологиялық тәжірибені таратуға байланысты кейсті зерттеу жоспарлануда. Заманауи қоғамдағы әлеуметтік экологиялық тәжірибе саяжайлық бау-бақша кооперативтерінің қарқынды дамуында, коттедж құрылысында, экологиялық туризмде, көгалдандыруда, қалалар-

¹ О.Н.Яницкий. Экомодернизация России: проблемы, концепции, решения.

² М.Горшков, Ф.Шереги. Прикладная социология: методология и методы. М., 2012г. – с.27.

³ М.В.Рыбакова. Социальные экологические практики как условие модернизации России// ж.Социально-гуманитарные знания, 2012, №6. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-ekologicheskie-praktiki-kak-uslovie-modernizatsii-rossii>

да қорық-парк аумақтарын, экомекендерді құруда, хайуанаттар әлеміне аса жауапкершілікпен қарауда көрініс табады, бұдан табиғат байлықтарын сақтау мен оларды арттыру қажеттіліктері мен табиғатпен қарым-қатынас орнату қажеттілігінің қайта жанданғанын байқауымызға болады. Алайда әлеуметтік экологиялық тәжірибелер жағымды және жағымсыз процестер бір-бірімен тығыз байланысты болатын қарама-қайшы құбылыс болып табылады. Соңғылары адам өмірінің барлық салаларында (экологиялық білім, білім беру, тәрбие мен мінез-құлық деңгейінің төмендігі) көрінетін экологиялық мәдениеттің төмен деңгейінде көрініс табады.

Заманауи әлеуметтік экологиялық тәжірибелерде құндылық ретіндегі табиғи ортаға деген жағымды қарым-қатынас іс-әрекеттің жеке және ұжымдық түрлерін қамтиды, әзірге олар жағдаяттық, нақышты сипатқа ие, олардың векторын өзгерту қажеттілігі шиеленісуде. Бұл процесс мемлекеттік билік органдарының, азаматтық қоғам субъектілері мен жергілікті тұрғындардың бірлескен күш-жігерін қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зерттеу нысаны ретінде туристік-рекреациялық аймақтардың жергілікті қауымдастықтары анықталынып алынды. Ал зерттеу пәні ретінде шаруашылықты жүргізудің орныққан тәжірибелерінің, экономикалық даму мен туризмді қарқынды дамыту жағдайындағы табиғи рекреациялық аймақтардағы ауылдардың экологиялық жағдайын дамытудың арақатынасын алуға болады.

Мақсатты топтар

Зерттеуде кешенді тәсілді қолдануды есепке алсақ, алғашқы ақпаратты жинау процесіне қатысатын ақпарат берушілерді бірнеше топқа ажыратып бөлу қажеттілігі туындайды. Оларды мақсатты топтар ретінде белгілеп аламыз.

Зерттеу нысанын анықтау барысында келесі мақсатты топтарды бөліп көрсетуге болады:

- Туристік-рекреациялық аймақтардағы ауыл тұрғындары;
- Туристік-рекреациялық нысан иелері;
- Аймақтардағы экологиялық ҮЕҰ өкілдері (басшылар мен белсенді қызметкерлер);
- Ұлттық табиғи парк/орман шаруашылығы қызметкерлері;
- Жергілікті билік органдарының өкілдері.

Зерттеу болжамдары

Зерттеудің анықталған өзекті саласының, сонымен қатар сыртқы сарапшылардың кеңестерінің негізінде келесі алты басты болжамдар тұжырымдалды:

1. Көбінесе жергілікті тұрғындар өзара ауылдастар болып табылады және олардың тұрмыс салты мен қоқыс пен қажет емес заттарға, оларды жоюға қатысты тұрғындардың тұрмыстық тәжірибелері бұрыннан орныққан болып табылады. Олар оны тарихи тарихи қалыптасқан (мәдени мұра) және тиімді/шығыны аз (кертартпа мінез-құлық) ретінде қарастырады/бағалайды. Бұл тәжірибелерге жергілікті тұрғындар және туризм мен демалысты дамыту саласындағы қандай да бір өзгерістің әсері тарапынан ешқандай тексеру жұмыстары жүргізілмейді.

2. Туризм саласына қамтылған және қамтылмаған жергілікті тұрғындарға көп жағдайда экотуризмнің принциптері мен міндеттері таныс емес. Көп жағдайда аймақтардағы туризм мен демалыс саласын заманауи дамыту қонақжайлылық пен шаруашылық жүргізудің үйреншікті тәжірибесіне негізделіп, қонақ күтудің жергілікті орныққан тәжірибелеріне бағынышты, ескі дәстүр бойынша, ұйымдастыру мен басқаруда кәсіби тәсілдер мен жаңа трендтерді қолданусыз және дамытуға қоршаған табиғи ортаның беріп отырған мүмкіндіктерін есепке алмай шектелген қызмет түрлерімен ғана (тұратын жермен, тамақпен қамтамасыз ету, жетекшілердің қызметі) шектеледі.

3. Туризм мен демалыс саласына қамтылмаған жергілікті тұрғындар өздерінің тұратын жерінің туристік тартымдылығы мен қоршаған ортаның экологиялық жағдайы арасындағы байланысты қадағаламайды, өйткені өздері туристер/демалушылар емес, сонымен қатар олардың әлауқаты бұл саланы дамытуға байланысты емес.

4. Ал ауыл тұрғындарының қамтылған бөлігі біртіндеп қоқыс мәселесі, оны жинау мен жою мәселесін талқылай бастауда, байқалуда, экономикалық шарттылығы артып, ескішіл, кертартпа тәжірибеден арылып, туристік-рекреациялық кешенді дамытуға үлес ретінде экологиялық бағдарланған іс-шараға айналууда. Нарықтағы туристік өнімнің экологиялық жағдайы тұтынушының қызығушылығын анықтайды деген ұғым қалыптасуда, бұл сұранысты, демек бизнестің тиімділігін де арттырады.

5. Жергілікті тұрғындар тұратын жерінде қоқысқа қатысты жауапкершілікті мойындарына алғысы келмейді. Олар қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне басты жауапты адам елдімекен мен рекреациялық аймақтардың әкімшілігі, сонымен қатар қонақтар/туристер деп біледі.

Қоқысқа қатысты жергілікті тұрғындардың өзін-өзі ұстау үлгісі өздерін қалай ұстағысы келсе солай ұстайтын үй иелеріне ұқсас, сондықтан да олар жер құқығы бойынша тазалық ережелерін сақтауда өздерін тым еркін ұстайды, олардың экологиялық мәдениеті де төмен. Алайда тазалық ережелерін сақтау бойынша, тұратын аймақтарындағы қоқысты өзінен кейін жинау мен табиғаттың көрнекі жерлерін аралағаннан кейін қоқысты жинау бойынша басқаларға қойылатын талап негізді ретінде қарастырылады. Сондықтан да қонақтар тарапынан кез келген тәртіп ережелерін бұзу жергілікті тұрғындардың наразылығын тудырып, оларды айыптайды, бұл айыптаулар мен наразылық тек қана қонақтарға ғана емес, сондай-ақ рекреациялық аймақтар мен әкімдіктерге де бағытталады.

6. Жергілікті тұрғындардың өздері экологиялық іс-шаралардың бастамашысы ретінде өздерін көрсетпейді, олар мұндай шараларға демалыс үйлерінің, ұлттық парктердің иелері мен әкімдіктер жауапты деп санайды. Олар ұлттық парк пен әкімдіктердің ұйымдастырған экологиялық іс-шараларына амалсыздан қатысады, себебі бұл шаралар оларға ешқандай да пайда келтірмейді.

Зерттеу міндеттері

Зерттеу мақсатына қолжеткізу мен алға қойған болжамдарды тексеру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Зерттеу орындарындағы ауыл тұрғындарының экологиялық тәжірибелерін бақылау мен сипаттау. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының қоқыс мәселесі (жинау, жоюды ұйымдастыру) мен оның маңыздылығын қабылдауын анықтау.
- Ауыл тұрғындарының рекреациялық аймақтардың экономикалық дамуына қамтуын бағалау.
- Ауыл тұрғындарының экономикалық дамудың рекреациялық аймақтың экологиялық жай-күйіне байланысты маңыздылық деңгейі (туристік саланы дамыту мысалында) туралы түсініктерін анықтау.
- Тұратын жерінің экологиялық мәселелерін шешуге қамтылуын бағалау.
- Ауыл тұрғындарын рекреациялық аймақты дамыту мүддесіне сәйкес әлеуметтік экологиялық тәжірибелерге қатысуға даярлау.

2. ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Зерттелетін нысан неғұрлым күрделі болған сайын сандық және сапалық когнитивтік стратегияларды біріктіру қажеттілігінің де соғұрлым өзекті болатынын айта кеткен жөн. Егер сандық тәсіл жалпы топтық нормативті тенденцияларды анықтауға көбірек мүмкіндік беретін болса, ал сапалық әдіс жеке вариацияларды талдауда пайдаланылады, солайша зерттелінетін құбылыстың көп өлшемді көрінісін қамтамасыз етеді.

Жобаның болжамдарын ескерсек, сауалнама орнын іріктеудің сипаттамаларын анықтауға жеке назар аударылады.

Сонымен зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қолжеткізу барысында сандық-сапалық мәліметтерді жинау әдістемесін пайдалана отырып, кешенді тәсіл қолданылды. Сандық әдістер жергілікті тұрғындарды туристік индустрияға тартудың статистикалық талдауы және жергілікті тұрғындардың өз ауылдарының экологиясы мен қоршаған табиғи ортаның тәжірибесі мен оларды бағалау үшін мәліметтер қорын алуға мол мүмкіндік береді. Өз кезегінде сапалық әдістер экономикалық және экологиялық мәселелерге қатысты ағымдағы тәжірибенің субъективті қырын түсініп, зерттеуге деген қатысушылардың тақырып бойынша әртүрлі пайымдаулары мен мағыналарын түсініп баяндау үшін мол ақпарат береді.

Жоба аясындағы ақпарат дереккөздері:

- 3 туристік-рекреациялық аймақтағы ауыл тұрғындарының сауалнама нәтижелері (Имантау, СҚО; Баянауыл, Павлодар облысы; Саты, Алматы облысы). Сауалнаманың әр орнында 16 жас пен одан ересек жастағы 149-151 респонденттен сауалнама алынды. Іс жүзінде 450 ауыл тұрғынынан сауалнама алынды;
- туристік-рекреациялық аймақтағы ауыл тұрғындарынан 30 мақсатты сұхбат алынды;
- мамандар мен орындардағы мүдделілерден (ЖАО, ұлттық Парк/орман шаруашылығы, экологиялық ҰЕҰ, бизнес) 15 мақсатты сұхбат алынды;
- ауылдың жай-күйі мен инфрақұрылымын сипаттауда зерттеу орынында жүргізілген бақылау материалдары қолданылды.



Тарау 1. ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚ АУЫЛДАРЫ: ҰҚСАС ӨМІР САЛТЫ, ӘРТҮРЛІ КӨҢІЛ-КҮЙ


1. ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Ең алдымен, тікелей Баянауыл, Имантау және Саты ауылдарының тұрғындарының бағалаулары мен көңіл-күйлерін қарастырмас бұрын, олардың неғұрлым ортақ сипаттамасы – олардың ауылдық елдімекен болып табылатындықтарын ескергеніміз жөн. Сәйкесінше, ауыл өмірінің қай тұсының неғұрлым дамыған және тұрғындардың көңілінен шығатынын, керісінше қай тұстарына наразы екенін талдауға болады.

Сауалнамада ауылдың әл-ауқатын 8 өлшем бойынша бағалау ұсынылды: жұмыспен қамту мен жұмыс орны; өндірістің, сауда-саттықтың; тұрмыстық қызмет саласының; ауыл шаруашылығының; туризм мен демалыс саласының дамуы; медициналық қызмет көрсету мен жергілікті халықтың өмір деңгейінің қолжетімділігі (кірістер, сатып алу қабілеттілігі). Диаграмма 1-де түсінікті болу үшін ««Нашар-жақсы» шкаласын қолдана отырып, өзіңіздің тұратын жеріңіздегі тұрғындардың әл-ауқаты мен бизнесті дамыту деңгейін бағалаңыз» сауалына жауаптардың жиынтық көрсеткіші («нашар+нашарлау» және «жақсырақ+жақсы» көрсеткіштерінің сомасы) ұсынылған.

Сонымен барлық үш ауыл тұрғындары өз ауылдарының әл-ауқатының келесі сауда-саттықтың; туризм мен демалыс; ауыл шаруашылық саласының дамуы сынды өлшемдер бойынша жақсы деп бағалайды («жақсы бағаның» пайызы 70%). Жергілікті халықтың өмір деңгейі (кірістер, сатып алу қабілеттілігі) және жұмысбастылық, жұмыс орындарының болуы сынды бағыттар оң бағалаулардың орташа санына ие (60%-дан жоғары). Ауылдар медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі, тұрмыстық қызмет көрсету саласы (ателье, жөндеу жұмыстары, шаштараз), өндірістің дамуы сынды бағыттар бойынша ең нашар баға алған (47% және «жақсы» бағалау төмендеу).

Диаграмма 1. Өлшемдер бойынша өзіңіздің тұратын жеріңіздегі халықтың әл-ауқаты мен бизнесті дамыту деңгейін бағалаңыз. Бағалау үшін «нашар-жақсы» шкаласын қолданыңыз, n=450)



Сонымен бірге әл-ауқат деңгейін бағалау зерттеуге алынған үш ауыл тұрғындарының пікірлері бойынша топтастырғанда айтарлықтай ерекшеленеді. Демек, өзіндік бағалау бойынша Алматы облысының Саты ауылының тұрғындары жақсы өмір сүреді. Мұндағы сауалнамаға қатысқандардың 90%-дан астамы өз ауылдарында жұмыспен қамту мен жұмыс орындарының, сауда-саттықтың, туризм мен демалыс саласының, ауыл шаруашылығы жақсы дамыған деп санайды. Ең маңыздысы, сауалнама қатысушыларының 95,3%-ы өздерінің өмір сүру деңгейін (кірістер бойынша, тиісінше, сатып алу қабілеттілігі бойынша) жақсы деп есептейді. Бұл ауыл тұрғындары өндірістің дамуын біршама төмен бағалайды, «жақсы» бағалар пайызы – 66%. Басқаларға қарағанда медициналық қызметтің қолжетімділігі (50%) мен тұрмыстық қызмет көрсету саласы сынды (32,7%) бағыттар нашар бағаланып отыр.

Баянауылдағы тұрғындардың бағалауы біршама өзгешелеу, бірақ, жалпы алғанда ауылға оң сипаттама береді. Мұнда салыстырмалы түрде сауда-саттықтың дамуы, туризм мен демалыс саласы, сондай-ақ ауыл шаруашылық саласы жақсы бағануда. Сонымен қатар Саты мен Имантауға қарағанда, Баянауылда тұрмыстық қызмет көрсету саласы (72,2%-ы оны «жақсы» бағалаған) мен денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігін (66,2%) жоғары бағалап отыр. Бағалаудың аталған деңгейіне Баянауыл рекреациялық аймақтарындағы (Торайғыр мен Жақсыбай) ауылдардың медицина мен тұрмыстық қызмет көрсету қызметтері үнемі неғұрлым дамыған аудан орталықтарына жақын орналасқандығының әсер еткені сөзсіз, ал ауылдық

елдімекендер (біздің жағдайымызда Саты мен Имантау) мұндай «жетістіктерімен» мақтана алмайды. Баянауылда ең төменгі бағалар өндірісті дамыту бағыты (29,1%) бойынша болғанына қарамастан, жалпы алғанда, өзіндік бағалау бойынша халықтың әл-ауқаты айтарлықтай жоғары: мұнда сауалнама қатысушыларының 69,5%-ы өздерінің өмір сүру деңгейін (кірістер, сатып алу қабілеттілігі) жақсы және өте жақсы деп бағалайды.

Имантау а. халқы туралы не айтуға болады?! Бұл ауыл тұрғындарының басым көпшілігі тек үш бағытқа ғана: сауда-саттықтың, туризм мен демалыс саласының, ауыл шаруашылықтың дамуына қатысты жағымды баға берген. Мұнда өндірістің, тұрмыстық қызмет көрсету саласының, жұмыспен қамту мен жұмыс орнының, медициналық қызмет көрсетудің жағдайының дамуы бойынша ең төменгі бағалар тіркелген. Нәтижесінде имантаулықтардың үштен бірі ғана өздерінің өмір сүру деңгейін жақсы және өте жақсы деп санайды.

Кесте 1. *Өлшемдер бойынша халықтың әл-ауқаты мен бизнесті дамыту деңгейін бағалау (сауалнама орны бойынша; «өте жақсы» және «жақсы» деп баға бергендердің %)*

Өлшемдер	Баянауыл	Саты	Имантау
Жұмыспен қамту және жұмыс орындары	67,5%	96,7%	23,5%
Өндірісті дамыту	29,1%	66,0%	14,1%
Сауда-саттықты дамыту	74,2%	95,3%	62,4%
Тұрмыстық қызмет көрсету саласын дамыту	72,2%	32,7%	18,8%
Ауыл шаруашылықты дамыту	70,9%	92,7%	51,7%
Туризм мен демалыс саласын дамыту	72,2%	95,3%	59,7%
Жергілікті халықтың өмір сүру деңгейі (кірістер, сатып алу қабілеттілігі)	69,5%	95,3%	30,9%
Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі	66,2%	50,0%	25,5%

Сонымен туристік саланың мамандануы әсіресе Саты мен Баянауыл ауылдарының мысалында айқын көрінеді деген қорытынды жасауға болады, бұл халықтың әл-ауқатын жақсартады. Бірақ әзірше жергілікті халықтың өмірі үшін маңызды басқа бағыттар мен салалардың тең дәрежеде дамуына алып келмейді. Бұл турасында, мысалы, Саты мен Имантау ауылдары тұрғындарының әдетте шағын бизнестің «қолдану аймағы» болып табылатын және мемлекеттік құрылымдар қызығушылық танытпайтын тұрмыстық қызмет көрсету саласының дамуына көңілі толмайтындықтарын айтуға болады.

Имантау ауылының тұрғындары өздерінің әл-ауқат деңгейін туристік қызмет көрсетуді ұсыну процесіне белсенді қамтылған және өздерін жағымды сезінетін Баянауыл мен Сатының тұрғындарымен салыстырғанда айтарлықтай төмен бағалайды. Бұл ауыл үшін туризмнің экономикалық

әлеуеті мен халықтың туристік бизнеске неғұрлым белсенді тартылудың болашақтағы әлеуетін көрсетеді. Сонымен бірге сауалнама нәтижесінен Имантауда екі экономикалық үлгінің – біреуі туризм мен демалыс саласында құрылған, екіншісі – ауыл шаруашылықты дамытуға құрылған өзара бәсекелес екенін көруге болады. Имантаудың болашақтағы даму жолдарын анықтау барысында бұл жағдайды ескере кеткен жөн.


2. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АУЫЛ ЭКОНОМИКАСЫН, ТУРИЗМІ МЕН ЭКОЛОГИЯСЫН БАҒАЛАУЫ

Тұрғындардың табысының туризмді дамыту мен келетін қонақтар үшін ұйымдастыру қызметін ұсынуға байланысты ма деген сауалға жауап беруде респонденттер өздерінің ауылдарының бейініне қарай әртүрлі көзқараста пайда көреді. Сатыда сауалнама қатысушыларының басым көпшілігі аталған ауыл халқының барлығы дерлік туризм саласынан пайда тауып отыр деп санайды.

Баянауылда мұндай біржақты бағалау жоқ: әрбір төртінші респондент туристік қызметтің дамуы ауылдастардың шағын тобының ғана табысына әсер етеді деп санайды, респонденттердің осынша үлесі негізінен олардың ауылдастарының кірістері мен туризм саласының дамуы арасында ешқандай байланыс жоқ деп есептейді. Тек әрбір үштен бірі ғана (35,8%) туризм мен тұрғындардың әл-ауқат деңгейі арасындағы байланысты көреді, ал әрбір үшінші бөлігі жауап беруде қиналған.


Өз кезегінде Имантауда сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші адам қойылған сұраққа жауап беруге қиналған, осынша үлесі (24,2%) туристік қызмет көрсету мен барлығының, тұрғындардың түгелдей дерлігінің табысы арасында байланыс бар есептейді. Бірақ сауалнама қатысушыларының басым көпшілігі (49,6%) тұрғындардың шағын тобы ғана туризмнен табыс тауып отыр және мұндай байланыс мүлдем жоқ деп болжайды.

Диаграмма 2. Сіздің ойыңызша, өзіңіздің елдімекендегі халықтың табысы/ әл-ауқаты туризмді дамыту мен келуші қонақтардың демалысын ұйымдастыру қызметіне байланысты ма? (сауалнама орнының үлесі бойынша)




Баянауыл мен Саты тұрғындарының басым көпшілігі туризм мен келуші қонақтардың демалысын ұйымдастыру қызметі саласындағы жұмыс – қаржылық жағынан алғанда тиімді деп санайды. Баянауылдықтардың 8,6%-ы мен сатылықтардың тек 2%-ы ғана туризммен айналысуды тиімсіз деп айтқан. Баянауылдағы әрбір оныншы сауалнама қатысушысы аталған сауалға қатысты бірнәрсе айту қиындық тудырады деп жауап берген. Имантау тұрғындарының жауаптары айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл ауылдағы сауалнама қатысушыларының жартысынан көбі туристік қызмет ұсыну тиімді екенін, бірақ толыққанды емес екенін мойындайды, сонымен қатар әрбір төртінші респондент жауап беруде қиналған. Яғни имантаулықтар туризммен айналысудың қаржылық жағынан қаншалықты тиімді екенін толық түсінбейді, бірақ үзілді-кесілді теріске шығармайды (2%).

Диаграмма 3. Сіздің ойыңызша, сіздің тұратын жердегі туризм саласы мен келуші қонақтардың демалысын ұйымдастыру бойынша қызмет саласы қаржылық жағынан тиімді ме әлде тиімсіз бе? (сауалнама орнының үлесі бойынша)




Сауалнама барлық үш ауылда да жергілікті жұмыскерлерді жұмысқа жалдауға қатысты тұрғындардың пікірі бір-бірімен іс жүзінде сәйкес келетіні анықталды: Баянауылда - 42%, Имантауда - 48% және Сатыда - 50%. Сырттан келген жұмысшылар көлемін бағалауда айырмашылықтар байқалды. Сонымен Баянауыл мен Сатыда сауалнама қатысушыларының біршама бөлігі (тиісінше 11% және 19%) жұмысқа жиі жергілікті жұмыскерлерді емес, сырттан келетін жұмыскерлерді жалдайды деп есептейді. Сатыда туристік салада жергілікті және сырттан келген жұмыскерлердің үлесі деп санайтындар азырақ (әрбір төртінші) болса, ал Имантау мен Баянауылда олардың саны басымырақ (тиісінше 35% және 42%). Имантауда басқа да сауалдарға жауап беру барысындағыдай жауап беруге қиналғандардың үлесі басым (17%).

Диаграмма 4. Демалыс аймақтарында/Қонақүйлерде жұмысқа жергілікті жұмыскерлерді немесе басқа аудан/облыстардан келгендерді жалдайды? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Сауалнама көрсеткеніндей, Баянауыл мен Сатының тұрғындары үшін Баянауыл және Сата тұрғындары өз елдімекендерінде туризм мен демалысты дамытудың өзіне тиімді екенін анық. Бірақ Баянауылда респонденттердің төрттен бірі туризмнің табыстылығын жоққа шығарады (25,8%). Сауалнама Имантауда туризмді табыс көзі көретіндер саны (42,3%) мен табыс көзі көрмейтіндер санының үлесі (39,6%) тең екенін анықтап отыр, жауап беруге әрбір бесінші қиналған.


Диаграмма 5. Сіз қалай ойлайсыз, туризм мен демалыс саласын дамытудың өзіңіз тұратын жердегі Сіз сияқты адамдар үшін пайдасы бар ма? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Сол немесе басқа да туристік аймақтағы ауылдың тартымдылығы неге байланысты деген сауалға рюкзактармен және шатырлармен саяхаттау мүмкіндігі немесе қонақүйлердің жайлы жағдайында демалу жауаптары мамандану үлгісінің үш түрінің барлығын көрсетті:


1. демалыс аймағы мен қонақүйлерді ұсыну бейіні бар ауылдар (Саты);
2. демалыс аймақтарының саны көп ауылдар, сонымен қатар «жабайы» экотуризмнің мүмкіндігі бар ауылдар (Баянауыл);
3. мамандану айқындалмаған ауылдар (Имантау).

Диаграмма 6. Сіз қалай ойлайсыз, Сіз тұратын жерде туристерді көбінесе не тартады – жайлы жағдайы жасалған қонақүйлерде демалу мүмкіндігі немесе рюкзактармен және шатырлармен саяхаттау мүмкіндігі ме? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Имантауда туристік қызметтің дамуы бастапқы сатыда тұрғанына қарамастан, респонденттердің басым көпшілігі (61,1%) туризм ауылды қоршаған табиғат жағдайына кері әсер етеді деп есептейді. Жауаптардың осыған ұқсас үлесін туристік сала дамуы бұрыннан дамып келе жатқан Баянауылдағы сауалнаманың нәтижелерінен де көруге болатыны қызық жайт. Алайда бұл рекреациялық аймақтағы тұрғындардың басым бөлігі туризм қоршаған ортадағы көл, орман, таулардың жағдайына кері әсер ететінін көріп отыр. Сонымен қатар Баянауылда 17,9% және Имантауда 14,1% респонденттер туристік бағыттың табиғат жағдайына оң әсер ететінін айтқан. Сатыда бағалаулар тікелей өзара қарама-қайшы: 58%-ы туризм қоршаған ортаға жағымды әсер етеді деп есептесе, тек 16%-ы ғана оның кері әсері туралы пікір білдірген. Бұл ауылда туризмнің ауылдың табиғи ортасына ешқандай әсері жоқ деп санайтындардың үлесінің көп анықталғаны – қызық жағдай.

Диаграмма 7. Сіздің пікіріңізіше, туризм мен демалыс саласын дамытудың Сіз тұратын елдімекендегі табиғаттың жағдайына әсері қандай? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Бұл бөлімді қорытындылай келе, зерттелген үш ауыл мысалында туризмнің рөлін зерттеуге қатысушылардың пікірлерінен түрлі айырмашылықтарды көруге болатынын атап кеткен жөн. Саты ауылы туристік салаға тұрғындарды жаппай және жоғары табысқа тартудың мысалы болып табылады: респонденттердің 99%-ы өздері сияқты адамдар үшін туризм мен демалыс саласын дамыту табыс көзі ретінде көреді. Мұндағы сауалнама қатысушыларының 95%-ы туризмді дамыту мен келуші қонақтардың демалысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету сол елдімекеннің барлық тұрғындарына табыс табу мүмкіндігін береді деп санайды; бұл ауылдың тұрғындарының 97%-ы туризммен айналысу пайдалы іс деп санайды; Сатыдағы демалыс аймақтары мен қонақүйлердегі қызметкерлердің жартысы – жергілікті халық. Сонымен қатар мұндағы сауалнама қатысушыларының 69%-ы туристік бизнестің негізі – бұл стационарлық жайлы демалыс аймақтары мен қонақүйлердің болуы деп санайды. Сатыдағы туризмді дамытудың экономикалық нәтижесі осындай. Ал, экологиялық көзқарас жағынан қалай? Экологиялық мәселелер неғұрлым жоғары болатын Баянауыл мен Имантауға қарағанда, респонденттердің әрбір алтыншысы туризмнің белсенді дамуы қоршаған ортаның жағдайына, әсіресе, Көлсай көлдер жүйесіне кері әсер етуі мүмкін деп санайды. Респонденттердің жартысынан астамы туризмнің аймақтың табиғатына оң әсерін тигізетінін айтса, 15%-ы мүлдем әсер етпейді деген пікір білдіреді.


Зерттеу нәтижелері бойынша Баянауыл туризмді дамытудың өтпелі сатысында тұр. Сауалнама қатысушыларының тек үштен бір бөлігі ғана ауылдың барлық немесе түгелдей дерлік тұрғындарының табысы мен әлуақатының келушілерге туризм мен демалыс қызметтерін дамытуға

тәуелділігін көреді. Әрбір төртінші респондент Баянауылда туризмді дамытудың тек тұрғындардың шағын тобына қатысты ғана пайдасы бар екенін көреді. Жұмыспен қамту тұрғысынан респонденттердің 42%-ы жерлілікті демалыс орындарында тек жергілікті тұрғындар ғана емес, сондай-ақ сырттан келетін қызметкерлер де жұмыс жасайды деп санайды. Сонымен бірге сауалнама қатысушыларының 70%-ы туризм мен демалыс саласын дамытудың өздері сияқты тұрғындар үшін пайдасын көріп отыр. Сауалнама нәтижелері бойынша тұрғындардың пікірінше, аталған аймақта туризмнің қай түрі тартымды екені мен сауалнамаға қатысушылар айтқан экологиялық мәселелерге қатысты алаңдаушылық арасында байланыс бар. Сонымен 54%-ы туристер жайлы жағдайлы қонақүйлерде демалуға қызығады деп ойлайды, сауалнама қатысушыларының 36%-ның пікірінше, Баянауыл аймағы рюкзактармен және шатырлармен саяхаттау мүмкіндігімен көп тартады. Сатымен салыстырғанда, мұндағылардың басым көпшілігі 62%-ы туризм мен демалыс саласын дамытудың табиғат ортасына (көл, орман, жайылым, таулар) жағдайына кері әсер етеді деп санайды. Яғни Баянауыл халқы рекреациялық ортаның белсенді/жыртқыш «туристік» дамуының экологиялық шығындарына ұшырағандықтан, алаңдаушылық танытып отыр. Салыстырмалы түрде алғанда, Имантау туристік бизнесті белсенді дамыту жақында ғана болды. Зерттеу, сондай-ақ сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (төртінші немесе бесінші үлесінің деңгейінде) осы ауыл тұрғындарының туризмге деген сақтық және немқұрайлы көзқарасын, зерттелінетін тақырып бойынша өзіндік көзқарасының жоқтығын анықтады. Сауалнама қатысушыларының 41%-ы халықтың тек шағын тобы ғана туризмнен пайда тауып отыр деп санайды. Сонымен қатар 52%-ы туризм мен келуші қонақтардың демалысын ұйымдастыру бойынша қызмет саласы көп жағдайда (толыққанды емес) – бұл қаржылық пайдалы іс деп санайды. Сонымен бірге Имантау халқы туризм мен демалыс саласын дамытудың сіздің елдімекендегі қарапайым халыққа пайдасы бар ма деген сауал бойынша пікірлері анықталмай отыр: сауалнама қатысушыларының 42%-ы – пайдасы бар десе, 40%-ы – пайдасы жоқ деп санайды, әрбір бесіншісі жауап беруге қиналған. Сондай-ақ имантаулықтардың көзқарасы бойынша, ауылдың туристік бейіні анықталмаған: 35%-ы елдімекен рюкзактармен және шатырлармен саяхаттауға мүмкіндік береді десе, 29%-ы демалыс орындары мен қонақүйлерде демалу тартады десе, сауалнама қатысушыларының 36%-ы үшін «жауап беру қиын». Сонымен қатар қазірдің өзінде, әлі дамымаған туристік кластер жағдайында имантаулықтардың басым бөлігі (61%) сақтық танытып, туризмнің қоршаған табиғаттың (көлдің, орманның, жайылымның, таулардың) жағдайына әсері бар деп санайды.

3. АУЫЛДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ОЛАРДЫ ШЕШУГЕ ДЕГЕН ДАЙЫНДЫҒЫ

Тұрғындардың бағалауы тұрғысынан демалыс аймақтары мен туристік жолдардың ластану деңгейі бойынша ауылдардың рейтингісін былайша құруға болады: Имантау халқы көбінесе ауылдың қатты ластануы туралы жиі айтса, Баянауыл, Саты ауылының тұрғындары сирек айтқан, «ең таза» деп Саты ауылы танылып отыр, ластану деңгейі 2,33 баллмен бағаланған.

Диаграмма 8. Сіздің елдімекендегі демалыс аймақтары мен туристік жолдардың ластану деңгейін 0 мен 5 шкала бойынша бағалаңыз, мұнда 0 – ластану жоқ, ал 5 – өте ластанған, 99 – баға беру қиын (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Сауалнама нәтижесіне сәйкес әр елдімекен бойынша ең алдымен тұрғындарын алаңдататын өзіне тән экологиялық мәселелер тізімі анықталды:

• **Баянауыл;**

1. Суқоймаларының (көл, өзен, бұлақтар) ластануы – 57,8%;
2. Ғимараттардың, үйлердің құрылысының елдімекеннің табиғат бедеріне, табиғи ландшафтының өзгерісіне әсері – 54,4%;
3. Ауаның ластануы – 49%;
4. Табиғи демалыс аймағының ластануы – 27,9%;
5. Ауыл көшелерінің ластануы – 23,8%.

• **Имантау;**

1. Суқоймаларының (көл, өзен, бұлақтар) ластануы – 72,5%;
2. Қоқыс полигондарының, апатты қоқыс үйінділері көлемінің артуы – 34,5%;
3. Табиғи демалыс аймағының ластануы – 29,6%;
4. Қоқыс полигондарының елдімекенге жақын орналасуы – 24,6%;
5. Туристік жолдар маңындағы аймақтың ластануы – 19%.

• **Саты;**

1. Ауыл көшелерінің ластануы – 74,5%;
2. Табиғи демалыс аймағының ластануы – 36,1%;
3. Ауаның ластануы – 24,5%;
4. Туристердің, олардың көліктерінің шуы – 18,4%;
5. Қоқыс полигондарының елдімекенге жақын орналасуы – 16,3%.


Кесте 2. *Сізді өз елдімекеніңіздегі қандай мәселе қатты алаңдатады?
(сауалнама орнының үлесі бойынша)*

Мәселелер	Баянауыл	Саты	Имантау
Ғимараттардың, үйлердің құрылысының елдімекеннің табиғат бедеріне, табиғи ландшафтының өзгерісіне әсері	54,4%	0,7%	19,0%
Өлексе тастайтын орынның сұқоймаларына жақын орналасуы	12,2%	2,0%	18,3%
Сұқоймаларының (көл, өзен, бұлақтар) ластануы	57,8%	8,8%	72,5%
Ауаның ластануы	49,0%	24,5%	15,5%
Табиғи демалыс аймағының ластануы	27,9%	36,1%	29,6%
Ауыл көшелерінің ластануы	23,8%	73,5%	14,8%
Туристік жолдар маңындағы аймақтың ластануы	13,6%	13,6%	19,0%
Қоқыс полигондарының елдімекенге жақын орналасуы	10,9%	16,3%	24,6%
Қоқыс полигондарының, апатты қоқыс үйінділері көлемінің артуы	8,8%	10,9%	34,5%
Жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуантүрлілігінің азаюы	15,6%	0,7%	2,1%
Туристердің, олардың көліктерінің шуы	8,2%	18,4%	12,7%
Джиптердің, квадроциклдердің әсерінен эрозия, топырақтың нашарлауы	4,1%	1,4%	3,5%
Жинау жұмыстарын жүргізетін жұмыскерлердің жетіспеушілігі	1,4%	0,0%	0,0%
Туристер қоқыс тастайды	0,7%	0,0%	0,0%
Жауап беруге қиналамын/жауап жоқ	0,0%	0,0%	4,2%

Барлық зерттелген елдімекендерде емес, рекреациялық аймақтардан келген ауылдардың тұрғындарын аумақтардың экологиялық мәселелері айтарлықтай толғандыратынына қарамастан, ауыл тұрғындары табиғатты қорғау шараларына қатысуға дайын. Дәлірек айтсақ, әр ауылдардағы жинау мен тазалықты сақтау шараларына қатысуға дайын екендіктерін танытқандар саны айтарлықтай ерекшенеді. Басқаларға қарағанда табиғи


демалыс айтақтарында тазалықты сақтауға Баянауыл (73%) мен Сатының (87%) тұрғындары әзір. Демек, Баянауылда сауалнама қатысушыларының басым бөлігі (56%) нақты әзір екенін, ал Сатыда басым көпшілігі (57%) дайынға жақын екенін айтқан. Демалыс аймақтарын тазалау мен тазалықты сақтауға дайын имантаулықтар үлесі ең төмен (36%), ал әрбір төртіншісі ондай шараларға қатысуға бірден «жоқ» деп жауап берген.

Диаграмма 9. Өтініш, Сіз табиғи демалыс аймақтарын жинау мен тазалықты сақтауға бағытталған экологиялық шараларға қатысуға дайынсыз ба? (сауалнама орнының үлесі бойынша)




Имантаулықтардың демалыс аймақтарының аумақтарын тазалауға қатысуға құлықсыздығы олардың жекеменшікке тиесілігіне байланысты болуы мүмкін, сондықтан ауыл тұрғындары олардың жұмыс істеуіне олар «өкілеттік береді» деп болжайды. Бірақ имантаулықтардың дайындығының дәл осындай деңгейі олардың ашық ауада демалу кезінде белсенді пайдаланатын туристік жолдар бойындағы тазалықты сақтау бойынша табиғатты қорғау іс-шараларына қатынасынан да байқалды. Осы ауылдағы респонденттердің жартысына жуығы (43%) мұндай іс-шараларға қатыспаймын деп түрлі дәрежеде сенімділікпен жауап берсе, әрбір төртінші адам жауап беруге қиналады. Ал, Баянауылда және Сатыда туристік жолдар бойында экологиялық тазалық пен тазалықты сақтауға қатысуға дайындар саны сәйкесінше 74% және 87% құрады.

Диаграмма 10. *Өтініш, Сіз туристік жол маңындағы жинау мен тазалықты сақтауға бағытталған іс-шараларға қатысуға дайынсыз ба? (сауалнама орнының үлесі бойынша)*



Бірақ ауыл көшелеріндегі тазалықты сақтауға қатысты сауалнама барлық үш ауыл тұрғындарының салыстырмалы түрде бірауыздан қолдайтынын анықтады: респонденттердің Имантаудағы 71%-ы, Баянауылда 89%-ы және Сатыда 90%-ы осындай экологиялық шараларға қатысуға дайын. Айырмашылығы тек дайындық деңгейінде ғана, сондықтан Баянауылда тұрғындардың басым бөлігі ауыл көшелерін тазалауға дайын болса, Саты мен Имантауда біршама дайын.

Диаграмма 11. *Өтініш, Сіз ауыл көшелеріндегі жинау мен тазалықты сақтауға бағытталған іс-шараларға қатысуға дайынсыз ба? (сауалнама орнының үлесі бойынша)*




Баянауылдықтардың туған ауылының экологиялық жағдайына жауапкершілікпен қарайтыны елдімекеннің экологиялық мәселелерін шешуге атсалысқысы келе ме деген сауалға жауап беру кезінде де байқалады. Мұнда сұхбат алғандардың жартысынан көбі бұл сұраққа «иә» деп жауап беріп, мұны тұрақты түрде жасағысы келетіндерін айтты. Тағы 29%-ы жеке экологиялық акцияларға қатысуға дайын, тек 6,6%-ы ғана бұл тақырыпқа қызығушылық танытпады.

Саты тұрғындардың шамамен тең бөлігі ауыл экологиясының мәселелерін шешуге (33%) және жеке іс-шараларға (36%) тұрақты түрде қатысуға дайын. Әрбір оныншы бұл тақырыпқа қызығушылық танытпайды, ал әрбір бесіншісі жауап беруге қиналған.


Имантауда жүргізілген сауалнама ауылдың экологиялық мәселелерін шешуге дайындық деңгейінің ең төмен екенін анықтады: егер қатысу қажет олса, онда тек белгілі бір экологиялық шараларға (41%); әрбір төртінші адам бұл тақырыпқа қызығушылық танытпайды; үштен бір бөлігінің (30%) ұстанымы айқын емес.

Диаграмма 12. Сіз өз елдімекеніңіздегі экологиялық мәселелерді шешуге қатысқыңыз келеді ме? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Бірақ, бір қызығы, үш ауылда да ауылдың экологиясына зиянын тигізетін үйреншікті әрекеттерден бас тартуға қатысты ұқсас ұстаным қалыптасқан: респонденттердің көпшілігі, мысалы, қоқыстарды алдын ала шартсыз немесе белгілі бір шартты жағдайларда жағудан бас тартуға дайын. Имантауда мұндай жауаптар үлесі 87%, Сатыда – 75%, Баянауылда – 70%. Бұл ретте Баянауылда әрбір оныншы тұрғын қоқыс жағуды тоқтату туралы үндеуді қолдамағанды жөн көреді, сонымен қатар осы елдімекенде, сондай-ақ Сатыда респонденттердің бестен бір бөлігі жауап беруге қиналған (тиісінше 19% және 23%).

Диаграмма 13. Егер сіздің елдімекеніңіздің экологиялық жағдайын жақсарту үшін Сізден қандай да бір үйренішті әрекеттен (мысалы қоқысты жағу) бас тартуды сұраса, Сіз мұны жасауға дайынсыз ба? (сауалнама орнының үлесі бойынша)



Осылайша зерттеуге қатысқан үш ауыл тұрғындарының өз аймақтарының экологиялық мәселелерін шешуге дайындығы әртүрлі. Біріншіден, өзекті экологиялық мәселелердің тізімі де әртүрлі. Демек, Саты ауылында экологияның жай-күйіне алаңдаушылық деңгейі ең төмен немесе, бір сөзбен айтқанда, тұрғындардың көзқарасы бойынша ауыл экологиясының жағдайына көңілі толады. Мәселелердің ішінде бірінші орында ауылдың өзінің ластануы (сауалнама қатысушыларының төрттен үші) және табиғи демалыс аймақтарының ластануы (үштен бір деңгейде) аталды. Баянауылда бағалау басқаша: мұнда респонденттердің жартысынан астамын суқоймаларының (көлдер, өзендер, бұлақтар) ластануы және ғимараттар, үйлер салудың аймақтың табиғи жер бедері мен табиғи ландшафтының өзгеруіне әсері алаңдатады. Имантауда да Баянауылдағыдай, бірақ одан да жиі суқоймаларының (көлдер, өзендер, бұлақтар) ластануы (респонденттердің төрттен үш бөлігі) және қоқыс полигондары мен апатты қоқыс үйінділері мәселелері (олардың аумағының артуы мен ауылға жақын орналасуы).

Көбінесе барлық үш ауылдың тұрғындары ауыл көшелеріндегі тазалықты сақтау мен тазалауға бағытталған экологиялық іс-шараларға қатысуға дайын (респонденттердің 70%-дан астамы) және басқа да табиғатты қорғау шараларына, мысалы, туристік жолдардағы қоқыстарды тазалау шараларын жүргізу барысында қатысуға ниет білдіретіндер саны (әсіресе Имантау тұрғындары, «жоқ» деп жауап бергендер үлесі 43%) олардан әлдеқайда аз деп күтуге болады. Жалпы алғанда, Имантау ауылында ауыл экологиясының жағдайына алаңдаушылық танытқандардың салыстырмалы түрде жоғары деңгейіне қарамастан, экологиялық жауапкершілік деңгейі Саты мен Баянауылмен салыстырғанда ең төмен: әрбір төртіншісі экологиялық мәселелерді шешуге қатысты тақырып қызықтырмайды деп жауап берсе, үштен бірінің өз ұстанымдары ақын емес.



ТАРАУ 2. БАЯНАУЫЛ, ИМАНТАУ ЖӘНЕ САТЫ ЭКОЛОГИЯ МЕН ТУРИЗМ ПРИЗМАСЫНДА

1. БАЯНАУЫЛ АУЫЛЫ: ЭКОЛОГИЯ ТРЕНДТЕ

Баянауыл – ақындар ежелден жырлап келе жатқан солтүстік-шығыс Қазақстанның інжу-маржаны. Бұл аймақта туып-өскендер Қазақстан мәдениетінің, білімі мен ғылымының дамуына орасан үлес қосқан. Мұнда туып-өскендер: Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Шәкен Айманов және т.б. көп.

Баянауылды 1000 көлдің аймағы деп атайды, бірақ Павлодар облысының оңтүстік аймағында орналасқан 4 ірі тұщы суқоймасы неғұрлым көпке танымал. Көркем көл жағалаулары – Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр және Біржанкөл қазақ халқының көп ғасырлық тарихының куәсі болып табылады.

1985 жылы ашылған Баянауыл ұлттық паркі Қазақстандағы ең алғашқы ұлттық парк болды. Парк жергілікті флора мен фаунаны сақтау мен қайта дамыту үшін құрылды. Ұлттық парктің жақын маңындағылар: Баянауыл аудан орталығы, Торайғыр және Қаражар ауылдары.

Туризм мен ауыл экономикасы

1.1. Баянауылдың туристік нысан ретіндегі тартымдылығы

Баянауылдың туристік аймақ ретіндегі тартымдылығы мен соған байланысты туристік қарқынының динамикасы туралы айтатын болсақ, респонденттердің басым көпшілігінің (85%) туристер санының жыл сайын артқанын айтқанын байқаймыз. 10%-дан төмені туристік ағынының бұрынғы деңгейде екенін айтады; респонденттердің тек 1%-ы туристер саны азайып келеді деп есептейді. Баянауыл тұрғындарының

5%-ы жауап беруге қиналған. Зерттеуге қатысқан мамандар туристердің ең көп ағыны Павлодар, Астана және Қарағанды облыстарынан келетінін айтқанын атап өткен жөн.

Жергілікті тұрғындар Баянауылдың болашақ 3-5 жылда туристік аймақ ретінде тартымдылығына оң көзқарас танытады. Сонымен респонденттердің 78%-ы осы уақыт аралығында ауданның туризм мен демалыс үшін тартымдылығы арта түсетініне сенімді. 9%-ы барлығы қазіргі деңгейде қалады деп есептесе, 4%-дан азы Баянауылдың туристік бағыт ретінде тартымдылығы төмендейді деп болжам танытады. Респонденттердің 9%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады.

Диаграмма 1.1. Елдімекеннің туристер арасында тартымдылығы... (% , бір нұсқа, N=151)



Баянауылдың тартымдылығының төмендеуінің басты себептері туралы айтсақ, респонденттердің үштен біріне жуығы қонақүйлердегі орналасу қызметтерінің бағасының артқанын атады. Зерттеуге қатысқан сарапшылар Баянауылдағы бағаның бүгінгі күннің өзінде тым жоғары екенін алға тартады, «жалпы, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте күрделі, инфляция мен бағаның өсуінің өте күрделі, қарқынды түрде жүріп жатыр. Ал сол бағамен көрсетілетін туристік қызметтер бір жылда едәуір қымбаттап, бәрі қымбаттаған, адамдар сыртқа шығып, 2-3 жерде жұмыс істеуге мәжбүр. Адамдар өз отбасын қалайда асырауды ойлайды. Бұл, әрине, өте жаман, бұл әлеуметтік шиеленіс туризмнің дамуына зиянын тигізуде».

Респонденттер Баянауылға қызығушылықты төмендетудің басты себебі ретінде табиғат (15%) пен суқоймаларының ластануы (сауалнама қатысушыларының 12%-ы) деп санайды. Өз кезегінде сарапшылар тұрғындардың қорқынышы негізсіз емес деп санайды және бірнеше жыл бұрын кәріз жүйесінің Торайғыр көліне құйғанының тіркелген бейнежазбасын дәлел ретінде келтіреді.

Жергілікті тұрғындардың 14%-ы демалыс орындарындағы нашар жағдай мен антисанитарлық жағдайдың туристерді үркітетіне сенімді. Зерттеуге қатысушылардың пікірлері бойынша, «70-ші жылдары «қалай болса солай салынған» демалыс аймақтары бар және олар эстетикалық тұрғыдан алғанда еш өзгермеген. Кеңес заманындағыдай жағдай жоқ, қазір көшеде жағдайы бар осындай ескі ағаш қоратша бар, бар болғаны осы, мұны жайлы жағдай жасалған деп айтуға келе ме?».

Респонденттердің 11%-ы қонақүйлердегі, санаторийлердегі және жалпы қызмет көрсету саласындағы қызмет көрсету сапасының төмендігін көрсетеді. Жергілікті сарапшылардың пікірінше, жалпы алғанда қызмет көрсету деңгейі артып келеді, бірақ қарқыны өте баяу «қызмет көрсету деңгейі жақсара бастады: ол әрине ауылда да, рекреациялық демалыс аймағында да жақсаруда. Әрине, бұл жақсы, не болады, не болмайды деген сияқты дұрыс бағыт беруіміз қажет. Қонақүйлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет».

Респонденттердің 4%-ы туристік ағынның азаюының ықтимал себебі ретінде қоғамдық және ақылы дәретханалардың жетіспеушілігін көрсетті. Сарапшылардың айтуынша, дәретхана мәселесі Баянауылда да, Қазақстанда да туризм саласының «осал тұсы» болып қалуда, «елестетіп көріңізші, дәретхана жоқ, қайда жүгіреміз, әрине суға отырамыз. Бірнеше жыл бұрын егер дәретханасы болмаса онда кафе ашуға құқығы жоқ деген де стандарт шықты. Сонымен қатар едендегі шұңқыр дәретхана емес, бірақ мұндай кафелер жабылған жоқ. Екеуі де жұмыс істеді және жұмыс істеп те жатыр, олардың дәретханаларының өзіне кіру – қорқынышты. Ал, дәретхана қойыңыз, септик орнатыңыз. Ал бұл дегеніңіз кәріз жүйесі, ал оны кейін қалай шығару мәселесін де ойлану қажет. Жоқ, бұл ретте еденде шұңқыр жасай салу жеңілдеу».


Диаграмма 1.2. Тұрғындардың ойы бойынша туристер үшін елдімекеннің тартымдылық деңгейінің төмендеуінің басты себептері (% , ашық сауал)



1.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы

Баянауыл халқы туристік бизнеске аса қатты қамтылмаған. Респонденттердің тек 27%-ы ғана өздері мен отбасы мүшелерінің демалушыларға қызмет көрсетумен айналысатынын айтқан. Төрттен үш бөлігі (73%) теріс жауап берген.

Диаграмма 1.3. Сіз немесе сіздің отбасыңыздың мүшелері туристерге/ демалушыларға қандай да бір қызмет көрсетумен айналысасыздар ма? (N=151)



Егер бүгінде демалушыларға қызмет көрсетумен айналысатын жергілікті халық (респонденттердің жалпы санынан 27%) туралы айтатын болсақ, сауалнама нәтижелері бойынша олардың арасындағы ең танымалы туристік жабдықтарды (58%) жалға беру қызметтерін көрсету болып табылады. *«Біздің аймақ – көлді аймақ. Адамдар катамаранмен, қайықпен серуендегісі келеді, ал 5 жыл бұрынғы мен қазіргі жағдайды салыстырсақ, қазір бұл қызмет түрі әлдеқайда жақсарды. Бұрын ештеңе болмаса, ал қазір катамарандар да, қайықтар да бар, бәрі жұмыс істейді».*

Туристік кәсіппен айналысатын баянауылдықтардың үштен бірі азық-түлік өнімдерін өндірумен және сатумен айналысады, *«біздің отбасылық бизнесіміз азық-түлікке негізделген. Мұнда өзіміздің экологиялық таза өнімдеріміз бар. Мал шаруашылығымен айналысатындықтан, өз қымызымыз бар. Бауырсақ, бесбармақ жасаймыз, шығыс тағамдарын пісіреміз».*

27%-ы туристерді тұрғын-жайға орналастыру қызметтерін көрсетумен айналысады. Респонденттердің тең үлес салмағы (19%-дан) кәдесыйлар жасайды және жүргізуші қызметтерін көрсетеді. Гид/ жолбастаушы қызметін туристік бизнеспен айналысатындардың 15%-ы ұсынады, әдетте бұлар - жергілікті жастар, *«экскурсия жетекшілері - негізінен Баянауылдың жас жігіттері. Олар сізді экскурсияға, мысалы, Қоңыр-Әулие мен Әулиетас үңгірлеріне апарды. Соңғы кездері Кемпіртас шыңы танымал болуда».*

Тағы 15%-ы туристерге кір жуу, тазалау сияқты ішкі қызметтерді көрсетеді. Өрқайсысы 12%-дан қоғамдық тамақтандыру, жылқы өсіру, азық-түлік өнімдерін өндіру және жеткізу қызметтерін көрсетеді. Мүмкін

сұраныстың аздығынан мәдени іс-шараларды өткізу және аударма қызметтері басқаларға қарағанда сирек (әрқайсысы 8%) көрсетіледі.

Диаграмма 1.4. Бүгінде Сіз немесе сіздің отбасыңыздың мүшелерінің туристерге/демалушыларға көрсетіп жүрген қызмет түрлерін белгілеңіз (демалушыларға қызмет көрсететіндердің % (27%))




Баянауылда туристік кәсіп ашу қаншалықты оңай деп ойлаған респонденттердің жартысынан көбі (51%) бұл қиын, бірақ ашуға болады деп жауап берді. Респонденттердің төрттен бірі өз аймағында туристік бизнес ашу өте оңай деп санайды. 11%-ы Баянауылда туристік бизнес ашу мүмкін емес деп есептейді. Бұл ретте мамандар кәсіпкерлер үшін ең үлкен қиындық тудыратыны жерді жалға алу мәселесі деген пікір танытады, «Кәсіп ашу кезінде ең алдымен жер алу қиынға соғады. Мысалы, Жасыбайда жер алу мүмкін емес, басқа жерлерде де қиын. Бұл жер мәселесі ғана. Биыл ғана әкімдік бізге көмек қолын созды. Біз оны келісім-шарт бойынша үш жылға аламыз, жалға алу құнының өзі арзан емес». Қонақүйді салу үшін от жағуға рұқсат етілген арнайы орындар қажет, қоқыс үшін арнайы контейнерлер болуы керек және тағы басқалар, бұл мәселелер де рұқсат алуды талап етеді.

Зерттеу қатысушыларының пікірінше, қонақүйлер мен демалыс орындарының басым көпшілігі жергілікті тұрғындарға тиесілі, «туристік бизнесті дамытумен негізінен жергілікті тұрғындар айналысады. Бір кездері Павлодарға немесе Алматыға кетіп, қосымша табыс тауып, кәсіппен айналысуды үйренгеннен кейін шағын атамекеніне оралды. Меніңше, 90%-ы - баянауыл-

дықтар, ал қалған инвесторлар - басқа өңірлерден». Ұлттық өнімдерді (қымыз, шұбат, құрт, т.б.) өндіру, кәдесыйлар өндіру және гид қызметін көрсету де жергілікті тұрғындардың үлесіне тиеселі деп күтілуде, ал олардың көпшілігі осының арқасында қаржылық жағдайын жақсартып отыр, «Тұрғындар өз өнімдерін, қымыз, құрт, сүттерін саады. Ет те сатады. Бұл - ауыл үшін ақша табудың жақсы мүмкіндігі».

Диаграмма 1.5. Сіздің елдімекеніңіде Сіз сияқты адамдарға туризм мен демалыс саласында бизнес ашу/бастау қиын ба әлде жеңіл ме? (N=151)



Жергілікті халықтың болашақта көрсетуге мүмкіндігі бар қызмет түрлері туралы айтсақ, көбінесе туристерді тұратын жермен қамтамасыз ету мен (54%) қоғамдық тамақтандыру қызметтерін (50%) көрсетіледі. Үшіншісі туристерге азық-түлік өндірумен және сатумен айналысқысы келеді. 32%-ы - туристерге құрал-жабдықтарды жалға беру қызметін көрсетуге, ал 31%-ы - қонақүйлері мен санаторийлерге азық-түлік өндіру және жеткізу қызметін көрсетеді. 30%-ы болашақта аудармашы қызметі артады деп санайды, сондай-ақ 29%-ы – мәдени іс-шараларды өткізу көрсетеді, «бізге қандай да бір іс-шаралар, көрмелер, концерттер, тағы да басқа түрлерін өткізу керек. Бұл іс жүзінде жоқ, бар, бірақ ол жеткіліксіз, демек, бұдан шығатын қорытынды, адамдар мас күйінде бір кәуапханадан екіншісіне сенделіп жүреді».


Болашақта туристік қызмет көрсеткісі келетін респонденттердің шамамен төрттен бір бөлігі: гид қызметі (27%), кәдесыйларды өндіру және сату (26%), жылқы өсіру қызметі (25%), жүргізуші қызметі (23%) түрлерімен айналысқысы келеді. 19%-ы болашақта туристерге тұрмыстық қызмет түрлерін көрсеткісі келеді. 24%-ы болашақта қандай да бір туристік қызмет түрін көрсетуді жоспарламайды.

Диаграмма 1.6. Болашақта егер жоспарыңызда болса өзіңіздің туристерге/ демалушыларға көрсеткіңіз келетін қызмет түрлерін белгілеңіз (N=151)



Респонденттердің пікірінше, қонақүйлер мен демалыс орындарындағы жұмыс жергілікті халық арасында кеінен танымал. 57%-ы оны тартымды деп санаса, 25%-ы теріс жауап берген. 18%-ы жауап беруге қиналған.

Диаграмма 1.7. Жергілікті тұрғындар қонақүйлердегі/демалыс аймақтарындағы жұмыс тартымды ма әлде тартымсыз ба? (N=151)




1.3. Экотуризмді дамыту мүмкіндіктері

Егер Баянауылдағы экотуризмді дамыту жайлы айтатын болсақ, респонденттердің 70%-ның пікірінше, бұл туризм түрі олардың аймағында дамыған, ал 17%-ы бұл пікірмен келіспейді. Сауалнама қатысушыларының 13%-ы экотуризмнің не екенін білмейді: бұл Имантаумен салыстырғанда, 3 есе көп, Сатымен салыстырғанда, 5 есе көп. «Экотуризмді дамыту үшін туристік маршрут әзірленген. Баянауылда мысалы киелі саналатын Қоңыр Әулие сияқты танымал үңгір бар, мұнда тілектер орындалады. Ол


тау етегінен 200 м биіктікте орналасқан, оған шығу көп адамға қиындық тудырады, 1,5 км жоғары жүру тиіс. Енді жақсы баспалдақ жасалып, автотұрақ жасалды, биоәжетханалар қойылды, оған қиыршық тас жол салынды, жұмыс жүргізілуде».

Диаграмма 1.8. Сіздің елдімекеніңізде экотуризм сияқты туризмнің бағыты дамыған ба? (N=151)



Респонденттердің 61%-ының пікірінше, экотуризммен айналысатын кәсіпкерлер көбінесе өз істерін өз күштерімен дамытып отыр. 25%-ы кәсіпкерлердің бастамаларын жергілікті билік қолдайды деп есептейді. Бұл ретте жергілікті әкімдік қызметкерлері арасынан шыққан мамандар кәсіпкерлерді қолдауға емес, абаттандыруға баса мән беріп жатқанын айтады, «негізінен жергілікті билік туристер әдемі жерде болып, оларға жағдай жасау үшін жұмыс жасауда. Жыл сайын мемлекет тарапынан абаттандыруға қаражат бөлінеді. Жыл сайын экскурсиялық маршруттар көбейіп келеді. Дүңгіршектерге жарық болуы үшін электр жарығын жүргіздік. Біз оны мердігерлерге мемлекеттік реестр бойынша сенімгерлік басқаруға бергеннен кейін, мердігерлер туристерге катамаран, тамақтандыру, киіз үй тігу және т.б. қызметтерін көрсетеді».

Диаграмма 1.9. Сіздің байқауыңызша, экотуризммен айналысатын кәсіпкерлер өз бастамаларына жергілікті билік органдары тарапынан қолдау көре ме әлде өз бизнестерін өздері дамытып отыр ма?



Жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибелері

1.4. Қоршаған ортаны ластаған кім?

Сауалнама барысында жергілікті тұрғындардан демалыс орындары мен туристік жолдардың ластану деңгейін бағалау ұсынылды. Бағалау нәтижесі бойынша Имантаудан жоғары және Сатыдан төмен орташа балы 3,14 деп шығарылды.

Респонденттердің 85%-ы Баянауылдың табиғатын көбіне туристер ластайды деп санайды, «мына туристер нағыз варварлар, ол жерде бөтелкелер де лақтырылып жатыр, ол жерден бәрін табуға болады. Дегенмен «Рекреациялық аймақтар» заңы бойынша ұлттық паркіне демалуға келген туристің оның ішінде жолбастаушысыз жүруіне болмайды. Адам демалуға келді, оның өзінің демалатын аумағы бар, ол сол жерде болуы тиіс. Бірақ бұл заң жүзінде ғана. Онда туристерге салынған маршруттар бар, ол сол маршруттар бойынша жүруі тиіс және ол сол жерде орналасуы тиіс, қалаған жерінде жүруіне тыйым салынады. Мысалы, біздегідей – шыға салдық та, тауға кеттік. Ережеге сәйкес солай болуы тиіс. Жоспарланған маршрут бар, міне, қара, жаяу жүр. Қызыл кітапқа енетін өсімдіктер болғандықтан, ерекше қорғалатын жануарлар әлемі бар, біз олардың өміріне қол сұғуға құқымыз жоқ».

Респонденттердің бестен бір бөлігі арасында жергілікті тұрғындар қоршаған ортаға зиянын тигізіп жатыр деген пікір кең таралған. Дәл осынша үлесі (19%-ы) қонақүйлер мен демалыс орындарын ластаушы деп санайды. 14%-ы жергілікті өндіріс пен бизнесті зиянын тигізуде деп санайды. Тек респонденттердің 1%-ы ғана қоршаған ортаның ластануына ұлттық паркті кінәлі деп санайды.

Диаграмма 1.10. Сіздің ойыңызша, сіздің елдімекеніңізде қоршаған ортаны кім көбірек ластайды/зиян тигізеді? (N=151; 2 жауап нұсқасынан көп емес)



1.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері

Жергілікті тұрғындар арасында табиғи ресурстарды пайдаланудың қандай тәжірибесі кең таралғаны мен туристердің мінез-құлқы байланысын жергілікті тұрғындардан қаншалықты ерекшеленетіні туралы респонденттердің пікірлерін салыстырудың өзі қызық.

Респонденттердің 29%-ы қоқысты тек жергілікті тұрғындар өртейді деген пікірде. 31%-ы туристер мен жергілікті тұрғындар тең дәрежеде қоқысты өртейді деп атап көрсеткен. Тек 5%-ы ғана қоқысты тек туристер өртейді деп көрсеткен.

Респонденттердің 16%-ның пікірінше, балықты заңсыз түрде тек жергілікті тұрғындар ғана аулайды. Респонденттердің үштен бірі туристер де, жергілікті тұрғындар да заңсыз балық аулаумен айналысады деп көрсетеді. Жартысынан көбі бұл сұраққа жауап беруге қиналған.

Сауалнама қатысушыларының 56%-ы жергілікті тұрғындар да, туристер де ауыл көшелерінде қоқыс тастайды деп санайды. 18%-ы тек туристер ғана тастайды десе, ал 12%-ы тек жергілікті тұрғындар тастайды деп көрсетеді.

Респонденттердің 37%-ы жергілікті тұрғындар да, туристер де емдік қасиеті бар шөптер, саңырауқұлақтар, жидектерді жинайды деп көрсетеді. 19%-ы тек туристерді кінәласа, ал 7%-ы тек жергілікті тұрғындарды ғана кінәлайды.

Респонденттердің 29%-ы орманда отты туристер де, жергілікті тұрғындар да жағады деп санайды. Респонденттердің төрттен бірі орманда отты тек туристер ғана жағады деп есептейді.

Сауалнама қатысушыларының үштен бірі (38%-ы) демалыс орындарда бөтелкелерді тек туристер сындырады деп көрсетсе, үштен бірі мұндай әрекет екі топқа да тән деп санайды. Респонденттердің 44%-ы қоқыстарды ашық демалыс орындарына тек туристер лақтырады десе, ал 42%-ы туристер де, жергілікті тұрғындар да осылай жасайды деп санайды, *«әрине туристер қоқыс лақтырады, ол жақтан ешкім де пакетпен қоқыстарын жетпейді зой, өздерінің үстін тазалайды да ары қарай кете береді. Табиғат-ана өзінің соңғы күшімен жаман әрекеттерді бойына сіңіргендей, бірақ оның да шегінің жақындағаны анық. Біздің өзімізге де ол жолдармен жүру қолайсыз, барлығы қоқыстарға толып жатыр. Бірақ бұл туралы халыққа жұмыс, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, біз өз жерімізге келгенде, оны сүюіміз керек, өйткені біздің одан басқа анамыз да жоқ қой»*.

Сауалнама қатысушыларының 60%-дан астамы келесі іс-шараларға қатысты сұрақтарға жауап беруге қиналған: ағынды суларды көлдерге ағызу (72%), заңсыз аң аулау (70%), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ағаштар мен бұталарды кесу (61%) және суқоймаларында автокөліктерді жуу (64%).

Диаграмма 1.11. Төменде көрсетілген әрекеттердің қайсысының жергілікті тұрғындарға, қайсысының туристерге/демалушыларға тән екенін айтып отесіз бе?



Баянауыл тұрғындарының турист пен жергілікті тұрғынның жасаған іс-әрекеттеріне әсерінде айырмашылықтың бар-жоқтығы бізге қызық. Зерттеулер көрсеткеніндей, айтарлықтай өзгерістер жоқ. Респонденттердің 54%-ы ескерту жасап, жерлестерінен қоқысты шығаруды сұрайды, осылайша олар туристке 3%-ға аз жауап береді. Бір қызығы, халықтың мұндай әсері Имантау мен Сатыда әлдеқайда аз кездеседі.

Респонденттердің 14%-ы өз наразылығын танытады, бірақ жергілікті тұрғын қоқыс тастаса, ештеңе істемейді, ал 5%-дан көбірек респондентке туристің әрекеті осылай әсер етеді.

Респонденттердің 18%-ы егер турист қоқыс лақтырса ешнәрсе көрмегендей болады, екі есеге аз, егер жергілікті тұрғын осылай жасаса (9%). Әрбір жиырмамыншы респондент (5%-ы) демалушы қоқыс тастаса, бұл туралы тұрғындардың жалпы чатына жазады, ал 8%-ы жергілікті тұрғынның әрекетіне осылай жауап береді. 5%-ы жергілікті тұрғынның, 4%-ы туристің мұндай әрекеті туралы әкімдікке/қонақүй әкімшілігіне шағым түсіреді.

Респонденттердің 9%-ы егер турист қоқыс лақтырса не істерін білмейді, ал 4%-ы жергілікті тұрғын қоқыс лақтырса не істерін білмейді, *«жергілікті тұрғындар әр жерге тастай бермейді. Бәрі қайда тастау керектігін біледі. Барлық жерлерде, кіреберісте, шығатын жерлерде камералар тұр. Сондықтан барлығы заңды бұзбауға тырысады. Қазіргі жағдайға сәйкес қоқыс алаңына жетпей қоқысты лақтыра салуы мүмкін. Қоқыс алаңы да кеңейіп жатыр. Өйткені алысырақ лақтыру үшін көп жүру керек, сол себепті жақын маңға лақтыра салуға тырысады».*

Диаграмма 1.12. Егер Сіз ауыл тұрғынының немесе туристің/демалушының орынсыз жерде (далада, табиғатта) қоқыс тастағанын/лақтырғанын көрсеңіз, не істер едіңіз?




1.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?

Зерттеу нәтижелері бойынша тұрмыстық қалдықтардан құтылу жолдарына назар аударылады. Көбіне жергілікті тұрғындар қоқыс пен керек емес заттарды қоқыс алаңдарына апарып тастайды (81%-ы), *«қоқыс алаңы бір жерде орналасқан, заң бойынша қазір өзгертулер енгізілді, облыста жаңа қоқыс алаңын салу жоспарлануда, бір типтік жоба бар, соған сәйкес келесі жылы құрылыс жүргізілу керек, әрине, жүргізілсе жақсы болар еді».*

Бұл сұраққа қатысты басқа жауаптардың жоғарылығына қарамастан, Баянауылда тұрғындардың аз мөлшері қоқысты қоқыс алаңдарына апарды (81%-ы) (мысалға, Сатыда бұл көрсеткіш 91%, ал Имантауда – 87%).

Респонденттердің 40%-ы қоқысты өртейді, *«кейде сондай жағымсыз иіс пайда болады. Демалу мүмкін емес. Менің көршім қоқысты пешке жағады, мен оған бір-екі рет айттым, ол сонда да жалғастырып жатыр. Маған бұл ұнамайды».* Ерекшелігі мынада, көбіне Баянауылда қоқыстар мен керексіз заттарды сақтайды (3%), мысалы Имантауда (1%).

Диаграмма 1.13. Ауылыңыздың тұрғындары тұрмыстық қалдықтар мен қажетсіз заттардан құтылу үшін қандай әдістерді жиі қолданады? (N=151)



Баянауыл ауылының басым көпшілігі (92%-ы) қоғамдық орындарда (көшелерде, дүкен алдыларында, мекемелерде) қоқыс жәшіктері мен қоқыс жинау орындары бар деп есептейді. Салыстырсақ, Сатыда мұндай жауап 63%, ал Имантауда 64%. Әрбір жиырмасыншы ауылда қоқыс шығаратын арнайы орын жоқ деп есептесе, 3%-ы бұған мән бермеген, «қоқыс жәшіктері, контейнерлер барлығы бар. Мысалға, адам көп кездерде қоқыс жәшіктері тез толып кетеді, жарты сағатта, бізде Сағындықта 76 қоқыс жәшігі тұр, әрқайсысының арақашықтығы – 5 метр. Егер қоршаудан ары шығатын болсаңыз, онда 3 контейнер тұр, таңертең және кешке күн сайын шығарамыз».

Диаграмма 1.4. Сіздің ауылыңызда, қоғамдық орындарда (көшелерде, дүкендердің, мекемелердің алдында) қоқыс жинайтын жәшіктер немесе арнайы орындар бар ма? (N=151)



Экология: өзекті мәселелер

1.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен

Тұрғындардың айтуынша, Баянауылдың экологиялық жағдайы мен мәселесі төмендегідей. Баянауыл ұлттық паркі көлдерімен танымал, оның басты мәселесі ретінде сулардың ластануын айтады (60%). Мамандардың айтуынша, бұрын суқоймалары ағынды сулармен ластанған, бірақ қазір мәселе бұл аса өзекті емес, «3-4 жыл бұрын жақсы септик жасаған. Түбі шіріп кетпес үшін арнайы бетоннан құйып жасады. Қазір мұны аздап жөндеді. Бұрын барлығы темірден жасалынған болатын. Ол кезде астында бәрі шіріп жататын. Қазір бетоннан жасап жатыр».

Сауалнамаға қатысушылар екінші басты экологиялық мәселе ретінде ғимараттар мен үйлер салудың табиғат бедері мен табиғи ландшафттың өзгеруіне әсерін атап көрсетеді (51%).

Диаграмма 1.15. Сіздің ойыңызша, сіздің ауылыңыздағы экологиялық өзекті мәселені атап көрсетіңіз



48%-ын ауаның ластануы алаңдатады. 46%-ы демалыс орындарының ластануын мәселе ретінде көрсетеді. Ауыл көшелерінің ластануы сауалнамаға қатысқандардың 40%-ын алаңдатады.

Әрбір үшінші респондент жануарлар мен өсімдіктер әлемінің әртүрлілігінің азаюына алаңдайды. Респонденттердің 30%-ы қоқыс алаңдарының, өздігінен пайда болатын үйінділердің ұлғаюына және туристік жолдар бойындағы аумақтың ластануына алаңдайды. 26%-ның айтуынша,

Баянауылда қоқыс алаңдарының ауыл маңында орналасуы мен мал өлекселерін тастайтын орындардың жақын орналасу мәселесі бар. Респонденттердің 15%-ын туристер тарапынан шу, ал джиптер мен квадроциклдердің әсерінен болған топырақ эрозиясының мәселесі 12%-ын алаңдатады.

1.8. Экологияға кім жауапты?

Бірінші кезекте баянауылдықтардың өз ауданындағы қоршаған ортаны ластау мәселелерін шешуге қандай ұйымның атсалысуы керектігі туралы ойлары төмендегідей. Сауалнамаға қатысқандардың үштен екісі табиғаттың ластануы мәселесімен жергілікті әкімдік, ал 49%-ы аудан әкімдігі айналысуы тиіс деп санайды. Баянауылда аудан әкімдігінің жауапкершілігі Сатыға қарағанда әлдеқайда жиі көрсетілгенін (5%) және Имантауда (27%), бұл соңғысының аудан орталығынан алыс орналасуына байланысты екенін айта кеткен жөн.

43%-ы мәселені шешу жауапкершілігі жергілікті тұрғындарда болуы керек деп санайды. Респонденттердің 40%-ның пікірінше, мұндай жұмыстарды еріктілер мен экологиялық ұйымдар жүргізуі тиіс деп санайды, «Қазір Баянауылда таза. Өте жақсы. Адамдар жинап жатыр. Көлдің жағасын да тазалап жатыр. Қоқыс міне – Алматы, Астана. Демалыс үйлері бар. Бірақ бізді қоқыс мәселесі алаңдатады. Міне, контейнерлер тұр, алып кетіп жатады. Келеді, алып кетеді. Таза болып, иісі шықпас үшін күнделікті қоқысты шығарып тұрамыз. Барлығы да өзіміз үшін».

Респонденттердің 37%-ы қоршаған ортаны ластау мәселелерімен ұлттық табиғи парк басшылығы мен қызметкерлері айналысуы керек деп есептейді. Осыған байланысты әрбір бесінші адам қонақүйлер мен демалыс орындарының иелерін көрсетті. 9%-ы облыс әкімдігінің жұмысына, 7%-ы жергілікті бизнеске бағытталған.

Диаграмма 1.16. Сіздің ойыңызша, Сіз тұратын жердегі қоршаған ортаның ластану мәселелерімен бірінші кезекте кім, қандай ұйымдар айналысуы керек?




Экологиялық сұрақтармен кім айналысып жатыр деген сұраққа, тұрғындардың төрттен бірі «Жасыл ел» ұйымын атап көрсетеді. 24%-ы белсенділердің аттарын атап көрсетті: Әшім Нұргүл, Досмағанбетова Салтанат, Солтылалин Мереке, Болкен Кәусар, Мұратбеков Әділет, Ольга Малиновская, Ельмира Мергенбаевна, Шадет Есназар, Кайыржан Айдана, Альмира Кажыбаевна.

Респонденттердің 8%-ы әкімдік пен жергілікті тұрғындарды көрсеткен, *«Жергілікті билік үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді, халықпен сөйлесті, бұл өз нәтижесін берді деп ойлаймын. Көктем-жазда да адамдар өздері сенбілікке шығып, қоқыстарды тазалап, КамАЗ көліктері контейнерлерді алып шығып, таулы жерлерден қоқысты төмен түсіретін. Шамасы, сол жерде, барлығына жеткілікті қоқыс жиналып қалған шығар, бұл – жылдар бойы жиналған қоқыстар».*


Тек 5%-ы ғана экологиялық мәселелермен ұлттық парк айналысады деп санайды. Бір қызығы, жергілікті тұрғындар мектептің экологиялық мәселелерді шешудегі белсенді рөлін айтады. Мысалы, мектепте экологиялық акцияларға белсене қатысатын «Орманшылар қозғалысы» балалар ұйымы бар, *«мектепте қозғалыстар бар. Бұл бір жағынан балаларды тәрбиелеу болса, екінші жағынан ата-аналар да риза, бір шетінен таулы аймақтар да тазалана бастады, тауларды да жайлап қоқыстардан тазалап жатырмыз».*

Диаграмма 1.17. Сіздің ауылыңызда экологиялық мәселелермен айналысатын еріктілер, ұйымдар, органдар бар ма? Ұйымның атауын, аты-жөнін атаңыз? (бір жауапты таңдаңыз)



Респонденттердің 64%-ы соңғы 3-5 жылда Баянауылда кейбір экологиялық іс-шаралар мен акциялар өткізілгенін алға тартады. 16%-ы басқаша ойласа, 20%-ы мұндай әрекеттердің болғанын есіне түсіре алмады, «біздің ауыл таулы жерде орналасқан, екі көшенің ортасында тау тұр, ол сол екеуін бөліп тұр, соның ортасынан көп адамдар өтеді, соңында көп қоқыстар пайда болады. Міне, адамдар, барлығын өздері тазалады, тек жергілікті биліктен тек техника сұрады, біз әрине сөзге келместен оларға техниканы жібердік».

Диаграмма 1.18. Соңғы 3-5 жылда сіздің ауылыңызда жүргізілген қандай да бір экологиялық акциялар, іс-шаралар туралы айта аласыз ба?



Тұжырымдар 1.

Үш бақылау орнының ішінде Баянауыл ауылының ұйымдастырылған туристік нысан ретінде және ұлттық парк аумағымен шектесетін ауыл ретінде тарихы терең. Кеңес кезеңінен қалған ескірген қонақүй инфрақұрылымы курорттық аймақтың жағымсыз тұсы саналады. Жергілікті тұрғындар инфрақұрылымды жаңғыртуға инвестиция құя алатын жеке қаржы ресурстары мен инвестициясының жоқтығы мәселесімен бетпе-бет келіп отыр, бұл қонақүйлердегі өмір сүру жағдайлары мен қызмет көрсету сапасына әсер етеді. 2018 жылы Баянауыл курорттық аймағы болашағы дамыған ТОП-10 туристік аймаққа енді, бірақ сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, әзірге инвестиция тек жолдар мен коммуникациялар құрылысына ғана құйылуда.

Сауалнамаға сәйкес, тарихының тереңіне қарамастан, ауыл тұрғындарының төрттен бір бөлігі ғана туристерге қызмет көрсетеді. Сондай-ақ туристік бизнес саласы ретінде де, жұмыс орны ретінде де тартымды деп танылды. Бұрынғы тұрғындардың ауылға оралып, сәтті қонақжайлық бизнесін құрған мысалдары да бар.

Бірақ Баянауылда тұру қызметтері негізгі қызметтен гөрі жергілікті тұрғындар үшін қажет қызмет түрі болып табылады – сауалнама нәтижелері бойынша тек 27%-ы ғана қызметтің осы түрін көрсететінін атап өтті. Қонақүй ұйымдастыру үшін жер алу кезінде, сондай-ақ оны рәсімдеу мен рұқсат алуда бюрократиялық сипаттағы туындаған қиындықтар басты

мәселе болуда. Осы орайда, туристерге жергілікті тұрғындар көрсететін қызметтердің негізгі түрлері табиғат аясында іс-шараларға арналған жабдықтарды (негізінен суды) жалға алу және үйде дайындалған тағамдарды сату болып табылады. Жалпы, бақылау нәтижелері бойынша Баянауылда тұру мен тамақтандыру қызметтері өте жоғары бағаланады, бұл туристер үшін қонақүйлер мен демалыс орындарының тартымдылығын төмендетеді. Баянауыл курорттық аймағының тартымдылығын төмендетудің негізгі тәуекелі ретінде қызмет көрсетудің төмен деңгейі мен ескірген инфрақұрылым екенін айта кеткен жөн.

Баянауыл болашақтағы экотуризмді дамытудың орны ретінде танылды; бұл рюкзактармен және шатырлармен саяхаттау үшін тартымды аймақ болып қала береді. Сауалнамаға қатысқан 10 адамның 7-і экотуризм бағыт ретінде өз аймағында белсенді түрде дами бастағанын атап өтті: қазірдің өзінде туристік маршруттар әзірленген, туристік жолдар мен санитарлық аймақтар жабдықталған. Бірақ көбіне мемлекеттік немесе жергілікті үкімет тарапынан экотуризм әуесқойларына ешқандай қолдау көрсетілмейді деген пікір танытады.

Аймақтың басты табиғи көрікті жерлері - көлдер. Баянауыл ауданы мен Павлодар облысы басшылығының ғана емес, сонымен қатар ауыл тұрғындарының негізгі экологиялық мәселелері туралы сөз қозғағанда басты алаңдататыны – суқоймаларының жай-күйі, көл жағалауындағы құрылыстар. Су нысандарының ағынды сулармен ластануы күрделі мәселе болып қала береді. Сонымен қатар сауалнама көрсеткеніндей, бұған жергілікті тұрғындар жауапты.

Таяқтың екі ұшы бар сияқты туризмнің де өзінің жақсы және жаман жақтары болады. Бір шетінен туризмнің дамуы бизнес пен ауыл тұрғындарының әл-ауқатының артуына септігін тигізсе, сондай-ақ сұралғандардың 10-нан 8-і ауыл маңындағы шу мен қоқыстардың көбеюінің басты себепкерлері деп туристер мен демалушылар деп санайды. Бұл ретте екі басты мәселеге баса назар аударылады: қоқысқа қатысты табиғатта өзін-өзі ұстау мәдениетінің жоқтығы мен шығарылатын қоқыс көлемінің ұлғаюына әкелген туристер ағынының артуы.

Тұрғындардың қоқыстарды жинау және шығаруға қатысты мінез-құлық тәжірибесі туралы айтар болсақ, зерттеу жергілікті тұрғындар арасында қалдықтарды пайдаға жаратудың негізгі түрлері қатты тұрмыстық қалдықтарды қоқыс алаңдарына шығару (81%-ы) мен өртеу (40%-ы) деп көрсетеді. Дегенмен жүргізілген ауқымды сұхбаттардың негізінде ауыл тұрғындарының басым бөлігі заңды түрде табиғи қорғалған аймақтарда өртеуге тыйым салынатын қоқыстарды өртейтіндері анықталды (мысалы, пластик және целлофан).

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі бірінші кезекте қоршаған ортаны сақтаумен қатар тазалықты сақтау жергілікті атқарушы органдардың – ауылдық және аудандық әкімдіктердің, содан кейін тұрғындардың міндеті екеніне сенімді. Бұл ретте Баянауылда көлдер мен туристік жолдарды тазарту бойынша ерікті ұйымдар тәжірибесі алға қойылған. Әрбір екіншісі «Жасыл ел» белсенділері мен еріктілерінің жұмысын атап көрсетеді.

2. Имантау ауылы: жол айрығында

Имантау-Шалқар курорттық аймағы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан және республикалық маңызы бар он туристік орындардың тізіміне кіреді. Имантау көлі – ең үлкен көлдердің бірі, туристерді қызықтыратын орын, тыныш отбасылық демалыс үшін өте қолайлы. Демалыс орталықтары Имантау аулындағы көлдің дәл жағасында орналасқан.

Ауданның туристік маршруттары «атақты Ботай (Ботай мәдениетіне арналған)», «Қарасай және Ағынтай батырлардың» мемориалдық кешені, Шоқан Уәлихановтың әжесінің «Айғаным» мұражай үйі елдімекенде орналасқан.

Экологиялық жол аймақтың Айыртаушық көлі, Баян шатқалы, Шалқардың оңтүстік жағалауы, Өткір төбе және т.б. сияқты көрікті жерлерінен өтеді⁴.

Туризм мен ауыл экономикасы


2.1. Имантаудың туристік нысан ретіндегі тартымдылығы

Имантау ауылы тұрғындарының пікірінше, аймақтың туристер үшін тартымдылығы артып отыр. Сауалнама қатысушыларының 67%-ы олардың ауылдарының демалыс орны ретінде тартымдылығы артып келе жатқандығын, 2%-дан кемі бүгінгі күні туристердің саны төмендеді деп санайды. Әрбір жетіншісі (14%-ы) демалушылардың көлемі бір деңгейде сақталып тұр деп санайды. Сонымен қатар ауыл маңына демалуға келгендер ағынындағы қандай да бір өзгерістерді бағалау қиындық тудырғандардың үлесі 17%-ы құрайды, бұл Баянауыл мен Саты бойынша осыған ұқсас көрсеткіштерден 2-3 есе жоғары. Бұл туризмнің маңызды құбылыс ретінде қабылданбағанын көрсетеді. Ауыл тұрғындарының бір бөлігі оны қараусыз қалдырады.

Көбінесе бұлар – өзінің кәсіби сипаты бойынша байланысқа түспейтін және демалушыларға ешқандай қызмет көрсетпейтін тұрғындар.

⁴ https://el.kz/ru/news/puteshestviepage/prirodnoe_dostoyanie_shalkar_i_imantau/
Дата обращения: 27.09.2022

Диаграмма 2.1. Туристер арасында аймақтың тартымдылығы ... (% , бір нұсқа)



Бір қызығы, Имантаудың туристік нысан ретіндегі тартымдылығын орта мерзімді кезеңде (3-5 жыл) сақтау туралы айтатын болсақ, ауыл тұрғындарының болжамдарында қазіргі жағдайды бағалаудан көрі пессимистік көзқарас басым көрінеді. Сауалнама қатысушыларының үштен бірі болашағын көрмейді. Сауалнама қатысушыларының әрбір оныншысы (9%-ы) аймақтың тартымдылығы төмендейді десе, ал әрбір төртіншісі (23%-ы) бұл сұрақты болжауда жауап беру қиындық туғызады деп санайды. Сондай-ақ туристік кәсіппен айналыспайтын ауыл тұрғындары жауап беруде үлкен қиындықтарға тап болып отыр.

Әйтсе де ауыл тұрғындарының басым бөлігі (58%-ы) туристер үшін олардың аймағының тартымдылығының артатындығына сенімді. 2021 жылы Имантау-Шалқар аймағына 60 мыңнан астам турист келген.

Қонақүй иелері бұл ұстаныммен келіседі. Олардың бағалауы бойынша Имантау енді ғана өзінің туристік әлеуетін ашып келе жатыр, танымалдылығы артып, қонақтар ағынының артуына ықпал тигузіде, *«пандемияға дейін ресейліктер көп болған, басым бөлігі Омбы облысынан... Бұрын қостанайлықтар аз болған, қазір олар да және Қарағанды, Астана, Петропавлдан да көп келеді»*.

Туризм индустриясын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында бүгінде күн тәртібінде инфрақұрылымдық мәселелерді шешу мәселесі тұр. Имантау қонақтардың көбін қабылдауға және туристер үшін бәсекелестікке дайын болатын жыл алдағы 2-3 жылдық кезең деп қарастырылады, *«Имантау әзірге көп туристерді қабылдауға дайын емес, төсек орындар аз. Егер біз қазір тартымдылығын арттыратын болсақ, сұраныс көп бірақ ұсыныс аз болады, «Біз дамып жатырмыз, барлық демалыс аймақтары іс жүзінде қайта салынуда, барлығы дамуда»*.

Сауалнамаға қатысқандардың жауаптарын топтастырсақ, демалыс орны ретінде тартымдылығын төмендететін басты себептер: табиғаттың ластануы (31%) мен туристік қызмет көрсету (28%). Сұхбатқа қатысушылар Имантау маңының тартымдылығын айта келе, оның ең басты активі табиғаты, қонақтарға қызмет көрсету әзірге туристік тартымдылық факторына айнала қоймады деп санайды, «*келіп жатыр. Бірақ ешқандай жағдай жоқ. Ешқандай жағдай қарастырылмаған... мұнда ешнәрсе дамымаған. Ешкім тамақ әзірлемейді. Тұрғылықты орынмен қамтамасыз ету қарастырылмаған. Туризм мүлдем жоқ. Бірақ адамдар табиғатына бола осында келіп жатыр*». Жаңа үй иелерінің бағалауынша, Имантаудағы демалыс әлі де кеңестік кешеннің дәстүрін сақтайды, сол кездегі қызмет тек төсек-орынмен шектелген. Бұл - жағымсыз фактор. Қонақжайлылық индустриясына маманданған және демалу үшін жағдайды дұрыс ұйымдастыра алуды білетін кәсіби менеджерлердің жоқтығын қонақүйлердің қызмет көрсету сапасынан көруге болады. «*Демалыс орындарында қызмет көрсету мәселесі, әрине, қызметкерлер мен иесінің өзінде де қарастырылмаған. Яғни ол тек өз аймағында ғана тұрып көрген, ешқайда демалуға шықпаған, сол себепті де ол салыстыра да алмайды. Ол кеңес кезеңіндегідей болса қалыпты жағдай деп санайды, тек төсек-орындарды бере салу, оны өздері төсеп бермеу, клиенттің кете салысымен қасық-шанышқыларының санын есептеу, міне, шамамен осы тұстары*».

Диаграмма 2.2. Тұрғындардың пікірінше, туристер үшін аймақтың тартымдылығының төмендеуінің басты себептері (ашық сұрақ, %)




Дамымаған инфрақұрылым (16%-ы) тауарлар мен қызметтерге жоғары баға (9%-ы) да тартымдылықты арттырмайды. Бұл, ең алдымен, жолдардың сапасына және демалыс үйлерінің көліктік қолжетімділігіне қатысты, «*біз жолдың жөнделетініне сеніп жүрміз. Бұл сұрақ көтеріліп, жолдарға асфальт төсеп бастағанда біз қатты қуандық. 14 шақырым төселгеннен кейін қаражат таусылып қалды. Болады ма, болмайды ма деп мен күмәндана баста-*

дым. Адам жай ғана келіп, көлікті тұраққа қою үшін оған қандай да бір грейдер керек, асфальт төсеу керек», «...қазір Имантауға дейін жолдарды жасады. Қазір бұл жол тораптары да құйылуы керек, асфальт төселді... Бірақ сонымен жұмыс істеп жатыр».

Тартымдылықтың өсуі мен оның төмендеу себептері бойынша болжамдардың кросс-талдауы ауыл тұрғындарының қоршаған ортаның экологиялық жағдайына, оның ластану дәрежесіне, ауданның туристік тартымдылығының төмендеуіне ықтимал тікелей тәуелділікті көретінін көрсетеді. «ластанып жатыр. Егер қатты ластанатын болса, Имантауға ешкім келмейді».

Диаграмма 2.3. Ауданның 3-5 жылдағы тартымдылығы мен оның төмендеуінің ықтимал себептері туралы жауаптардың арақатынасы, %



Аудандағы туризмнің болашағына сеніммен қарайтындар қатарында туристер ағынының азаюын қонақжай сервисі мен өмір сүру жағдайларымен байланыстырады, «адамдар келуде, келуде, бірақ олар үшін ешқандай жағдай қарастырылмаған, тек ақша жинап алса болды. Ал, тұру шарттары бар: үйлер, дәретханалар тек тақтайшалардан жасалған, әрине бар, жақсылары бар, қоқыс жәшіктері – жағдайдың барлығы түсінікті сияқты. Ал, мұндай бос уақытты тиімді пайдалану ұйымдастырылмаған».

Имантау тұрғындары өз аймағының туристер үшін тартымдылығын табиғи көрікті жерлерінен және олардың жай-күйінен көрсе, демалыс үйлерінің иелері қонақтарға қызмет көрсету деңгейін, ауыл инфрақұрылымының жай-күйінен байқайды. Бірақ сауалнама көрсеткеніндей, рюкзакпен серуендеуге уақыт азайып, демалушылардың қызығушылығы «жабайы» емес, жайлы, ұйымдасқан демалуға артып келеді («Бізде жастардың рюкзакпен өткендігін байқамадық, ал Астанадан келіп жатады, біз көрдік. Жазда бір-екі рет болады») және бұл жақын арада аудандағы туризм инфрақұрылымының даму векторын анықтайды.

2.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы

Ауыл тұрғындарының айтуынша, Имантау көлі мен оның төңірегі көршілес Зеренді мен Бурабай курорттық аймақтары сияқты танымал болмаса да, *«бұл жерде ертеден, тіпті Кеңес Одағы кезінде де бәрі демалатын және қазірде демалуда».*

Бірақ туризм ауыл үшін айтарлықтай табыс көзі болған жоқ. Кеңес одағы кезеңінде Имантауда бірнеше алып халықты жұмыспен қамтып отырған өндірістер болған, олар: «Имантау» сыра зауыты, арктикалық түлкі мен күзен өсіретін аң терісі зауыты, СМУ, құс фабрикасы, наубайхана, кеңшар жұмыс кооперативі, Арықбалық шаруашылық комбинатының филиалы, Имантау орта мектебі, балық артелдері. Сол кезең ауыл тұрғындарының есінде және олар сол кезеңдегі өндірістің әлеуетін жоғалтып алғандарына өкінеді, *«О! Бізде бұрын тек бір ауылда 11 директор болатын. Өндірістің 11 директоры. Бізде бірнеше кәсіпорындар болған, сыра зауыты, тері фирмасы, тамақ комбинаты, совхоз, құс фабрикасы, астық шаруашылығы болды».*

Ауылда туристік бизнес 2000 жылдардың ортасында қарқынды дами бастады. Содан кейін бірнеше туристік базалар соның ішінде бұрынғы пионер лагерінің аумағында ұйымдастырылды. Мемлекеттік жоба аясында Имантау-Шалқар курорттық аймағы 2019 жылы 10 басым туристік аймаққа енді. Оны дамытуға 23 миллиард теңге бөлінгені, ол инженерлік инфрақұрылымды, жолдар мен кіреберіс жолдарды салуға, сондай-ақ курорттық аймақты абаттандыруға, атап айтқанда, Имантау көлінің қасында жағалау салуға жұмсалатыны, ат, велосипед жолдары мен шолу алаңын жақсарту жүргізілетіні айтылды⁵.


Ауыл тұрғындарының басым бөлігі ауылда туризм саласының дамуы оң қарқын алғанын айтады (60%-ы), бірақ әрбір үшіншісі туристік бағыт нашар немесе өте нашар дамуда деп есептейді. Негізінен, бұл өндірістегі жұмысшылардың, маусымдық жұмыстарда жұмыс істейтіндердің, сауда және қызмет көрсету саласындағы жұмысшылардың пікірі. Демалыс үйлерінің иелері өзгерістерді бизнесті жүргізу және оны дамыту жағдайлары тұрғысынан бағалайды. Қолайлы жағдайлар ретінде аталғандар: жолдардың жөнделуі, ауылда телекоммуникацияның жүргізілуі, демалу базаларына электроэнергия мен судың жүргізілуі; қолайсыз жағдайлар ретінде аталғандар: жоғары салықтар, аумағында демалыс аймақтарының басым бөлігі орналасқан ұлттық паркпен жасалған шарттар талаптары, қонақжайлылық индустриясында жұмыс істейтін кадрлардың тапшылығы.

⁵ Имантау-Шалқар курорттық аймағының индустриясына 23 млрд теңге салынады. Жарияланған күні 27.08.2019. <https://ism.kz/v-infrastrukturu-imantausko-shalkarskoj-kurortnoj-zony-vlozhat-23-mlrd-tenge> Шыққан күні 24.09.2022

Қазіргі уақытта Имантауда туризмнің екі түрі бар: «жеке инвестициялардың тарапынан дамитын курорттық және жергілікті тұрғындарды қамтитын «қауымдастыққа негізделген туризм». Сонда да сұрақ әлі де талқылануда, «қай бағытта барады: Имантау коттедджер бағытына, үйі барлардың барлығы қонақтарды қарсы алып алады, немесе Бурабай секілді бәрі керемет әдемі демалыс орнына айналмақ».

Имантау ауылының тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша бүгінгі таңда ауыл тұрғындарының бестен бір бөлігі (22%-ы) туризм саласымен айналысады. Көпшілігі (78%-ы) бұл саланың дамуына қатысы жоқ екенін атап өтті.

Диаграмма 2.4. Қазіргі уақытта туристік қызмет көрсететін тұрғындардың үлесі (респонденттердің жалпы санынан %)



Ауыл тұрғындарының туристерге/демалушыларға ұсынатын негізгі қызметтері туристерді орналастыру қызметі (57%) және азық-түлік өнімдерін сату (43%). Екінші деңгейге қосалқы қызметтер кіреді: қоғамдық тамақтандыру, көлік және жеке қызметтер (әрқайсысы 33%-дан).

Демалуда маңызы бар қызметтер, яғни мәдени және бос уақытын пайдалану бағдарламалары, экскурсиялық бағдарламалар кең таралмаған. «жолбастаушы ешкім жоқ. Бірақ мен сіздерге айтайын: ауылда барлығы мал, құс асырайды, әркімнің өз жұмыртқасы, қаймақ, майы бар. Туристердің келуіне байланысты жергілікті тұрғындардың барлығы осыдан табыс тауып отыр. Олар демалыс орталығына барады, олардың өз клиенттері бар, атап айтқанда туристер».

Диаграмма 2.5. Бүгінгі таңда сіз немесе Сіздің отбасыңыздың мүшелері туристерге/демалушыларға көрсететін қызметтерді атаңыз (демалушыларға қызмет көрсететіндердің % (22%))



Сауалнама нәтижесі бойынша, тұрғындардың тек 4%-ы Имантау жағдайында туризм саласында кәсіп ашу оңай деп айтқан. Басым көпшілігі (43%-ы) бұл қиын, дегенмен шешілетін мәселе санайды. Ал, мұны «мүлдем мүмкін емес» деп санайтындардың үлесі 22%-ды құрайды. Атап айтсақ, әрбір үшіншісі (31%) үшін бұл сұрақ қиындық тудырған. Сұхбатты талдау негізінде жергілікті тұрғындар арасында туристік бизнеске қызығушылықтың төмен болуының бірнеше себептерін анықтауға болады. Біріншіден, бұл - жыл мезгілдерінің ауысуы мен жеке бақылауға және барлық процестерге қатысуға бейімделген табиғи шаруашылыққа негізделген ауыл логикасы «біз туризммен қашан айналысамыз? Біреуінің - малы, не шөп оруы, не ағаш жаруы бар, жаз бойы олардың қолдары тимейді». Жұмысшыларға қызығушылық танытқан қонақүйлер мен демалыс орындарының иелері басты мәселе ретінде осыны атап көрсетеді. «Жергілікті тұрғындардың неге жұмыс істегісі келмейтінін білесіздер ме? Мен оларды түсінемін, олардың саясатын зерттедім – олар қысқа дайындықпен, яғни шөп шабумен, ағаш жарумен және тағы басқалармен айналысады, олар қысқа дайындалуда. Егер олардың ойлау қабілетін өзгертсе, оларға айтса егер сен уақытыңды босқа құртып жатырсың, егер сен маусым кезінде ауылда кәсіппен айналысып қалсаң, сен бұл ақишарды тауып, 50%-ын қалтаңда

қалдырып, қалған 50%-ын қазір уақытыңды неге жұмсап жатырсың соған берсең болады, яғни: шөп шабу үшін, ағаш жарғызу үшін - Сіз оны жай ғана сатып ала аласыз. Бірақ оларға бұл математиканы ешкім үйреткен жоқ, олар жылдан-жылға осылай өмір сүруге үйренген, олар өзгермейді, бұл тиімсіз».

Екіншіден, бұл жұмыстың маусымдылығы. Туризм тәуекел бизнес түріне жатады, яғни ол туристер ағыны мен ауа-райына тәуелді. «Туризм саласымен айналысып жатқан жергілікті тұрғындардың қосымша табыс көзі бар, адамдар әлі мақсат қоймаған, олар туризм табыс әкелетіндігін білмей жүр. Жергілікті тұрғындардың шағын бөлігі ғана 3-4%-ы туризмнен пайда тауып жатыр».


Үшіншіден кіру ақысының жоғарылығы. Бизнесінің бастамасы әрқашанда инвестициялық салымдарды қажет етеді. Жергілікті тұрғындардың жеке инвестиция салуға қаржылық мүмкіндіктері жоқ, көбінесе кепілзаттың жоқтығынан несие алуға мүмкіндік жоқ, «әрине жергілікті тұрғындардың айналысқаны жақсы ғой, бірақ бұл үшін мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау қажет, субсидиялар, гранттар. Өйткені, ДАМУ бағдарламасына қатысса да, барлық жерде кепілдік болуы керек, ал ауылдық жерлерде мұндай кепілдіктер қайдан болсын? Оны тек санаулылар ғана ала алады».

Төртіншіден, тұрақты табыс әкелетін балама бизнестің болуы. Имантауда бұл гүлдер мен бал өндіру. Гүл бизнесінде қазір 150 шаруашылық жұмыс істейді, бұл 500-ге жуық тұрғын. Сонымен қатар дәл гүл өсіру мысалын алсақ, осы бизнестің бірбағытты мамандануы, кейбір сұхбатқа қатысушылардың пікірінше, жергілікті тұрғындар арасында кәсіпкерлік бастаманың жоқтығы мен тәуекелге баруға дайындығы туралы айтуға болады. «бір кездері оларға гүл өсірумен айналысқаны жақсы, бірақ мен түрлерін түрлендіріп, тағы бірнеше гүл өсіруді ұсынар едім, әйтпесе олардың барлығы бірдей петунья өсіруде, оларды әртүрлі қып шығарса да болмақ».

Жалпы алғанда, жергілікті тұрғындар туристік бизнеске инвестиция салуға әзірге дайын еместігін, тек туристерге үй өндірісі тағамдарын сатумен шектелетінін атап айтса болады, «біз әзірге өзіміз қаламаймыз, егер ниет болса әрине бәрін де істеуге болар еді». Қонақүйлер мен демалыс орындарында жұмыс істеу тартымды жұмыс орнынан гөрі мәжбүрлі түрде қарастырылады, «Кеше ғана бір әйелді кездестірдім, мен одан: лагерьде жұмыс істейтін шығарсың?-деп сұрадым. Ол: «Жоқ, «Боровушкада». Ол қыс бойы жұмыссыз жүрді, ал жаз маусымында жұмысқа шақырылды». Сауалнама қорытындысы бойынша ауыл тұрғындарының 38%-ы қонақүйде жұмыс істеуді тартымды жер деп санаса, дәл осы сан – 38%-ы оларға баға беру қиын деп жауап берді. Әрбір төртіншісі (24%-ы) мұндай жұмыс орнын тартымсыз деп санайды. Кәсіптік білім болмаған жағдайда жергілікті кадрлар негізінен біліктілігі төмен жұмысқа тартылады: «бәріне қызмет көрсететін техникалық қызметкерлер, күзетшілер, тазалаушылар, жеткізу қызметімен айналысу-

шылар». Қонақүйелері мен ауыл тұрғындары қонақжайлылық бейіні бойынша мамандардың жеткіліксіздігін атап айтады, «бізде қызмет көрсету өте төмен, колхоз-кооперация секілді».

Диаграмма 2.6. Жергілікті тұрғындар үшін қонақүйлермен/демалу орындарында жұмыс істеу тартымды ма әлде тартымсыз ба? (респонденттердің жалпы санының,%)



Дегенмен жергілікті тұрғындардың туризм саласына табыс көзі ретінде қызығушылықтары артып келуде, оны болашақ мақсаттарынан көруге болады. Егер қазіргі уақытта 78%-ы туристік бизнеске кіріспесе, болашақта олардың үлесі 58%-ға дейін төмендеуі мүмкін. Сауалнамаға қатысушылардың 42%-ы (қазіргі таңда 22%-ы) болашақта туристер мен демалушыларға қызмет көрсетуді жоспарлап отырғанын атап өтті.

Диаграмма 2.7. Егер жоспарыңызда болса, болашақта туристерге/демалушыларға көрсеткіңіз келетін қызмет түрлерін атап көрсетіңіз (респонденттердің жалпы санынан %)




Танымалдығы бойынша бірінші орынды өз үйлеріне тұрғызуға негізделген қызмет түрлері алады, өйткені бұл ең арзаны. Сонымен қатар жоспарда үй тағамдарын туристерге сату емес, қонақүйлер мен демалу орындарына басты назар салынууда. Сондай-ақ демалысты іс-шаралар өткізуге арналған құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және кәдесыйлар шығару қызметтері де алға жылжуда. Әтсе де гидтер мен мәдени іс-шара, мерекелердің ұйымдастырушылары табысты деп қарастырылмады.

2.3. Экотуризмді дамыту мүмкіндіктері

Шалқар-Имантау курорттық аймағында оны дамытудың бас жоспарына сәйкес дамыту жоспарланған бағыттардың бірі – экологиялық туризм. Бірақ сауалнама көрсеткеніндей, әрбір төртінші қатысушы 26%-ы экотуризмнің не екендігін білмейді. Ал, бұл ұғымды түсінетіндері екі топқа бөлінеді: қазіргі таңда Имантауда экотуризм дамып жатыр дейтіндер (43%-ы) мен онымен келіспейтіндер (31%-ы).

Диаграмма 2.8. Сіздің ауданыңызда туризмнің экотуризм (экологиялық туризм) сияқты бағыты дамып жатыр ма? (респонденттердің жалпы санының %)




Сұхбаттың талдауы Имантауда экотуризмнің дамуына жақсы база бар екендігін көрсетті. Бұл дегеніміз – ауылда өзінің дәстүрлі әдет-ғұрыптарын, тағамдарын, фольклорын және ауыл маңында орналасқан археологиялық ескерткіштерін және табиғи туристік маршруттарын сақтайтын, тарихи қалыптасқан этникалық қауымдастықтар. Тұрғындармен сұхбаттасу ауылдың экотуризмде тәжірибесі бар екенін және жүзеге асыруға болатын жобаларының бар екенін көрсетеді («Экотуристермен жұмыс істей бастағанда бізде осындай орыс үйі болды. Біз оны ұлттық парк ретінде жасағымыз келген: ошақ орындар мен палатканы көрсетіп, үстел үстінде орындықтарда отыру дегендей. Бірақ қазір үй ақырындап қирап жатыр»), бірақ оны одан әрі дамытатын ешнәрсе жоқ. Әдетте Астана туроператорлары туристерді ұйымдастырып олармен бірге журуді

ұйымдастырады. Ауылда осы бағытты дамытататын бастамашыл топтың немесе тұлғаның жоқтығы өкінішті және ол оның келешегі туралы түсінік бермейді, «содан кейін біз татарлардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын дәл көрсетуге тырыстық, бірақ бәрі тоқтап қалды».

Сауалнама нәтижесі бойынша ауыл тұрғындарының 39%-ы экотуризммен айналысып жатқан кәсіпкерлер көп жағдайда өз қаражаты арқылы бизнесті дамытып жатыр десе, дәл сондай 39%-ы кәсіпкерлерге жергілікті басқару органдарынан көмектің бар-жоқтығын бағалау қиындық тудырады деп жауап берді. Тек әрбір бесіншісі (22%-ы) кәсіпкерлердің бастамасын жергілікті билік қолдайды деп санайды. Жергілікті әкімдік қызметкерімен сұхбат барысында ауылда экотуризм сияқты бағытты дамыту жоспарланып отырғаны, бірақ жеке бастама негізінде «бұл үшін жақсы инфрақұрылым, жақсы қаражат керек» бірақ ол әкімдікте жоқ. Ат ұстап, этноауыл салуды жоспарлап отырған және сол үшін қазір тиісті құжаттарды рәсімдеп жатқан Талдықорғаннан көшіп келушілер мысалға келтірілді. Бірақ ауыл тұрғынымен жүргізілген бір сұхбатта бұл жағдай егер адамның бизнес жобасы бола тұрса да, рұқсат құжаттарын ала алмайтындығының мысалы болып отыр, «енді жер-кадастрлық істі жүргізу, құжат жасау үшін бізге қандай кедергілер жасалғанын білесіздер ме? Ақылға қонымыз! Ең алдымен ауыл әкімдігіне хат жазасың, ауыл әкімдігіне баруың керек...Жалпы заң бойынша жерге құжат рәсімдеу 1,5 ай уақытта жүргізілетін болса, ал мен 1,5 жыл рәсімдедім. Енді бұл ханишайымды алып келу шарт, ол «міне бүгін мен босадым, бірақ тек осы уақыттарда ғана келіп әкетесің бе» деп телефон шалады, ой мен қолым босамай қалды, енді басқа күні келерсіз». Ал, мен не күнде шапқылауым қажет пе?! Барып тұрған бюрократия!». Бюрократия жеке бастамаға кедергі боп тұр.

Диаграмма 2.9. Сіздің байқауыңызша, экотуризммен айналысатын кәсіпкерлер өз бастамаларына жергілікті билік органдары тарапынан қолдау көре ме әлде өз бизнестерін өздері дамытып отыр ма? (респонденттердің жалпы санының, %)



Жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибелері

2.4. Қоршаған ортаны ластаған кім?

Жоғарыда атап көрсетілгендей, (1-бөлім, 19-бетті қараңыз) Имантаудағы демалыс орындары туристер жаяу жүретін жолдардың ластану деңгейін ауыл тұрғындары 5 мүмкін баллдан 3,9 балл деп бағалады. Бұл ретте яғни «өте күшті ластану» көрсеткішін сауалнамаға қатысушылар жиі таңдаған (мода).

Сауалнама нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындар әлі де туристерді Имантау табиғатының негізгі ластаушылары деп санайды, себебі сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі – 65%-ы осылай ойлайды. Туризмнің дамуын қолдамау ауылда демалушылардың қаптап келуі қоршаған ортаға зиян тигізуі мүмкін деген қорқыныш тудырады, *«мен тағы да айтайын бұл жерде туризмнің мүлдем болмағаны жақсы еді»*. Біріншіден, үлкен құрылыс жұмыстары көлге бір ғана өзен құятындықтан, елестетіп көріңізші, адамдар көп болса, қоқыс көп болса не болмақ».

Екінші орын ауыл тұрғындарының еншісінде. Сауалнамаға қатысушының әрбір екіншісі (52%-ы) қоршаған ортаны ластауда жергілікті тұрғындардың да қатысы бар деп көрсетті, *«жүріп келе жатып бөтелкені лақтыра салатын ауыл тұрғындары да кездеседі»*.

Имантаулықтар сұхбат барысында «сіздің аймағыңызда қоршаған ортаны кім ластайды немесе зиян тигізеді?» деген сұраққа жауап беруде «әр адам әртүрлі» туристер де, жергілікті тұрғындар да деп сыни көзқарас танытты. Егер туристердің варварлық іс-әрекеттерін тәрбиенің болмауы мен бөтен аймаққа жауапкершілік алмауы деп таныса, жергілікті тұрғындарды жауапқа тартылмау мен бейсаналықпен байланыстырады, *«өйткені бұған жауапкершілікке тартылмауда, олар мені жазалайды деп ойламайды, бәрі ешнәрсе көрмегендей жүре береді»*.

Диаграмма 2.10. Сіздің ойыңызша, сіздің аймағыңызда қоршаған ортаны кім көбірек ластайды/зиян тигізеді? (екі жауап нұсқасы, %)



Үшінші орынды қонақүй мен демалыс орындарының иелері алды. Әрбір үшінші респондент (32%-ы) демалу орындарын негізгі ластаушы көзі деп санайды. Демалу орындары туралы берген сұхбаттарында, тұрғындар ағын сулары мен септиктерді жою туралы шағымдарын білдірді, *«бірақ жеке кәсіпкерліктерде ондай тәртіпсіздіктер аздау деп мойындады»*. Ұлттық парк аумағын жалға алатын демалыс орталықтарында тәртіпсіздіктер біршам аз. Бұл нысандар жалдау шартының келісімі бойынша тексеру инспекцияларына ұшырайды, сол себепті иелері келісім-шартты созыруға мүмкіндік алу үшін тазалықтың барлық ережелері мен нормаларын ұстанады, *«біздің ұлттық парктегі базаларымыз, онда бәрі қаталдау, қатаң қараймыз. Қоқысқа оралатын болсақ, кез келген базада қоқыс жинайтын қызмет бар, барлығында солай»*.

Ауыл тұрғындарының айтуынша, ластанудың соңғы маңызды нысаны-жергілікті өнеркәсіп орындары. Бұлай әрбір бесіншісі жауап берді (19%-ы). Сұхбатта құс фабрикасының үстінен шағым түскен, ол бұрын қалдықтарымен көлді ластаған, *«біз құс фабрикасы жабылып қалғандығына қуандық, себебі көл соңғы кездерде қалпына келе бастады. Аққулар пайда бола бастады. Бұл көлдің таза екендігінің дәлелі»*.

Сұхбат барысында жергілікті тұрғындар мен туристердің экологиялық сауаттылығын арттыру барысында қандай шаралар қабылдануы мүмкін екендігі туралы пікірлер айтылды, бір шетінен жаза ретінде айыппұл салса жақсы болар еді, ол қоқысты қоқыс орнына апарып төгуде тиімді екенін көрсетті, *«көрсімізге қоқысты басқа жерге шығарғаны үшін 80 мың айыппұл салынды. Екі үш адамды осылай ұстап алды, сонымен адамдар қорқып арнайы қоқыс орындарына апарып тастайтын болды»; біз есік алдын тазалауға уақыт таппай жүргенбіз, қалай хат келді уақытта, солай күш те табыла кетті»*.

Екінші жағынан, тек бір ғана айыппұлмен жазалап мадақтау тәсілі көмектесе алмайды, жергілікті тұрғындардың білімін арттырып, кішігірім отанға деген сүйіспеншілікті оятып, мектептерде де жұмыс жасалған жөн, *«ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, оны сонау мектептен бастаған дұрыс. Өйткені ол бала кезден бастап бекиді. Неге менің ұлым мектептің жиі баратын қонағына айналды? Ауыл мен құрылыстардың даму тарихын айтқан, жастар соны есінде сақтап қалған. Ал, қазір оған ешкім қызығушылық танытпайды. Жергілікті билік органдарына мектеп оқушыларымен әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Бұл әкімдікке тек тексеріс үшін емес, ауылдың дамуы үшін қажет»*.


2.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері және табиғатта өзін ұстау тәртібі

Респонденттердің жергілікті тұрғындар арасында табиғи ресурстарды пайдаланудың қандай тәжірибесінің кең таралғаны және туристердің мінез-құлқы осыған байланысты жергілікті тұрғындардан қаншалықты ерекшеленетіні туралы пікірлерін салыстыру қызықты.

Сауалнама көрсеткеніндей, табиғи ресурстарды пайдаланудағы заңсыз әрекеттер туристерге де, жергілікті тұрғындарға да қатысты болуы мүмкін, әсіресе мәселе дәрілік шөптерді, саңырауқұлақтарды, жидектерді оның ішінде ерекше қорғалатын аймақтарда, сондай ақ балық аулауды жинауға қатысы көрінеді.

Сауалнама нәтижесі бойынша, салыстырмалы түрде туристерге қарағанда, жергілікті тұрғындардың табиғаттан алынатын өнімдерді заңсыз қолданатыны анықталды, ерекшелік – ағаштар мен бұталарды кесу (тиісінше 13% қарсы 18%).

Диаграмма 2.11. Көрсетілген келесі әрекеттердің қайсысы жергілікті тұрғындарға, ал қайсысы туристерге/сіздің аймақта демалып жатқандарға тән екендігін айтыңыз? (әр әрекет бойынша бір жауап)



Имантау тұрғындары үшін балық аулау өте маңызды тақырып екенін айта кеткен жөн. Ертеден балық аулау артелдерінде тәжірибесі барлар көп болғандықтан, ауылда балық аулауды бос уақыт өткізу мен хобби ретінде қарастырады. Сондықтан ол ауыл тұрғындары мен орман шаруашылығы ұлттық парк өкілдері ретінде араларында жиі шиеленістер болып тұрады. Бірнеше шағымдар да түсірілген. Ең алдымен, балық аулауда еркін мүмкіндіктің болмауы. Шалқар-Имантау курорттық аймақтағы көл ұлттық парктің бөлігі болғандықтан, балық аулау үшін арнайы рұқсат сатып алуы тиіс, оның өзінің болуы, бағасы және уақыты, оны алу үшін

кеткен уақыт (қағаз формасын тек орман шаруашылығынан ғана алуға болатын) ауыл тұрғындарының наразылығын тудырады, *«Адам немен өмір сүреді? Бұрын ол көлге барып емін-еркін балық аулап қайтатын. Ал, қазір билет сатып алу керек. Бұл үшін Имантаудан орман шаруашылығына дейін машинамен баруға тиіссің, онда 20 км қайтарда 20 км жол жүресің. Онда отырған бухгалтер шай ішуі керек. Оған жарты күн кетеді, сонда балықты қашан аулайсың? Билетті тек бір күнге береді, екінші күні қайтадан бару керек. Күніне 500 теңге, ұстадың ба, ұстамадың ба – оларды бұл алаңдатпайды».*

Екіншіден, көлдің жағдайы мен ондағы балықтарға орман шаруашылығының қатысты жауапкершіліктің болмауы, *«сіздер ұлттық паркті сала салысымен біздің өмір жақсарып кетті деп айтатын боларсыздар. Мен мұнда 56 жыл тұрамын, бұрын балықшылар бригадасы 4 км торларды сүйрететін, балық та болатын. Ұлттық парк жасады, балық аулауға болмайды, ананы істеуге болмайды, мынаны істеуге болмайды, ал балық тіпті жоқ».* Үшіншіден, орман шаруашылығының балық аулауға қатысты өкілеттіктерін асыра пайдаланды деп айыптауы, *«өздері немен қалайды сонымен балық аулайды. Көктемде біз үшін, ауыл тұрғындарына бәрі жабылады, әуелі көлге де өткізбейді. Бәрі жабылғаннан соң олар шортанды ұра бастайды, қалауы бойынша, қаласа мылтықпен, қаласа өткір затпен, өздерін қожса санайды!».*


Табиғаттағы мінез-құлық тәжірибесіне келетін болсақ, сауалнама нәтижелері табиғаттағы мінез-құлық үлгілерін нақты анықтайды, олар жергілікті тұрғындар мен туристерге тиеселі. Осылайша, тек ауыл тұрғындары жасайтын келесі әрекеттер жиі орын алуда: ағынды суларды көлге/өзенге ағызу, қоқыс лақтыру мен оны өртеу; ал тек туристер ғана жасайтын әрекетке жататындары: табиғат аясында бөтелкелерді жару, ерекше қорғалатын аймақтардағы шу, демалыс орнындарының ластануы, орман алқаптарында от жағу. Ал, егер көрсеткіштердің пайыздық мөлшері бойынша қарайтын болсақ, ауыл көшелері мен демалыс орындарының ластануы, сондай-ақ қоқысты өртеу туристер мен ауыл тұрғындарына бірдей тиеселі, *«әркімнің ұятына байланысты, біреу қоқысты лақтыра салады, ал басқасы қоқыс орнына апарып тастауы мүмкін, көбіне олар бізде дүкендердің жанында орналасқан. Ал, былай көбісі жеген балмұздақтары мен кәмпиттерінің қағазын лақтыра салады».* Бақылау көрсеткеніндей, Имантау ауылында қоқыс жәшіктерін тек дүкендер мен әлеуметтік нысандар маңынан ғана көруге болады. Жергілікті тұрғындардың ойынша, демалыс орындарында қоқыс жәшіктері жеткіліксіз, *қоқыс жәшіктері бізде жеткіліксіз, олар өте аз. Бұл мәселені шешу керек. Егер қоқыс жәшіктерін барлық жерге қойып тастасаң, ал қайда қоқысты тастайын, еш жерде қоқыс салатын жәшік жоқ дегенде, «әне анда қоқыс жәшігі тұр, апарып таста».*

Диаграмма 2.12. Көрсетілген әрекеттердің қайсысының ауыл тұрғындарына, ал қайсысының туристерге/сіздің аймақта демалушыларға тән екенін айта аласыз ба? (әрбір әрекет бойынша бір жауап)



Сауалнама көрсеткеніндей, ауыл тұрғындары да демалыс орындары мен ауыл көшелерін ластауда белсенді деп танылса, онда олардың қоршаған ортаны турист пен ауылдасы ластағанының куәгері болғандағы әрекеті қызықтырады. Сауалнама көрсеткеніндей, ауылдасқа да туристке де қатысты мінез-құлық стратегиясы бір болады. Көп жағдайда артыңызды жинап кетуіңізді сұраған ескертпелер мүмкін (68% және 66%). Маңынан өтетіндердің үлесі 2-3%-ы құраса, ал сынаумен ғана шектелетіндердің мөлшері 12-16%-ы құрайды.

Диаграмма 2.13. Сіз әдетте біреудің қоқысты тиісті емес жерге (көшеге немесе табиғатқа) лақтырғанын/қалдырғанын көрсеңіз не істейсіз, егер бұл сіздің ауылдасыңыз болса және турист/демалушы болса ше? (әр баған бойынша бір жауап)



2.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?

Ауыл тұрғындарының көбісі ауыл мен қоршаған ортаның ластану деңгейі жоғары деп санағанымен, соңғы 1-2 жылда ауылдағы қоқыс жағдайы жақсы жаққа бет алған. Әкімдік қоқыс мәселесіне назар аударып отыр. Өзінің жұмысынан бөлек, қоқыс орны мәселесін шешуді, ауыл көшелері мен тұрғындарының аулаларындағы тәртіпті қадағалауды қолға алды, «қоқыс орнын ұйымдастыру әкім үшін мәртебе саналады. Мен басында оған күманданған едім, бірақ қоқыс орнына барып көргеннен кейін адамның бұл мәселемен жұмыс істегенін көрдім, қоқыс орнын ұйымдастырған», қазір олар қоқысты алып кетуді де ретке келтірген, өйткені біздің ауылдың маңында қоқыс орындары көп болды, оның барлығын бақылауда ұстап отыр. Мен бұған қатты қуандым, әрине тұрғындар үйлерінің маңдарын өздері тазалайды, көктемде әкімдіктен жинау туралы қағаз келген. Олар үй маңдарын тазаламаған, қоқыс толып жатқан, бір жерлері құлап жатқан үй иелеріне айыппұл салды. Мұнымен билік айналысуда, өйткені ауыл таза болуы тиіс».

Ауыл тұрғындары қоқыстарды шығаруда қандай әдістерді қолданады? Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, олар көбінесе екі нәрсенің біреуін жасайды: оларды қоқыс алаңдарына апару (87%) немесе өртеу (52%). Сұхбатқа қатысушылардың дәлелінше, өртеу ауыл тұрғындары арасында кең таралған әрекет, бірақ бұл процедураларға тек қағаз қалдықтары ғана ұшырайды. Тұрғындар тұрмыстық қалдықтарды ауылдан бірнеше шақырым жерде орналасқан орталықтандырылған қоқыс тастау алаңдарына аарады.

Диаграмма 2.14. Сіздің ауыл тұрғындары тұрмыстық қалдық қоқыстарынан, керек емес заттардан құтылу үшін қандай әдістер қолданады? (екі жауап нұсқасы, %)



Ауылда қалдықтарды қайта өңдеу кең таралмаған. Бірақ ауыл тұрғындарының көбі жинап, өңдеу болса, оларға деген сұраныстың артатынына сенімді, «Егер халық тым болмаса тиын болса да, мына бөтелкелерді жинап тапсырып, тым болмаса ұсақ-түйек болса да аз болса да ақша алар еді. Сонымен міне бөшке де тұр, олар келеді, адамдар жанатынын өртеп жібереді, ал жанбайтындарын қайтадан шығарады».

Экология: өзекті мәселелер

2.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен

Зерттеулер көрсеткеніндей, Имантау ауылының тұрғындары қоршаған ортаның ластануына немқұрайды қарамайды және оның ластану мәселесі бірінші орында тұр. Сауалнама қорытындысы көрсеткеніндей, тұрғындардың пікірі бойынша, ауылдағы өзекті экологиялық мәселелер рейтингі жасалды. Ең өзекті мәселелер ретінде судың ластануы (81%) және ашық демалыс орындарының ластануы (75%) болды.

Көрсеткіштердің толықтыруларымен екінші кезекте 56%-дан 66%-ға келесідей мәселелер орын алды: алаңдар мен қоқыс полигондарының орналасуы, туристік жолдар мен көшелердің ластануы және де ландшафтарда құрылыстардың журуі.

Толықтыру көрсеткіштері 17%-дан 34%-ға дейінгі үшінші кезекте келесі мәселелер қамтылды: мал өлекселерін тастайтын орындардың жағдайы, туристердің шуы мен топырақтың зақымдануы, биоәртүр-ліліктің азаюы мен ауаның ластануы.

Жалпы, мәселелер рейтингісінен Имантау ауылын қоршап тұрған табиғаттың жай-күйі тұрғындарды ауыл көшелеріндегі тазалық жағдайынан көбірек алаңдатып отырғанын көруге болады, бұл жергілікті тұрғындар үшін табиғаттың байлық ретіндегі құндылығының жанама екенін дәлелдейді.

Диаграмма 2.15. Тұрғындардың нұсқасы бойынша, өзекті экологиялық мәселелердің рейтингісі, (жауаптардың кез келген саны, %)



2.8. Экологияға кім жауапты?


Имантаулықтардың өз аймағындағы қоршаған ортаны ластау мәселелерін шешуде бірінші кезекте қандай ұйымдар атсалысуы тиіс дегенде келесідей пікір танытады. Басым көпшілігі (90%-ы) бұл қызметті ауылдық округ әкімдігіне тиеселі деп санайды. Сұхбатта ауыл тұрғындарының әкімдікке жиі жүгініп, «Ауылдағы тазалықты әкімдік қадағалайды. Еңбек биржасы әкімдікте, олар көбінесе орталық көшелермен, дүкендердің жанына, одан әрі көше бойымен жүреді».

Қонақүйлердің, орман шаруашылығы бар ұлттық парк пен ауыл тұрғындарына қатысты айтар болсақ, зерттеу нәтижелері бойынша олар табиғи ресурстарды негізгі пайдаланушылар ретінде қоршаған ортаны ластау мәселелерін шешуде жауапкершілігінің тең болғаны жөн, олардың әрқайсысы өз деңгейінде, «яғни Қазақстанда барлығының иесі бар, иесі үнемі таза ұстауы керек. Қонақүйдің аймағында болса – қонақүй, ұлттық парктің аймағында болса – ұлттық парк, ауылдық округ аймағында болса – округ әкімдігі, егер бұл аудандық маңызы бар жол болса, онда облыстық әкімдік жауапты».

Респонденттердің төрттен бірі (27%-ы) қоршаған ортаның ластану мәселесі аудандық әкімдіктің құзырында десе, тек (9%-ы) ғана бұл облыс әкімдігінің міндеті деп санайды.

Қоршаған ортаны қорғау ұйымдарына, еріктілер қозғалысына келсек, ауыл тұрғындарының айтуы бойынша, олардың ауылында ешбір әрекет болмағаны олардың үмітін үзеді. Тек 10%-ы ғана естеріне түсіріп, оларды атап берген.


Диаграмма 2.16. Жергілікті тұрғындардың пікірінше, қоршаған ортаны ластау мәселелерімен айналысатын субъектілердің тізімі (үш жауап нұсқасы, %)



Әрбір екіншісі (49%-ы) соңғы 3-5 жылдарда экологиялық іс-шаралар өткізілгендігін растады.

Сұхбатта ауыл тұрғындары жыл сайын көктем мезгілінде ауыл мен жағалауды жазғы маусымға дайындау мақсатында аудан әкімдігі мен ұлттық парктің бірлесуімен өткізілетін «Таза жағалау» экологиялық акциясына барады. Маусымда туристерді қабылдау, «*Орман шаруашылығымен бірге акциясы аясында көлді тазалаймыз, «Боровушканы» тазалаймыз, МҰТП және Лобановский орман шаруашылығының орнына қосымша көшеттер отырғызамыз, өйткені олар МҰТП құрамына кіреді, «біз арнайы Имантауға қоқыс жинауға барамыз».*

Диаграмма 2.17. Соңғы 3-5 жылда сіздің ауылыңызда қандай да бір іс-шаралар мен акциялар өткізілгенін айта аласыз ба? (бір нұсқаны таңдаңыз)



Сауалнамаға қатысушының әрбір екіншісінің пікірінше, ауылдағы экология тақырыбының негізгі қозғаушы күші - мектеп (49%), «*мұнда негізінен мектеп, өйткені ұлттық парктің онымен айналыспайтыны анық».*

Сұхбатта ауыл тұрғындары ауыл аймағындағы орман алқабын басшылыққа алып, тазалық жұмыстарын жүргізетін мектеп жанынан құрылған «Жас орманшы» клубы туралы айтты. Клубты құру бастамасы мектеп мұғалімдеріне тиеселі.

Ауылдағы экология мәселесімен айналысатын субъектілердің ішінде екінші орында әкімдік (29%) тұр. Сауалнамаға қатысушылардың 16%-ы ғана экологиялық мәселелерді шешетін ұйымдар ретінде ұлттық парк пен орман шаруашылығын атаған. Жергілікті тұрғындармен сұхбатта ұлттық парктің жұмысына қатысты сын көп айтылды. Әсіресе, ауыл маңындағы көл мен орман екпелерін күтіп-баптау наразылық туғызады.

Диаграмма 2.18. Сіздің ауылыңызда экологиялық мәселелермен айналысатын еріктілер, органдар немесе ұйымдар бар ма? Аты-жөнін, ұйымның атын атап көрсетіңіз? (бір нұсқаны таңдаңыз)



Ауыл тұрғындары сұхбатта жиі экологиялық белсенділік танытқандар атағына ие жергілікті тұрғындарды атап өтті: биология және химия пәнінің мұғалімі Наталья, *«міне, ол да газеттерге штаттан тыс тілші ретінде жазды, бұл сұрақтарды өзі талдап шықты, газеттерге ары бері, алматылық әңгімелесулерге, біздің жергілікті газеттерге жазған. Ал, былай жоқ. Конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді»*, мектептің бұрынғы директоры Роза Шаяхметова және Раиса Абдуллаева, тарих пәнінің мұғалімі Анна Анатольевна, *«ол кейде жолдармен жүруге көмектесетін»*, бұрынғы әкім Любовь Владимировна.

Тұжырымдар 2

Имантау елдімекенінің туристік нысан ретінде тартымдылығы дамуда және болашақта дамиды да. Мұны ұлттық парк өкілдері де, жергілікті тұрғындар да, қонақүй иелері де атап көрсетеді. Ауыл маңында табиғи, тарихи көрікті жерлердің тұтас бір жүйесінің болуы – Имантау көлі, төбелер мен шатқалдар, «Ботай» қалашығы, Шоқан Уәлихановтың әжесінің «Айғаным» мұражай-үйі Имантаудың өз алдына жеке қарастыруға мүмкіндік береді, аймақ суда тек отбасылық демалыс үшін ғана емес, Шалқар-Имантау курорттық аймағын дамытудың бас жоспарында көрсетілген экотуризмді дамыту орны ретінде де болашақтағы нысан болып табылады.

Бірақ зерттеу нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындардың жартысынан көбі осы бағытты дамытудағы базаны қамтамасыз етудің орнына оның не екендігін білмейді немесе аймақтағы «экотуризм» бағытын жоққа шығарады. Әйтсе де ауылда экотуризм бағыты бойынша тәжірибе мен идеялар бар, бірақ оны жүзеге асыру үшін сырттан бағыт беретін адам керек, ал, ауылда мұндай кадрлар тапшы деп мойындайды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, Имантаудағы туристік кластерге бәсеке ретінде жергілікті халықтың 20%-ға жуығы табыстылығы жоғары гүл бизнесі, сол арқылы бәсеке тудырып, байып отыр. Қазіргі таңда сырттан келген инвесторлар арқылы ауылда жаңа туристік жобалар жүзеге асырылуда. Жергілікті кәсіпкерлерде туристік бизнеске кіруге не қаржылық қолдауы жеткіліксіз, не ынта/түсінігі жоқ. Зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, туристік бизнес пайда әкелетін бизнес ретінде жергілікті тұрғындар арасында қабылданбаған. Жергілікті тұрғындар туристерге үй өндірісі тағамдарын сатумен ғана шектеледі. Сонымен бірге әрбір екіншісінің болашақта туристерге қандай да бір қызмет ұсынуға ынталары жоқ.

Дегенмен ауыл тұрғындарының көпшілігі ауылда туризмнің дамуы оң қарқынды екенін (60%-ы) атап өтті, әрбір үшінші адам қонақүйлерде жұмыс істеуді тартымды деп санайды. Туристік класстердің дамуы мен жергілікті

тұрғындар жолдарды жөндеу мен телекоммуникация қызметін жақсартумен байланыстары. Жағымсыз өзгерістер қатарында дүкендердегі өнімдердің, халыққа көрсетілген қызметтердің қымбаттауы мен үйлер мен жерлердің қымбаттауын атап өтуге болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша аймақтың туристер үшін тартымсыз болуының екі себебі атап көрсетілді: қоршаған ортаның ластануы мен қызмет көрсету деңгейінің төмендігі. Тұрғындардың пікірінше, бүгінгі таңда ауылдың ең өзекті мәселелері судың ластануы (81%) және ашық демалыс орындарының ластануы (75%).

Имантаулықтар қоршаған орта мен көшелердің ластануында өздерінен жауапкершілікті алмайды, оны кейбір ауылдастардың білмегендігі мен жазаға тартылмауымен байланыстырады. Бірақ бірінші орынға тәртібінің жоқтығы мен бөтен аймаққа жауапкершілікпен қарамаған туристерді қойып отыр. Егер табиғатта өзін-өзі ұстау тәжірибесіне қарайтын болсақ, онда жергілікті тұрғындар ағынды суларды өзенге/көлге жиі ағызады және қоқыстарды өртейді, ал тек туристер ғана жасайтын әрекеттерге табиғатта бөтелкелерді жару, ерекше қорғалатын аймақтарда шулау, демалыс орындарын ластау, орман алқаптарында от жағуды жатқызуды болады.

Сауалнамаға қатысушылардың 10-нан 9-ы қоршаған ортаның ластану мәселесімен ауылдық округтің әкімдігі айналысуы тиіс деп санайды. Жалпы алғанда, әкімдік тарапынан қоқыс мәселесіне көңіл бөлінуде. Олар ауыл әкімінің жұмысынан бөлек, апатты жғдайдағы қоқыс мәселесін шешуді, ауыл көшелері мен тұрғындарының аулаларындағы тәртіпті бақылауды қолға алды. Ауылда қоқысты қайта өңдеу кең етек алмаған, бірақ жинау үрдісі жолға қойылса, бұл қызмет сұранысқа ие болар еді деген пікір танытады.

Имантау ауылының тұрғындарының қоршаған орта мәселелеріне бейжай қарамайтынын атап көрсеткен жөн. Ауылдағы экологиялық акциялар мектеп белсенділері мен «Жас орманшы» клубының белсенділерінің ұсынысы арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары орман шаруашылығы қызметкерлерінің жұмысына, көлдерді, туристік жолдарды тазарту жұмыстарына сыни көзқараспен қарайды.

3. Саты ауылы: туристердің «басып келуі»

«Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі «Көлсай көлдері» республикалық мемлекеттік мекемесі 2007 жылы құрылды⁶.

Ұлттық парктің көлі оның мақтанышы мен аса тартымдылығының табиғи нысандары болып табылады. Аймақтағы ең үлкен көлдер: Қайыңды

⁶ <https://kolsai-koldery.kz/ru/o-nas.html>. Шыққан күні: 20.09.2022

көлі, Төменгі, Орта және Жоғары Көлсай, Қайыңды және Көлсай ойықтарында орналасқан. Бұл көлдердің барлығы – көшкін нәтижесінде жер сілкінісінен кейін пайда болғандар. Олар парктің негізгі туризм нысандары болып табылады.

Көлдердің айналасы көптеген демалушылардың қысқа мерзімді демалуына қызмет ететін МҰТП-ең тартымды нысаны болып табылады. Сондай-ақ «Көлсай көлдері» МҰТП аумағы да сырттағы әуесқойлардың үмітін қанағаттандыра алады, өйткені түрлі күрделі және жаяу, ат туризмдері үшін көптеген бағыттарды ұсынады. Маусымдылық паркте жыл бойына созылады.

Туризм және ауыл экономикасы

«Көлсай көлдері» ұлттық паркінің 2007 жылы құрылуы ұлттық парктің аумағында орналасқан ауылдардың экономикасы мен даму болашағын түбегейлі өзгертті. Жүргізілген зерттеулер тұрғындардың экономикалық жағдайлары мен әл-ауқатының айтарлықтай өскендігін көрсетеді.

Сарапшылармен, қонақүй иелерімен және жергілікті тұрғындармен жүргізілген ауқымды сұхбаттар жергілікті халықтың ерекше қорғалатын табиғи аумақты құруға оң көзқараспен қарайтынын көрсетеді, *(«бұл парктің болуы жергілікті тұрғындарға үлкен экономикалық көмек көрсетуде»)*. Сарапшылар мен жергілікті тұрғындар жақсарулар тек экономикалық тұрғыда ғана емес, одан басқа да салаларда болғанын атап көрсетті: жол инфрақұрылымының сапасында, қоршаған ортаның жағдайында, коммуналдық қызметтер мен ғаламтордың қолжетімділігінде: *«бұл ауылдың дамуына үлкен үлесін қосты. Өздеріңіз көріп отырғандай, біздің ауыл басқаларға қарағанда жақсырақ. Таза, жаңа үйлер»; «бұрын адамдар аң аулауға, пайдалы шөптерді теруге, отын үшін қарағайларға келетін. Мұнда ұлттық парк құрылғалы бері, құзырлы органдар тарапынан шектеулер қойыла бастаған, мен өз аймақтарын қадағалайтын мемлекеттік парктардың инспекторларымен сөйлесіп тұрамын, олар жануарлар саны көбейе бастағанын айтты. Сондай-ақ өсімдіктерді себепсіз жұлуды болмайды, оған шектеулер қойылды. Басқа жағынан алсақ, ол қоқыс, бұл тұс та жақсарды, жалпы айтқанда, барлық жағынан жақсара бастады»; «жолдар салынып жатыр, ескі үйлер қайта жөнделуден жатыр, қонақүйлер салынып жатыр, өзгерістер өте көп».*

3.1. «Көлсай көлдерінің» туристік нысан ретінде тартымдылығы


«Көлсай көлдері» туристік нысаны орналасқан Саты ауылдық округінің аумағы 2007 мәртебесі берілгеннен бері ұлттық парк мәртебесі, туризм саласы, сонымен қатар ауыл экономикасы қарқынды дами бастады. Бұған, атап айтқанда, туристік нысанға жақын орналасқан Саты ауылының

тұрғындарына сауалнама жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер дәлел бола алады.

Сауалнама қатысушыларының басым көпшілігі (86,7%-ы) «Көлсай көлдері» туристік нысанының тартымдылығы жылдан-жылға өсуде деп санайды. 6%-ы нысанның тартымдылығы бір орында деп есептейді. Респонденттердің 7,3%-ы баға беруде қиналған. Әйтсе де Саты ауылының бірде-бір респонденті «Көлсай көлдері» туристік нысанының тартымдылығы мен танымалдылығы төмендеп жатыр деп санамайды, бұл өз кезегінде туристер арасында осы нысанның танымал болуына себепкер болады.

Осыған ұқсас көрініс респонденттердің алдағы 3-5 жылдағы «Көлсай көлдері» туристік нысанының тартымдылығының болашағын бағалауда байқалады. Респонденттердің 84,7%-ы алдағы жылдары туристер арасында «Көлсай көлдері» туристік нысанының тартымдылығы арта түсетініне сенімді. Респонденттердің 4%-ы тартымдылығы бұрынғы деңгейде қалады деп есептесе, респонденттердің 10,7%-ы баға беруде қиналған.

*Диаграмма 3.1. Ауданның туристер арасындағы тартымдылығы...
(бір нұсқа, %, N=150)*



Бұл мәліметтерді сарапшылармен, қонақүй иелерімен және жергілікті тұрғындармен жүргізілген ауқымды сұхбаттар да растайды. Атап айтқанда, ұлттық парктің бір қызметшісі соңғы 9 жылда туристік нысанға және Саты ауылының өзіне келген туристер саны бірнеше есеге өскендігін атап өтті, «2013 жылы Сатыға күніне 150-200 туристер келсе. Енді ауыл күніне 860 туристерді қабылдай алады. Бұл тек Саты ғана. 2017 жылға дейін ауылға жылына орта есеппен 22 мың адам барған. 2017 жылы 40 000 адам келсе, 2021 жылы — 160 000 адам келді. 2022 жылдың тамыз айының соңында 150 000 адам

келген. Жыл соңына дейін 200 000 туристер келеді». Осындай көзқарасты қонақүйлердің кейбір иелері де ұстануда, «адамдар өте көп, мен өзім бір кездері барғанда, аяқ алып жүретін жер болмады, көліктерден кептеліс пайда болған», сондай-ақ ауыл тұрғындары, «қонақүйлер толық салынып болмай тұрғанда, Сатыда туристер саны өсті, әуелі Қарабұлақта күтіп алуға тура келді». Өз кезегінде мемлекеттік органдар туристердің тәуліктік ағыны әлдеқайда жоғары деп есептейді, «өткен жылы күніне 4000 адам келсе, осы жылы – 7500».

Туристік нысанның туристер арасында тартымдылығы төмендеуі мүмкін, респонденттер бұл төмендеудің келесідей себептерін көрсетті: жоғары бағалар (26,7%), қызмет көрсетудің төмен сапасы (9,3%), сондай-ақ инфрақұрылымдардың сапасының төмендігі мен жағдайдың нашарлауы (6,7%).

Диаграмма 3.2. Причины возможного снижения привлекательности местности для туристов (открытый вопрос)




Сондай-ақ қазіргі таңда «Көлсай көлдерінің» туристер арасында танымалдылығы мен тартымдылығы даму үстінде және респонденттердің бұл тенденция алдағы жылдары да өседі деп күтеді. Респонденттер атап көрсеткен үш нақты себептер нысанның танымалдылығының төмендеуіне себеп болады. Бірақ респонденттердің көбісінің пікірінше, бұл себептердің бірде-біреуі маңызды болып табылмайды.

3.2. Тұрғындардың туристік бизнеске қамтылуы

Саты ауылында туристік қызмет көрсетуге жергілікті халықтың қамтылуы айтарлықтай жоғары. Сауалнама респонденттердің жартысынан көбінің қандай да бір туристік кәсіппен айналысатындығын көрсетеді.

Диаграмма 3.3. Сіз немесе отбасыңыздың мүшелері туристерге қандай да бір қызмет түрін көрсетумен айналысады ма? (N = 150)



Диаграммада көрсетілгеніндей, респонденттердің 58,7%-ы туристерге қандай да бір қызмет түрін көрсетумен айналысады, бұл жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша барлық ауылдардан жоғары көрсеткішті көрсетті. Респонденттердің 41,3%-ы бизнеспен айналыспайтындығын атап көрсетті. Сонымен қатар сарапшылар, қонақүйлердің иелері мен жергілікті тұрғындар арасында жүргізілген сұхбатта жергілікті тұрғындардың 70%-дан 90%-ға дейін туристерге қызмет түрін көрсетумен айналысады деген пікір білдірді: *«адамдардың 90%-ы күнде туристер қабылдап жатыр, бірақ тұрақсыз түрде қабылдайтындары да бар, тек демалыс күндері немесе негізгі жұмысынан тыс уақыттарда ғана қабылдайды»*; *«егер біреулерінде қонақүйлері болмаса, олар аттарын жалға беріп немесе тасымалдаумен айналысады, такси қызметтерін ұсынады. Тұрғындардың 90%-ы туристік бизнеспен айналысады»*. Жергілікті халықты туристік бизнеске тартуға қатысты мемлекеттік органдар да осындай пікір танытады. Атап айтсақ, жергілікті әкімдік өкілдері ауыл тұрғындарының 85-90%-ы туризм саласында жұмыспен қамтылғанын айтады: *«ауыл тұрғындарының 85-90%-ы туристік бизнеспен айналысады. Барлығы туристерді күтеді. Ал, қалғандары мал өсірумен айналысады. Бірақ екі жұмысты да алып жүретіндері де бар. Мал өндірісінен алынған өнімдер, кейін туристерге сатылады»*.

Респонденттер арасында туристерге бірнеше қызмет түрлерін, ең кең таралғандары қонақүйлерді немесе бөлмені жалға беру, қоғамдық тамақтану және жүргізуші қызметтерін ұсынады. Ең аз таралғандары – жылқы өсірушілердің қызметтері, туристік жабдықтарды жалға беру мен аудармашылық қызметтер.

Диаграмма 3.4. Респонденттердің туристерге көрсететін ең танымал қызметтері (кез келген туристік қызмет көрсететіндерден, 58,7%)



Диаграммада көрсетілгеніндей, респонденттердің арасында туризмен айналысатындарының 75,9%-ы қонақүйлер мен бөлмелерді жалға беру қызметін ұсынады. Жергілікті тұрғындар арасында бұл - өте танымал туристік қызмет түрі. Респонденттердің 40,2%-ы туристерге қоғамдық тамақтану қызметін көрсетеді. Туристерге қызмет ұсынатын респонденттердің 37,9%-ы такси және жүргізуші қызметтерін ұсынады. Өте танымал ұсынылатын қызметтердің бестігіне туристерге тамақ өндіру мен сату, сондай-ақ мәдени іс-шараларды өткізу жатады (респонденттердің 27,6%-ы атап өтті).

Респонденттердің аз мөлшері туристерге тұрмыстық қызметтер: кір жуу және тазалау, сондай-ақ гид пен жолбастаушы қызметтерін ұсынады (24,1%-дан) ұсынады. Басқаларға қарағанда, аудармашы қызметі аз сұранысқа ие болғандары: (18,4%), туристік жабдықтарды жалға алу мен жылқы өсірушілердің қызметтерін көрсету (респонденттердің 12,6%-ы атап өтті).

Сонымен бірге туристік бизнеспен айналыспайтын респонденттердің жартысынан көбісі жақын уақытта туристерге қызмет көрсетумен айналыспайтындығын атап көрсетті. Алайда респонденттердің біраз бөлігі туристерге қызмет көрсетуге дайын екендігін айтады. Олардың жартысы туристерге тұру үшін үйді жалға бергісі келеді (17,3%-ы). Басқа респонденттер атқа міну қызметін ұсынады (12,7%-ы), кәдесыйларды жасап шығару мен сату қызметтері (12%), сондай-ақ қоғамдық тамақтану қызметі (10,7%).

Диаграмма 3.5. Туристік бизнеспен айналыспайтын респонденттер туристерге қандай қызмет түрлерін көрсетуді жоспарлайды? (ешқандай туристік қызмет көрсетпейтіндердің %-ы, 41,3%)



Зерттеу жүргізілген барлық елді мекендердің ішінде нақты Саты ауылынан көп респонденттер туристік бизнеспен айналысады, әйтсе де респонденттердің көп бөлігі (40%-дан жоғары) сонда да туристік қызмет түрлерін көрсетумен айналыспайды. Бұл ретте жергілікті тұрғындарға туризм және демалыс саласында өз кәсібін ашу қаншалықты оңай деген сұрақ туындайды?

Жүргізілген зерттеу респонденттердің басым бөлігі өз бизнесін ашуды мүмкін емес міндеттеме деп санамайтынын көрсетті.

Сонымен респонденттердің 62%-ы туризм және демалыс саласында өз ісін ашу қиын, бірақ әлі де мүмкін деп есептейді. 16,7%-ы бұл салада кәсіп ашу оңай екеніне сенімді. Респонденттердің 19,3%-ы бұл сұраққа жауап беруде қиналған, ал респонденттердің тек 2%-ы ғана жергілікті тұрғындардың жеке туристік бизнесін ашуы мүмкін еместігін көрсеткен.

Диаграмма 3.6. Туризм мен демалыс саласында жергілікті тұрғындарға кәсіп бастауы қаншалықты оңай? (N = 150)



Жұмыспен қамту мәселелерін шешу тұрғысынан алғанда, туризм секторының әлеуетін анықтау үшін сауалнама респонденттерден қонақүйлер мен демалыс орындарындағы жұмыс жергілікті тұрғындар үшін қаншалықты тартымды екендігі туралы сұралды.

Респонденттердің басым көпшілігі (91,3%-ы) қонақүйлер мен демалыс орындары жергілікті тұрғындар үшін тартымды жұмыс орны болып табылады деп санайды. Респонденттердің 6,7%-ы жауап беруде қиналған, сауалнамаға қатысушылардың тек 2%-ы үшін ғана қонақүйлер мен демалыс орындарындағы жұмыс тартымды жұмыс орны боп саналмайды. Ал, қонақүйлердің иелерімен жүргізілген жан-жақты сұхбаттар оларға жергілікті тұрғындар арасынан жұмысшылар табудың қиынға соғатынын дәлелдейді, «кейде біз адам таба алмай қаламыз, күніне 10-15 мың ұсынып та таппай жатамыз».

Диаграмма 3.7. Жергілікті тұрғындар үшін қонақүйлер мен демалыс орындары тартымды жұмыс орны болып саналады ма? (N = 150)




Сонымен Саты ауылының туристік бизнеспен айналысуы аса жоғары деген қорытынды жасауға болады. Респонденттердің жартысынан астамы туристерге қызмет көрсетумен айналысатынын көрсетті, бұл бұрын атап көрсеткеніміздей, зерттеу жүргізілген барлық елді мекендердің ең жоғарғы көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар респонденттердің айтарлықтай бөлігі болашақта туристік қызмет көрсетуге ниетті екенін көрсетті. Осыны негізге ала отырып, жергілікті халықтың туристік бизнеске араласуы жыл сайын арта түседі деп болжауға болады.

3.3. Саты ауылындағы экотуризмнің дамуы


Экотуризм мәселесін қарастыратын болсақ, Саты ауылында ол екіжақты. Бір жағынан респонденттердің жартысы (52%-ы) ауылда экотуризмнің дамып келе жатқанына сенімді. Екінші жартысы экотуризм дамымай жатыр деп есептейді (33,3%) немесе оның не екенін де білмейді (14,7%).

Диаграмма 3.8. Саты ауылында экотуризм дамып жатыр ма? (N = 150)



Экотуризмді дамытуға меклекеттік қолдау көрсету мәселесіне келсек, респонденттердің басым көпшілігі (83,3%-ы) ауылда экотуризмді дамытатын кәсіпкерлер өз күштеріне сенетініне сенімді.

Диаграмма 3.9. Сіздің байқауыңызша, экотуризммен айналысатын кәсіпкерлер өз бастамаларына жергілікті билік органдары тарапынан қолдау көре ме әлде өз бизнестерін өздері дамытып отыр ма? (N = 150)



Сонымен жергілікті тұрғындардың экотуризмнің дамуына қатысты қарама-қайшы пікірлерін ескере отырып, дәстүрлі туризммен салыстырғанда, бұл салада экотуризм белсенді дамып келеді деп біржақты айту мүмкін емес. Жергілікті тұрғындардың экотуризмді дамытуға қатысты қарама-қайшы бағалары туризмді «табиғатпен үйлесімді», із қалдырмайтын және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін «экотуризм» ұғымының өзін түсінбеуімен байланысты болуы мүмкін.

Сарапшылармен, жергілікті тұрғындармен және қонақүй иелерімен жүргізілген ауқымды сұхбаттар, керісінше, ұлттық парк аумағында табиғатқа зиян келтірмейтін туризм мәселелерінің әлі де бар екенін көрсетеді, «рекреациондық жүктемелер экологияға зиянын тигізеді, адамдар-

дан кейін тұрмыстық қалдықтар мен жай қалдықтар қалады. «Қызыл кітапқа» енгізілген алуан түрлі өсімдіктер де бар, адамдар оны таптағаннан кейін ол қайта өспеуі де мүмкін, сонымен қатар егер оларды тамырымен жұлып алып, өзімен бірге әкетсе»; «ылғалды сүрткіштер, дәретхана қағаздарын, пластикалық бөтелкелерді тастап кетеді, қазіргі жазғы уақытта қарбыздың қабығы. Біз қоқыстарды тастамаңдар, қоқыс жәшігіне тастаңдар деп айтамыз, бірақ оны барлығы орындамайды, сонда да экологиялық мәдениеті бар адамдар да кездеседі».

Сұхбатта жергілікті тұрғындар мен шетел туристерінің әртүрлі іс-әрекеттері мысалға келтірілді, «егер былай алып қарасақ, шетелдіктер арқашан өзімен бірге қоқыстарды алып кетеді, тастамайды. Ал, біздің азаматтар көп жағдайларда тастап кете береді». Бұл басқа мемлекеттерде Қазақстанға қарағанда экологиялық күн тәртібіндегі күнделікті өмірде және туристік мәдениетте берік орныққандығынан болса керек.

Жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибесі

Аумағы ұлттық парк мәртебесін алғаннан бастап, қоқыстарды жинау мен шығаруға, қоршаған ортаны қорғауға және тұтастай алғанда, аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты халықтың мінез-құлық тәжірибесі қаншалықты өзгерді деген өзекті сұрақ туындап отыр. Ұлттық парктің мәртебесі жергілікті тұрғындар үшін белгілі бір күнделікті тәжірибе түрлеріне, мысалы, қоқыс жағуға, шөптер мен басқа да өсімдіктерді жинауға, ағаштарды кесуге, су ресурстарын пайдалануға және т.б. тыйым салуға байланысты бірқатар шектеулер қояды.

Зерттеу негізінен ұлттық парк мәртебесінің жергілікті халықтың қоршаған ортаға қатысты күнделікті тәжірибесінің өзгеруіне және экологиялық сананың өсуіне қалай әсер еткенін анықтауға бағытталған.


3.4. Қоршаған ортаны ластаған кім?

Бұрын атап өтілгеніндей, 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша ластанудың ең төменгі деңгейі – 1, ал ең жоғарысы – 5. Саты ауылындағы орташа көрсеткіш зерттеу жүргізілген барлық ауылдар арасында ең төмен болып табылады. Яғни сауалнамаға қатысқандар өз аймағындағы демалыс орындары мен туристік жолдардың ластану деңгейін төмен, небәрі 2,33 балл деп бағалайды.

Ұлттық парк аумағында қоршаған ортаның ластануына да кімнің кінәлі екенін анықтауда респонденттер арасында сұраққа жауап беру барысында бірізділік ба. Респонденттердің басым көпшілігі қоршаған ортаны ластаудың көзі туристер мен демалушылар деп көрсетті (88,7%-ы).

Респонденттердің 16,7%-ы ауыл тұрғындарының өздері де қоршаған ортаны ластайды деп санайды. Респонденттердің 10%-ы қоршаған ортаны ластаудың негізгі көздері қонақүйлер мен демалыс орындарының иелері мен жергілікті кәсіпкерлер деп есептейді.

Диаграмма 3.10. Сіздің ойыңызша, қоршаған ортаны негізгі «ластайтындар» кімдер? (N = 150)



Сарапшылармен, жергілікті тұрғындармен және қонақүйиелерімен жүргізілген ауқымды сұхбаттар көбінесе ластануда ең алдымен туристер мен демалушылар кінәлі деп есептейді: *«көбіне туристер қоқыс лақтырады, ал ауылдықтар лақтырмайды. Бір айда ауылды тек екі рет тазалап шықса болды, таза болып тұрады. Көп қоқыстар киіз үйлерден түседі. Көбінде Көлсай мен Қайыңдыда көп қоқыстар жиналады. Мұның бәрі туристердің қоқыстары»; «жергілікті тұрғындар қоқысты арнайы орындарға тастап, ластамауға, таза ұстауға тырысады»; егер даланы немесе қоршаған ортаны алып қарайтын болсақ, көлдердің жазалауларында автобустар мен көліктер, адамдар өте көп, олар отырып тамақ жеп-ішеді, содан кейін олар соның барлығын қалдырып кетуі мүмкін».*

3.5. Табиғи ресурстарды қолдану тәжірибелері


Қоршаған ортаға зиян келтіретін антиэкологиялық әрекеттің әрқайсысын бөлек алып зерттеу үшін осы зерттеулер аясында респонденттерге тізім мен кім көбіне осындай әрекеттер жасайтыны туралы бағалау ұсынылды: туристер, ауыл тұрғындары немесе екеуі де тең дәрежеде.

Диаграммадан көргеніміздей, заңсыз аң аулау, көлде көлік жуу, заңсыз балық аулау, орманда өрт сөндіру, ерекше қорғалатын аймақтардағы ағаштар мен бұталарды кесу, сондай-ақ ағынды суларды ағызу сияқты табиғатқа қарсы іс әрекеттер үшін су нысандарына қатысты сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігінен (85%-дан) астамы жауап беруге қиналған, бұл табиғатқа қарсы әрекеттердің осы аймақ үшін сирек кезде-

сетіндігін және жергілікті тұрғындар тарапынан байқалмайтынымен байланысты болуы мүмкін. Респонденттердің пікірінше, туристерге келесі әрекеттер тән: қоқыстарды лақтыру, табиғатта бөтелкелерді сындыру, өсімдіктерді жұлуды және ерекше қорғалатын аймақтарда көп шулау.

Респонденттердің пікірінше, қоқысты өртеу тәжірибесі ауыл тұрғындарына тән, ал қоқысты көшеге лақтыру – ауыл тұрғындарына да, туристерге де тән әрекет.


Диаграмма 3.11. Сіздің аймақта төмендегі әрекеттердің қайсысы жергілікті тұрғындарға, ал қайсысы туристерге/демалушыларға тән? (N = 150)



3.6. Жергілікті тұрғындар қоқысты не істейді?

Жүргізілген зерттеулер көрсеткеніндей, жергілікті тұрғындардың қоқыстардан арылудың басты екі тәжірибесі бар: қоқыс тастайтын алаңға апарып тастау және өртеу. Сонымен респонденттердің 90,7%-ы жергілікті тұрғындар қоқыстарды ауыл маңында орналасқан арнайы қоқыс тастайтын орындарға тастайды деп санайды. Респонденттердің тағы 29,3%-ы ауыл тұрғындары ұлттық парк аумағында қоқыс өртеуге тыйым салынса да, өртеу береді деп есептейді.

Диаграмма 3.12. Жергілікті тұрғындардың қоқысты шығарудағы тәжірибесі (екі жауаптан артық емес)




Жергілікті халықтың қоқысты өртеп жіберетіндігі жан-жақты жүргізілген сұхбаттың барысында да расталды. Сұхбатта атап өтілгеніндей, кейбір ауыл тұрғындары мен қонақүй иелері пеште шығарылатын қалдықтары қоршаған ортаға салыстырмалы түрде қауіпсіз биобыд-райтын қоқыстарды ғана емес, сонымен қатар целлофан, пластмасса, басқа да зиянды қалдықтарды да жағады, *«олар пластик пен целлофандарды моншада өртейді, оны жазуға болмайды. Мысалға, сіздер демалып жатырсыздар, ал мен аламын да бәрін пешке салып өртеймін, сосын ол түтін сіздерді уландыра бастайды, ауылда да қоқыс орындарында өртеуге тыйым салынады»; «адамдар қоқыстарды өртейді, бұл мәселені қалай ыңғайлы солай шешеді. Негізінен оны жүйеге келтіру керек. Әйтпесе Көлсайдан 5 жылдан кейін ешнәрсе қалмайды».*

Бұл ретте сауалнама барысында бірде-бір респондент жергілікті тұрғындардың қалдықтарды бөлек жинау және пайдаға жарату тәжірибесін қолданатынын атап өтпегенін көрсеткен жөн. Дегенмен қонақүй иелерімен жан-жақты жүргізілген сұхбаттың барысында олардың көбінің қалдықтарды сұрыптап, кейіннен оларды қайта өңдеуге жіберетінін атап көрсетті, *«мен өз қоқысымды ескі үй орындарында сұрыптап, асықпай барлығын бөліп шығамын, бөтелкелерді бөлек, алюминий банкаларды бөлек, пластикалық бөтелкелерді бөлек сұрыптаймын. Нені өртеуге болады мен соны өртеп жіберемін, мен арнайы статистика жүргізіп отырамын, екі жарым қап елу келілік күл шығады, сонда қалдықсыз таза күл ғана шығады. Ал, биоқалдықтарды мен жинап, көршінің малдарына апарып беремін»; «біз барлығын бөлек жинаймыз, бөтелкелер бөлек, целлофан пакеттер бөлек. Менің естуім бойынша, кейбір адамдар алюминий бөтелкелерді жинайды, біздің қайын ағамыз оны бөлек жинайды».*

Қоғамдық орындарда қоқыс жәшіктері мен контейнерлердің болуына қатысты сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі (63,3%-ы) ауылдарындағы дүкендер мен басқа да мекемелердің алдында арнайы қоқыс жинайтын орындар бар екендігін айтты. Респонденттердің 26%-ы ауылда мұндай жерлер жоқ деп есептейді, 10,7%-ы оған көңіл аудармадық деп санайды.

Диаграмма 3.13. Қоғамдық орындарда қоқыс жәшіктері мен контейнерлер бар ма? (N = 150)




Бұл ретте авторлар көрсетілген ауылға іссапар кезінде басқа суретті түсіріп алған. Қоқыс жәшіктері мен қоқыс жинауға арналған контейнерлер қонақүйлер мен демалыс орындарында барлық жерде кездеседі. Дүкендердің, қоғамдық тамақтану орындарының және ауыл мешітінің жанында қоқыс жинайтын жәшіктер мен контейнерлер мүлдем жоқ (жалпы білім беретін мектеп жанындағы жәшіктен басқа).

Егер жергілікті тұрғындардың ауылдастары мен туристер тарапынан табиғатқа зиянды әрекеттер реакциясына тоқталатын болсақ, онда белгілі бір айырмашылықтар байқалады. Жергілікті тұрғындардың қоқыстарды арнайы жерге тастау әсері бұл әрекетті кім жасайтынына байланысты алуан түрлі болады. Сонымен респонденттердің арасында туристердің әрекетіне қарағанда, ауылдастарының табиғатқа қиянды әрекетіне деген әсері ұстамды.

Респонденттердің 55,3%-ы қоқысқа арналмаған жерлерге қоқыс тастаушыларға ескерту айтамыз деп көрсетеді. Респонденттердің 24,7%-ы ауыл тұрғындарының ортақ чатына өз ойларын жазатынын айтқан. 10,7%-ы бұл сұрақ бойынша шағымдармен жергілікті әкімдікке немесе қонақүй басқарушыларына жүгінетінін атап айтты.

Диаграмма 3.14. Респонденттердің жергілікті тұрғындардың қоқыстарды арнайы жерге тастамауына әсері (N = 150)



Сонымен қатар егер туристер мен демалушылар туралы айтатын болсақ, онда респонденттердің күткен әсері неғұрлым түбегейлі болмақ (диаграмма 3.15 қараңыз). Респонденттердің 79%-ы егер туристер мен демалушылардың қоқыстарды арнайы орындарға тастамағандары туралы айтатын болсақ, онда оларға сөгіс жариялайтындығын атап көрсетті. Респонденттердің тек 3%-ы ғана бұл туралы ауылдың ортақ чатында жазатындарын атап өтті, бұл туристердің чатқа еш қатысы болмағандықтан, бұл оларға ешқандай әсерін тигізбейді. Сауалнамаға қатысқандардың 7%-ы әкімдікке немесе қонақүй басшылығына арыз жазатындарын атап көрсетеді. Респонденттердің 9%-ы мұндай жағдайда не істерімді білмеймін деп жауап берген.

Диagramма 3.15. Респонденттердің туристер мен демалушылардың арнайы емес орындарда қоқыс тастауына әсері (N = 150)



Мамандармен, қонақүй иелерімен, жергілікті тұрғындармен жүргізілген жан-жақты сұхбат нәтижесінде ауыл аумағында ауылды тазартатын кәсіпорынның жоқ екендігі анықталды. Сұхбатқа қатысушылардың айтуынша, ауыл аумағын тазалау жұмыстарын жергілікті тұрғындар өздері жүргізеді, олар әркім өз аумағының ауласын тазартады. Сұхбатқа қатысушылардың пікірінше, әкімдік ауыл аумағын тазарту мәселесімен айналыспайды, тұрғындардың өздері ықпал етулерін, соның ішінде ауылдың ортақ чатына жазу мен ауылдық сенбіліктерді ұйымдастыру арқылы көмектесетінін айтып өтеді. Сонымен қатар сұхбаттасушылар әкімдік әр көшеге жергілікті тұрғындардың арасынан жауапты адам тағайындап, олар өз көшелерінде тазалықты қадағалап, осы мәселе тұрғындармен араласатынын атап айтты, «сенбіліктер өткізіледі, тұрғындар өз көшелерін тазартып отырады»; «кез келген шығып қоқысты тазалай береді, бұл сенің, анау менің көшем деп бөліну болмаған»; «бізде аймақ учаскілерге бөлінеді. Әр учаскенің өз төрағалары бар. Олар өз кезегінде оларға бекітілген аймақтардың тазалығын қадағалайды». Жергілікті әкімдіктің төрағасы

жергілікті органның ауыл көшелеріндегі қоқыс мәселесін шешу жөніндегі шараларды атап айтты: *«тазалықты насихаттау халықпен байланыстың кез-келген арнасы арқылы жүзеге асырылады. Бірақ егер адам өзі саналы түрде тазалықты сақтамаса, онда біздің насихатымыз пайда келтірмейді. Біз өз тарапымыздан тазалықты сақтаған адамдарды ауылда жарнамалап, оларды басқаларға үлгі ретінде көрсетеміз».*

Тікелей қорғалатын табиғи аймақтарға келетін болсақ, сұхбаттасушылар оларда ұлттық парк қызметкерлері жүргізетінін, онда тазалықты қадағалайтын және белгіленген ережелерді бұзса, айыппұл салатын қызметкер-инспекторлар бар екенін, *«қоқыс лақтыратын тәртіп бұзушыларға біздің инженерлер, инспекторлар мен орманышыларымыз қанша айыппұл салса да, онда да ол тоқтамай жатыр, адамдар әлі де қоқыс лақтыруда. Парктің қызметшілері кейіннен бұл қоқыстарды жинап, арнайы қоқыс орнына апарып лақтырады».*

Туристер тарапынан тазалық пен ережелердің сақталуын қадағалайтын ауылдық туристік полиция қызметі жоқ деп көрсетті сұхбатқа қатысушылар. Сонымен қатар ұлттық парктің қызметкерлері аумақта оның құрылуы ауыл аумағындағы тазалықты сақтауда оң нәтижеге әкелуі мүмкін деп санайды: *«бізде мұндай полиция жоқ. Жалпы айтқанда, біз бұл жайында хаттар жазамыз. Мен болашақта бізге мұндай полиция қажет деп ойлаймын. Өйткені адам көп жүретін жерлерде тәртіпті қадағалау керек. Бізде инспекторлар бар, бірақ олар өрт қауіпсіздігі мен қорғалатын табиғи аймақтардың тазалығына жауап береді».*

Сонымен жергілікті тұрғындар арасында қоқыстан арылудың екі негізгі тәжірибесі орын алды деп қорытындылаймыз: қоқыс орнына апарып тастау және өртеу. Сонымен қатар кейбір қонақүйлерді қоспағанда, жергілікті тұрғындар қоқыстарды бөлек жинау және өндеу тәжірибесін іс жүзінде қолданбайды. Қоғамдық орындарда қоқыс жинауға арналған жәшіктер мен контейнерлердің көп болмауы да тұрмыстық қалдықтарға қатысты жағдайды қиындатады, өйткені бұл ауыл аумағының, ең алдымен туристер мен демалушылардың ластануына ықпал етеді. Ауыл көшелерінде қоқыс шығарумен айналысатын ауылда арнайы компанияның жоқтығы да бұл мәселені қиындатып отыр. Кейбір сұхбатқа қатысушылардың айтуынша, тұрғындардың өздері ауылды тазартып үлгергенімен, туристер ағынының көп болуына байланысты Саты үшін ауыл көшелерінің қоқыс төгу мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

Экология: өзекті мәселелер

Саты ауылының ерекше қорғалатын аумақта орналасқанын ескере отырып, екі басты тақырыпты зерттеу өзекті болып отыр. Біріншіден,

қандай экологиялық мәселелер ауыл үшін маңызды және олардың қайсысы ауыл тұрғындарын алаңдатады. Екіншіден, орын алған экологиялық мәселелерді кім шешу керек және қоршаған ортаның сақталуына кім жауапты. Жүргізілген зерттеу осы сұрақтарды ашуға мүмкіндік берді.

3.7. Экологиялық мәселелер тұрғындардың көзімен

Жүргізілген сауалнама Саты ауылы үшін маңызды мәселелерді анықтауда септігін тигізді. Сонымен респонденттердің көбі ауыл үшін өзекті мәселелер деп санайтындарға жататындар: табиғаттағы демалыс орындарының ластануы (86,5%), ауыл көшелерінің ластануы (79,7%), туристік жолдар бойындағы аймақтардың ластануы (61,5%), ауаның ластануы (56%), қоқыс тастайтын алаң мен табиғи қоқыс орындарының артуы (50%).

*Диаграмма 3.16. Саты ауылы үшін қандай экологиялық мәселелер өзекті?
(N = 150)*



Респонденттердің пікірінше, өзектілігі аз экологиялық мәселелерге жататындар: флора мен фаунаның әртүрлілігінің төмендеуі (16,2%-ы), эрозия және топырақтың сапасының төмендеуі (17,6%-ы), туристер мен олардың көліктерінің шуы (19,6%), мал өлекселерін тастайтын орынның су жағаларына жақын орналасуы (26,4%), құрылыс салудың табиғи жер бедерінің өзгеруіне әсер етуі (31,8%). Сонымен ауылдағы өзекті бес мәселенің төртеуі қоқыс пен оның арнайы орындарға шығарылуымен байланысты.

Бұл көріністің ауыл тұрғындарын тікелей толғандыратын тақырыптарға да қатысы бар.

Диаграмма 3.17. Жергілікті тұрғындарды қандай мәселелер тікелей алаңдатады? (үш жауаптан артық емесін таңдаңыз)



Ең алдымен респонденттердің басым көпшілігін (73%-ын) ауыл көшелерінің ластануы алаңдатады. Респонденттердің 36%-ын демалыс орындарының табиғатының ластануы алаңдатады. Респонденттердің 24%-ы ауаның ластануына алаңдайды. Дегенмен қалай болса да, «қоқыстық» мәселелер арнайы аймақтардың қоқыс қалдықтарымен ластануы ауыл тұрғындары үшін ең маңызды. Мұны мамандармен және жергілікті тұрғындармен жүргізілген жан-жақты сұхбаттар дәлелдейді. Сұхбатқа қатысушылар ауыл үшін ең басты экологиялық мәселе қоқыс деп көрсетті («ең басты мәселе – қоқыс. Қоқыс жәшіктері мен қоқыс таситын көлік тапшы»). Ауылдағы басқа да экологиялық мәселелердің қатарында мамандар автокөліктен шығатын газ мәселесін, табиғатты қорғау аймағындағы өсімдіктерге келтірген туристердің зияны, сонымен қатар жерасты суларының ағынды сулармен ластануын атап өтті: «мені автокөліктен шығатын газ мәселесі, сондай-ақ ағаштарды сындыратын туристер алаңдатады», «ағынды сулар көлдің жағасында орналасқан қонақүйлерден ағатын тура жерасты көліне барып құяды».

3.8. Экологияға кім жауапты?


Қоршаған ортаның сақталуына кім жауап беруі керек деген сұраққа мынадай пікірлер айтылды. Респонденттердің басым бөлігі (63%-ы) ең алдымен қоршаған ортаның сақталуына ауыл тұрғындары жауапты деп санайды. Респонденттердің 40%-ы пікірінше, қоршаған ортаның сақталуына жергілікті әкімдік жауапты. 37%-ы қоршаған ортаны сақтау жауапкершілігі ұлттық парк басшылығына жүктелетініне сенімді.

Диаграмма 3.18. Қоршаған ортаны сақтауға кім жауапты болуы тиіс (3 жауаптан көп емес таңдау)



Экологиялық мәселелерді, сонымен қатар негізінен оларды шешуге қатысатындарды қарастырсақ, мұнда респонденттердің пікірлері екіге бөлінеді.

Диаграмма 3.19. Саты ауылында экологиялық мәселелерді шешумен кім айналысады? (респонденттердің пікірінше)




Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 35%-ы ұлттық парк негізгі экологиялық мәселелерді шешумен айналысады деп есептейді. 31%-ы бұл мәселелермен жергілікті ауыл әкімдігі айналысады деп санайды. Респонденттердің 33%-ы ауылда экологиялық мәселелермен айналысатын ешкім жоқ екендігіне сенімді.

Жалпы, жауапкершілік мәселесін қарастыратын болсақ, жан-жақты жүргізілген сұхбаттар барысында табиғи аймақтардың аумағында қоқыстарды шығаруға ұлттық парк тікелей жауапты екені анықталды («Ұлттық

парк Көлсайдың қалдықтарымен айналысады»), ал тұрғындар мен ауыл әкімдігі ауылдың аймағына жауапты (жергілікті тұрғындар мен әкімдік тазалықты сақтауға белсенді түрде қатысады»).

Диаграмма 3.20. Соңғы 3-5 жылда ауылдың аумағында экологиялық шаралар мен акциялар жүргізілді ме? (N = 150)



Жан-жақты жүргізілген сұхбаттарда респонденттер ауылға ұлттық парк аумағы мен ауылдың аумақтарын қоқыстардан тазалауда еріктілер ұйымдары, соның ішінде Алматыдан жиі келетінін атап өтті (*Алматыдан өз еркімен еріктілер, еріктілер топтары келіп әрқашан көмектеседі. Жалпы алғанда, демалушылар көп келетін Көлсай мен Қайыңды секілді жерлерге көмекиілер көп келеді. Мұндай іс-шаралар бізде жыл сайын өткізіліп тұрады*»).

Сонымен респонденттердің көпшілігі өз елдімекендері аумағында тазалыққа бірінші кезекте ауыл тұрғындарының өздері жауапты екендігін түсінеді деп қорытындылауға болады. Бұл түсінік іс-әрекет жүзінде де расталып отыр, өйткені респонденттердің көпшілігі ауыл тұрғындары өздерінің тұрғын үйлерінің айналасындағы қоғамдық аумақтарды тазалайды деп көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі соңғы жылдарда ауылда экологиялық іс-шаралар мен акциялар жүргізіліп жатыр деп есептейтіндіктен, олар респонденттердің экологиялық мәселелерді шешуші ретінде ұлттық парк және жергілікті әкімдікті ерекше атап өтеді. Бұл органдардың аумақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатынын мәлімдеді. Ұлттық парк негізінен ерекше қорғалатын аумақта жұмыс істейтін болса, онда жергілікті әкімдік ауылдың аумағы бойынша экологиялық мәселелерді шешеді, соның ішінде сенбіліктер ұйымдастыру арқылы және де ортақ чатқа хабарламалар жіберуі арқылы ауыл тұрғындарымен өзара жұмыс жүргізеді.

Тұжырымдар 3

Саты ауылында жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, осыған қатысты бірқатар қорытындылар жасалынды: 1) елдімекен аумағында туризмді дамыту; 2) жергілікті тұрғындардың экологиялық тәжірибелері; 3) қоршаған ортаның жағдайы мен жалпы қазіргі экологиялық мәселелер.

Зерттеудің нәтижелері бойынша туризмнің ауыл экономикасында маңызы зор. 2020 жылдың екінші жартысында карантин шектеулері адамдардың шетелде демалуына кедергі болып, туристердің «басып келуімен» соқтығысқан ауыл тұрғындарына және ішкі туризмді дамытып, ауылдың дамуына айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Саты ауылы маңында орналасқан «Көлсай көлдері» табиғи туристік нысаны мен ауылдың тартымдылығын респонденттер жоғары деп бағалап отыр. Сонымен бірге респонденттердің көбінің пікірінше, қазіргі уақытта туристер үшін нысанның тартымдылығы артып келеді және алдағы жылдары да арта бермек.

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама, ауыл тұрғындарының жартысынан көбісі сауалнамаға қатысқандардың, туристік қызметтер көрсетуге үйді жалға беру болсын, қызмет түрлерін көрсету, транспорттық жеткізулер және т.б. тұрғындардың қатысы бар екендігін көрсетті. Сондай-ақ туристік бизнеске қатысы жоқ респонденттердің көп бөлігі алдағы уақыттарда туристік қызметтерді көрсетуге дайын екендігін айтты. Сонымен респонденттермен жүргізілген ауқымды сұхбат туристік салада ауыл тұрғындарының 70%-дан 90%-ға дейін айналысатынын, дегенмен де олардың басым бөлігі қызметтерді басқа жұмысы бола тұра, тұрақты жағдайда көрсететінін атап өтеді. Жергілікті тұрғындар туристерге ұсынатын ең танымал қызмет – бұл қонақүйлерді жалға беру. Жергілікті халықтың едәуір бөлігі туристерге көлік қызметін (такси, табиғи аймақтарға алып бару), сонымен қатар (ас әзірлеу, тазалау және кір жуу қызметтерін) көрсетеді.

Ал, экотуризмнің өзіне оралатын болсақ, ауыл тұрғындары респонденттерінің ойы екіге бөлінді. Егер респонденттердің жарты бөлігі ауылда экотуризм дамып жатыр деп нақты айтса, ал екінші жартысы ол туралы білмейді немесе экотуризм дамымады деп сенімді түрде айтады. Осыған орай, аталған елдімекенде экотуризмнің дамуы мен танымалдылығына нақты болжамдар жасауға болмайды. Мүмкін бұл ауыл тұрғындарының экотуризмнің не екендігін соңына дейін білмеуімен байланысты (табиғатпен үйлесімді туризм) болуы мүмкін. Сонымен қатар анкеталық сауалнаманың да, ауқымды сұхбаттың да нәтижелеріне сәйкес бұл аймақта туристер лақтыратын қоқыстардың өзекті мәселе екендігі анықталды, оның өзі экотуризммен нашар үйлеседі.

Тұрғындардың қоқыстарды жинау мен шығаруға қатысты мінез-құлық тәжірибесі туралы айта отырып, зерттеу жергілікті тұрғындар арасында қалдықтарды шығарудың басты түрлері қатты тұрмыстық қалдықтарды қоқыс орындарына шығару және өртеу екені анықталды. Өйтсе де жүргізілген жан-жақты сұхбаттардың барысында жергілікті тұрғындардың басым бөлігінің жағуға тыйым салынған қоқыстарды өртеуіні анықталды (мысалға пластик немесе целофан). Қонақүй иелерінің кейбіреуінің қоқыстарды сұрыптап қайта өңдеуге жіберетініне қарамастан, бұл әрекет жергілікті тұрғындар арасында көп таралмаған.

Ауылдағы да, табиғатты қорғау аймақтарындағы да қоқыс жағдайының нашарлауы бойынша ауыл тұрғындары басты жауапкершілікті туристерге жүктейді. Респонденттердің пікірінше, жергілікті тұрғындар іс жүзінде қоқыстарды арнайы орындарға қалдырмайды, керісінше тазартады. Тұрғындар арасында ауыл аумағын өз үйлері орналасқан көше бойында тазалау тәжірибесі жиі кездеседі. Ауылда қоқыстарды бөліп жинау тәжірибесі қарастырылуда, бірақ ол тиісті инфрақұрылымдардың болмауына байланысты іске асырылмайды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі ауыл тазалығын тұрғындардың өздері үнемі қадағалап отыратынын, ауыл әкімдігінің қатысуымен тәртіп пен тазалықты сақтайтын сенбіліктер мен басқа да іс-шараларды өткізетінін айтты. Ұлттық парк қызметкерлерінің күшімен табиғи аймақтардың аумақтары тазартылуда.

Соған қарамастан қоқыс тастау ауылдың негізгі экологиялық мәселелерінің бірі болып қала береді. Сондай-ақ тұрғындардың айтуынша, ауылда көлдерге ағатын ағынды сулардың мәселесі, сондай-ақ автокөліктерден және жеке сектордан атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы сияқты мәселелер де орын алып отыр. Респонденттердің көпшілігі қоршаған ортаны сақтау, сонымен қатар тазалықты сақтау, ең алдымен, тұрғындардың өздеріне жүктелетін міндет екеніне сенімді, бұл қоршаған ортаның экологиялық жағдайы тұтынушылардың қызығушылығына және оның қалыптасуына, бизнестің дамуына да әсер ететіндігі туралы түсініктің бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар респонденттердің көпшілігі экологиялық мәселелерді ең алдымен ұлттық парк пен ауыл әкімдігі шешу керек деп көрсетеді.



ҚОРЫТЫНДЫ

Туризммен және демалыс орындарымен айналыспайтын жергілікті тұрғындар өз аймағының туристік тартымдылығы мен қоршаған ортаның экологиялық жағдайы арасындағы байланысты байқамайды деген болжам дұрыс емес. Үш тармақ бойынша жүргізілген барлық зерттеу нәтижелері жергілікті тұрғындардың өздерінің шағын отанына қатысты сезімін және ауылдардың айналасында орналасқан табиғи көрікті жерлердің құндылығын түсінетінін көрсетеді. Зерттеуге қатысушылардың көбі олардың аймағы табиғатының көріктілігімен тартымды деп атап көрсетеді. Бірақ бұл тұста көбінесе Имантау мен Баянауыл ауылдарының тұрғындары идеалистік патриотизмді емес, өздерінің шағын Отанын қорғауға және қолдауға бағытталған тиімді отаншылдықты көрсетеді. Бұл туристердің, қонақүйлер/демалыс аймақтары иелерінің әрекетіне қанағаттанбауының, сондай-ақ жергілікті билік органдарының, орман шаруашылығының және ұлттық парктердің жұмысын сынға алуының себептерінің біріне айналады.

Егер қоршаған ортаға жергілікті тұрғындардың тарапынан жауапкершілік туралы айтатын болсақ, онда келесі ерекшеліктерді атап көрсетуге болады. Жергілікті тұрғындар оларды қоршаған ортаға туристерге қарағанда түсіністікпен мұқият қарайды. Мысалы, бұл саңырауқұлақтарды, жидектерді жинауға, балық аулауға, отынға, ормандағы және судағы әрекеттерге қатысты. Өйткені бұл олардың тіршілік ету ортасының ажырамас бөлігі болып табылады, онда олар табиғи ресурстарды одан әрі молайту үшін тепе-теңдікті сақтауы керек. Сұхбатқа қатысушылар көбінесе ормандар мен көлдерді пайдаланудың бұрынғы тәжірибесіне сілтеме жасап, олардың қалыптасқан тәжірибелеріне әсер ететін жағдайлардағы жағымсыз және оң өзгерістерді атап өтеді. Бұған қоршаған ортаны ластау, жерді сату/жалға беру салдарынан еркін қозғалатын

аумақтардың қысқаруына байланысты тәжірибеден бас тарту, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды ұйымдастыруға байланысты табиғи ресурстарды пайдалануға тыйым салу және оларды жинау және балық аулау сияқты әрекеттерді коммерцияландыру және т.б. жатады.

Сондай-ақ ауыл тұрғындары тұрып жатқан жерлерінде тазалық пен тәртіпті сақтауда аз жауапкершілік танытады. Үш жерде де жүргізілген зерттеу ауылдағы тазалықты сақтау үрдісіне жергілікті әкімдіктің жетекшілік ететінін көрсетті. Көшелерді тазалау коммуналдық жұмысқа жұмысшыларды тарту арқылы жүзеге асырылады, аулалардағы және жергілікті жерлерде тәртіпке тұрғындар жауапты және әкімшілік айыппұлдар жүйесін әкімдік бақылайды. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жазаға тарту экологиялық саналықты арттыруда ауыл тұрғындары үшін жақсы ынталандыру жұмысы болуы мүмкін.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, ауыл арасында өтетін экологиялық акциялар мен жалпы ауылдық сенбіліктерді ұйымдастыруда әкімдік пен жергілікті мектеп белсенділері бастама жасайды; демалыс орындарында және туристік жолдарда қоқыстарды жинауды көбінесе ұлттық паркпен және жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, ұлттық парк пен облыс орталықтарынан келген еріктілер жүзеге асырады.

Ауылдық жерлерде қалдықтарды пайдаға жаратудың экономиканы басқаруға байланысты қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, ауылдық шаруашылықтарды аз қалдық шығарушылар деп атауға болады, өйткені ауылды жерлерде қоқысты сұрыптау қағидасы әрқашан іске асады. Бірақ бұл сұрыптаудың мақсаты қоқыстан құтылу, қайта өндіріп шығару емес. Шаруа қожалығының қорлары «шаруашылықта пайдалы немесе пайдалы емес» деген тексеруден өткенде пайдалылығы бойынша сұрыпталады: тамақ қалдықтары тұрмыстық қалдықтардан бөлінеді, өз кезегінде тұрмыстық қалдықтар пайдаға жарайтындарға бөлінеді, жағу жолымен және жағуға болмайтындары қоқыс алаңдарына апарылуы тиіс.

Ауылды жерлердің тағы бір ерекшеліктері ауладан қоқысты алып кету тәжірибелері. Біздің зерттеуімізде орталықтандырылған қалдықтарды шығару тек Баянауыл ауылында байқалды. Имантау және Саты сияқты шағын ауылдарда қоқыстарды шығару үй иелерінің міндеті, олар оны қоқыс орындарына лақтыруы тиіс немесе арнайы адамдарды жалдап тазартуы тиіс. Мәселе мынада, қоқыс жинау көп уақытты қажет ететін әрекет ретінде сипатталады, сондықтан қоқыс жинау кестесі айына бір реттен алты айда бір ретке дейін өзгеруі мүмкін. Осы кезеңде барлық қоқыстарды азайту мақсатында қоқыстар өртеу арқылы шығарылады. Қоқысты өртеу ауыл тұрғындары арасында аймақтың экологиясына тигізетін кері әсердің ең төмені дейді, қоқыс алаңына апарып, көму түрін

пайдалану - қоршаған ортаға өте қауіпті, тиімсіз әдістердің бірі. Қоқыс алаңдарының жағдайы мен қызмет көрсетулері ауыл тұрғындарының жергілікті билікке жиі наразылығын туғызады.

Қалдықтарды қайта өңдеу үшін сұрыптау ауылдық жерлерде әлі кең таралмаған, бірақ оны ұйымдастыруға талпыныстар жасалуда. Ауыл тұрғындарының айғақтарына қарағанда, басты мәселе ауыл тұрғындарының әдеттерін өзгерткісі келмейтіндігінде емес, тиісті инфрақұрылымның жоқтығында – ауылдарда қоқыстарды қайта өңдеуге арналған орындар жоқ. Сонымен Имантау ауылында олар бір кездері Көкшетаулық компания пластик және шыны ыдыстарды жинаумен айналысатынын, бірақ ауылдың қаладан алыс орналасқанын және жанармай мен автокөліктің амортизациясының құнын ескере отырып, бұл қызметтің тиімсіз болғанын көрсетеді. Саты ауылында бөлек қоқыстарды жинаумен тек санаулы адамдар ғана айналысады, өйткені жинау орындары ауданда орналасқан және өздері жеткізу керек болады. Соған қарамастан сауалнаманың барлық нүктелерінде қолжетімді жақын жерде қуаттылығы аз қалдықтарды өңдеу зауыттарын салуға қатысты ниет-тілектер айтылды. Бұл қоқыс тақырыбының, оны жинау мен шығару ақырындап ауыл тұрғындарының талқылауына еніп, көзге түсіп, әлеуетті және күнделікті тәжірибеден экологиялық бағытталған тәжірибеге айналуы тиіс.

Сондай-ақ зерттеу ауыл тұрғындарының қоқыс пен қажетсіз нәрселерге практикалық көзқарасын білдірсе де, жергілікті билік өкілдері де, тұрғындардың өзі де ауылда шығарылатын тұрмыстық қалдықтар көлемінің өсу тенденциясын байқайтынын көрсетті. Қоқыс жәшігіне түсетін контейнерлер мен қаптамалардың болуын білдіретін зауыт өнімдерін тұтынудың артуына қоса, тұрғындардың айтуынша, жыл сайын қонақтарды көбірек қабылдайтын қонақүйлер мен демалыс орындарының есебінен қалдықтар көбейіп жатыр. Демалыс орындарында қоқыстарда бөліп салу ауыл тұрғындарының ойынша практикалық маңызы бар деп санамайды, өйткені қоқыстар қоқыс алаңына шығарылады. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ауылдағы қоқыстардың негізгі түрлері, құрылыс қоқыстары, ескі аяқ-киімдер, пластикалық және әйнек бөтелкелер, снэкттерден шыққан полиэтилен қаптамалары және пакеттер.

Туристер мен ауыл қонақтарына тұрғындардың көзқарасы екітүрлі. Бір шетінен туристер оларға тұру мен тамақтану қызметін ұсынып отырғандар үшін табыс көзі болып табылады. Екінші жағынан, туристік кластерді қалыптастыру шағын бизнес пен қызмет көрсетуді дамыту сияқты ауыл өміріндегі өзгерістердің драйверіне айналуға, сонымен қатар ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен әрекетіне қойылатын талаптарды өзгертуде. Барлық үш аймақта да өмір сүру құнының өсуі

туризм секторының дамуының бір салдары ретінде атап өтілді: жергілікті дүкендердегі бағаның өсуі, үйлер мен жер учаскелерінің бағасының өсуі, ауыл тұрғындарына қызмет көрсету құны.

Бұл өзгерістер әрқашан бірқалыпты түрде қабылданбайды, жергілікті билікке наразылық тудырады, әсіресе кімдердің негізгі қызметі (мысалы, мал бағу, балық аулау), сол үшін қолайсыз болып табылады.

Ең алдымен зерттеу дер кезінде ақпараттандыру деңгейінде туристік салаға жергілікті халықты тарту мәселесі талқылануы тиіс мәселелердің бірі екенін көрсетеді. Мысалы, Имантау мен Баянауыл тұрғындары өздерінің табиғи аймақтары туризм индустриясын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржы бөлетін ТОП-10 туристік нысандардың қатарына кіретінін жақсы біледі, табиғи аймағында туризмді дамытудың бас жоспарымен ешкім таныс емес. Тікелей қатысу туралы айтатын болсақ, зерттеу көрсеткеніндей, сауалнамаға қатысушылар мен жергілікті билік өкілдерінің бағалауы бойынша, Имантау мен Баянауыл ауылдарында 10-15%, ал Саты ауылында 70%-ға дейін туризммен айналысады.

Саты ауылының даму мысалында қонақжайлылық саласындағы қарқынды коммерцияландыруды атап айтуға болады, ол Имантау мен Баянауыл ауылдарында байқалмайды. Саты ауылындағы сұхбатқа қатысушылардың айғақтары бойынша, туризмнің тартымды кәсіпке айналғаны соншалық, ол осындай әрекеттерге алып келеді: ауылға қоныс аударудың жандануы, ауыл шаруашылығынан бас тартып, қонақүйлермен айналысу, тұру қызметтеріне орташа бағаның өсуі. Ауыл тұрғындарының пікірінше, туризммен айналысатындардың үлесі 70%-ға дейін, ал Имантау мен Баянауыл ауылдарында бұл көрсеткіш – 15-20%-ды ғана құрайды. Қаржылық пайдалылық аймақтың экологиялық тұрақтылығы есебінен болуы мүмкін деген қауіп те бар.



Жасыбай көлі - Озеро Жасыбай



Баянауыл ауылының маңайы - Окрестности села Баянауыл



Жасыбай көліндегі жағажай - Пляж на озере Жасыбай



**Баянауыл ауылының жағажайындағы қоқыс шелегі -
Мусорные баки на пляже села Баянауыл**



Имантау көлі - Озеро Имантау



**Имантау ауылының маңындағы баннер -
Баннер в окрестностях села Имантау**



**Имантау ұлттық паркіндегі жартастардағы жазбалар -
Надписи на скалах национального парка Имантау**



Имантау ауылының маңайы - Окрестности села Имантау



Этноауыл. Саты ауылы - Этноаул. Село Саты



Саты ауылы - Село Саты



Саты ауылының маңайы - Окрестности села Саты



Қоқыс үйіндісі, Саты ауылы - Свалка мусора, село Саты